

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАС ПРОКУРАТУРАСЫ  
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ АКАДЕМИЯСЫ**

**ТУСУПБЕКОВ АЙДОС МУРАТБАЕВИЧ**

**«ТЕРГЕУ, ЖЕДЕЛ-ТЕРГЕУ ТОБЫНЫҢ СОТҚА ДЕЙІНГІ  
ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДІ ЖҮРГІЗУІ»**

«6M030100 - Құқықтану» мамандығы бойынша

заң ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған  
магистрлік диссертация

Ғылыми жетекші:  
Арнайы заң пәндері  
кафедрасының аға оқытушысы  
заң ғылымдарының  
магистрі

М.Е. Тулеуова

Магистрант

А. Тусупбеков

Косшы, 2019

## **Қысқартылған сөздердің мағынасы:**

- 1) ҚР ҚПК - Қазақстан Республикасы Қылмыстық процестік кодексі;
- 2) ЖІҚ -жедел іздестіру қызыметі;
- 3) Тәуелсіз достастық мемлекеттер достастығы – ТМД;
- 4) Біріккен Ұлттар Ұйымы –БҰҰ;
- 5) Кезекші жедел тергеу тобы – КЖТТ;
- 6) Ішкі сітер бөлімі – ПБ;
- 7) Ұлттық қауапсіздік комитеті - ҰҚК;
- 8) Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті – ҚСЖАЕК;
- 9) Жасырын тергеу әрекеті - ЖТӘ;
- 10) Полиция кешенді күштері – ПҚК;
- 11) Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімі – СДТБТ;
- 12) Қазақстан Республикасының Бас прокуроры – Бас Прокурор;
- 13) Ішкі істер органдары– ІО.

## **МАЗМҰНЫ**

<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>4</b>
<b>1 ТЕРГЕУ, ЖЕДЕЛ-ТЕРГЕУ ТОБЫНЫҢ СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДІ ЖҮРГІЗУІ.....</b>	<b>9</b>
1.1 Тергеу жедел-тергеу тобының сотқа дейінгі тергеп тексеруді жүргізу түсінігі және оның маңыздылығы.....	9
1.2 Тәжірибеде тергеу, жедел-тергеу тобының сотқа дейінгі тергеп тексеруді жүзеге асырудағы құзырлық аясы.....	20
1.3 Тергеу жедел-тергеу тобының сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізудегі шет елдердің тәжірибесі.....	30
<b>2. ТЕРГЕУ, ЖЕДЕЛ-ТЕРГЕУ ТОБЫНЫҢ СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДІ ЖҮРГІЗУІ.....</b>	<b>41</b>
2.1 Тергеу, жедел-тергеу тобының сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу кезінде пайда болатын мәселелер.....	41
2.2. Тергеу, жедел-тергеу тобы қызметіндегі құқықтық және ұйымдастырушылық сипаттағы келелі сұрақтар.....	71
2.3 Құзырлы органдардың тергеу жедел-тергеу тобының сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу кезінде тәжірибеде жіберетін кемшіліктері және олардың алдын алудағы шаралар.....	98
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>103</b>
<b>ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМ.....</b>	<b>110</b>

## КІРІСПЕ

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Диссертациялық жұмыста Қазақстан Республикасындағы тергеу, жедел тергеу тобының түсінігі, белгілері, оның тәжірибедегі маңыздылығы, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуді жүзеге асыруы, жедел тергеу тобының қызметінде пайда болатын проблемалық мәселелер теориялық тұрғыдан кеңінен зерттелді. Зерттеудің негізгі мәселелерінің бірі ретінде, жедел тергеу топтарының басқа да құқық қорғау органдарымен өзара байланыс орнатуы және құқықтық ұйымдастырушылық сипаттағы мәселелер ауқымды түрде қарастырылды.

**Тақырыптың өзектілігі.** Ауыр және аса ауыр қылмыстырын жедел-тергеу тобы арқылы тергеу тәжірибеде жақсы нәтижелер көрсеткен. Бұл тәсіл көп жағдайда ұйымдасқан қылмыстық топпен жасалған қылмыстық істерді тергеуде кеңінен қолданылуда. Себебі, мұндай қылмыстардың жасалуы өзінің күрделілігі және процессуалдық әрекеттердің үлкен ауқымдылығымен айрықшалаанады. Сондықтан, тергеуде біріккен ұйымдастырушылық құрылымдарды қолдану қажетті және толығымен заңды жағдай. Дұрыс ұйымдастырылған іс-қимылдар мен тактикалық операциялар жекеленіп жүзеге асқанына қарағанда, оларды бір қызметке неғұрлым біріктірген жағдайда тиімділік дәрежесі жоғарылайды және топ мүшелерінің құзыреті мен мүмкіндіктері арта түседі.

Тергеушілер мен жедел іздестіру қызметкерлердің күнделікті қарапайым түрдегі өзара әрекеттесуіне қарағанда, жедел-тергеу топтары қызметінің ұйымдастырылу деңгейі әлде қайда жоғары деңгейге ие. Себебі, алғашқысында құқық қорғау органдарының қызметкерлері ұйымдастырылған тұрғыда бірікпей, әрқайсысы жеке түрде іс-қимыл жасайды да, өзара өте сирек ақылдасады.

Аталмыш топтар қызметінің ұйымдастырылуын талдау мақсатында біз жүйелі құрылымдық көзқарасқа сүйенеміз. Әрбір жүйенің жеке элементтері арасындағы өзара байланыс пен қарым-қатынас сипаты ұйымдастырушылық жүйенің құрылымын айқындайды. Ал, ұйымдастырушылық жүйелер өздерінің ішкі ұйымдастырылуымен ерекшеленеді. Осылайша, жедел-тергеу топтарының ішкі ұйымдастырылуы ұйымдастыру-басқарушылық құрылым ретінде көрініс табады.

Сондықтан, тергеу тобын ұйымдастыру кезінде басқарушылық құрылымның элементтерін, олардың өзара байланысы мінезі мен тәсілі және құрылымы айқындалуы тиіс. Бұл — тергеу, жедел-тергеу топтарының маңызы мен сипаттамасын түсінудегі негізгі мезет болып табылады.

Тергеу, жедел-тергеу саласына қатысты қылмыстық процестік заңнамада келтірілген норманың қысқалығы еріксіз назар аудартады. Атап айтқанда, процессуалдық шешім немесе тиісті қаулы тергеушімен не болмаса, тергеу тобының жетекшісімен қабылдану құзіретінің ара жігін

қылмыстық процессуалдық заң айқындамайды. Бұл сұрақ қылмыстық процесте өзекті болып табылады, өйткені әр тергеуші ауқымды күрделі қылмыстық істің белгілі бір бөлігін тергеумен айналысады. Сондай-ақ, жедел тергеу тобының қызметі жедел іздестіру және анықтау тобының қызметімен қатарлас жүргенімен, заманауи процессуалдық заңнама, ертеден қалыптасқан тәжірибесі бар жедел тергеу тобының ұйымдастырушылық нысанасына қазіргі таңда немқұрайлы қарайды. Жалпы, жедел-тергеу тобы тергеу және анықтау бөлімі арасында қарым-қатынас орнатудың тиімді нысаны болып табылатынын мойындау қажет. Дегенімен, жедел тергеу тобын құру туралы шешімді нақты қандай басшылық тарапынан шешілетіні және ондай топты құруға негіз болатын нақты критериялар мен негіздерді айқындауға байланысты заңда реттеуші нормалар жеткіліксіз. Бұл жедел тергеу тобының ұйымдастырушылыққа байланысты мәселесімен қоса, процессуалдық аспект бойынша да сұрақтар туындайды. Себебі, жедел тергеу тобын құру туралы шешімді рәсімдеу барысында жіберілген кемшіліктер осындай топен жинақталған дәлелдемелердің шынайлығына күмән туғызуға негіз болуы әбден мүмкін. Негізінен жедел тергеу тобы құқықтық нормалардан тыс толыққанды қызмет атқара алмайтыны белгілі.

**Зерттеудің объектісі.** Тергеу, жедел-тергеу тобының сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуі бойынша құқықтық қатынастары болып табылады.

**Зерттеудің пәні.** Тергеу жедел-тергеу тобының сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуіне қатысты қалыптасқан тәжірибе және осы саланы жетілдіруге байланысты қабылданған шаралар, шетел тәжірибесі, сондай-ақ, жарияланған ғылыми зерттеулер.

**Диссертациялық зерттеудің мақсаты.** Тергеу жедел-тергеу тобының сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуі мәселелріне терең талдау жасау, аталған сала бойынша тәжірибеде туындаған келелі мәселелерді шешуге қатысты ғылыми негізделген ұсыныстар беру және осы салаға қатысты заңнама нормаларын жетілдіру, жедел тергеу тобының әр түрлі аспектілеріне талдаулар жасау. Мақсатқа қол жеткізу үшін, келесідей міндеттер қойылады:

1. жедел тергеу тобының түсінігін, қалыптасу тарихын және заңдық табиғатын зерделеу;
2. жедел тергеу тобын құру негізі мен оны қолдану тәсілдерін айқындау;
3. жедел тергеу тобы қызыметіндегі проблемаларды талдау және оны шешудің жолдарын қарастыру.

**Зерттеудің методологиясы және алынған нәтижелердің шынайлығы.**

Зерттеу методологиясы келесідей ғылыми танымдар арқылы жүзеге

асырылды: формалды-догматикалық (*арнайы-құқықтық*), логикалық, тарихи-құқықтық, салыстырмалы құқықтық.

**Тақырыптың ғылыми зертеулілік деңгейі.** Қазіргі таңда, тергеу жедел-тергеу тобының сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізіуге қатысты қандайда бір жүйелі әдіс жоқ және оны тәжірибеде іске асыру механизмі толық деңгейде қалыптаспаған. Тек қана, жекелеген зертеушілердің ұстанымдары ғана бар. Аталған сала бойынша қандайда бір жан-жақты зертеулер аз деңгейде жүрізілген. Теориялық база жедел тергеу қызметі саласына қатысты Қазақстандық және Ресейлік ғалымдардың еңбектерінен құралды. Атап айтқанда, М.Ч. Қоғамов, И.И. Рогов, У.Патсаева, Е. Бекбаев, М.А. Сарсембаев, М. Сарсенбаев, М.Ю.Бекетов, Е.Алауханов, В.Н.Махов, М.А. Пешков, И.Ф. Герасимов, А. Викторов, А.А.Герасун, И.П. Можаяева, И.А. Цоколов, Н.Г.Соловьев, И.С.Улищенко, Л.С. Каплан, Н.И Кулагин, Ю.И.Миронов, Б.А. Викторов, А.Я. Дубинский, Ю.И. Шостак, Л.Я. Драпкина, А.П. Рыжаков, Г.А. Кокурин, А.Балашев, В.М.Лебедева, В.А. Дубривный, В.Н. Жогин, Ф.Н. Фаткуллин, В.М.Савицкий, С.В.Бажанов, М. Спарк, С.П. Щерба, С.С, Карнаухов С.П.Сереброва, В.Т. Томин, Н.Г. Соловьева, Н.А. Селиванов, В.В. Пушкарев, В.Н. Григорьев, Ю.В. Наумкина. Т.В. Аверьянова, А.М. Ларин, В.Коновалов Ю.В. Наумкина, П.И. Литвинцев Р.С. Белкина, И.Ф. Пантелеева и Н.А. Селиванова, Н.А. Селиванов.

**Зерттеудің нормативтік базасы.** Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу кодекстері, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының нұсқаулықтары, ҚР ПМ-нің бұйрықтары, басқада нормативті құқықтық актілер.

**Зерттеудің әдіснамалық негізі.** Жалпы ғылыми ұстанымдар және ғылыми танымның әдістерінен, әлеуметтік құқықтық процестерді және құбылыстарды диалектикалық және салыстырмалы әдістер арқылы танудан тұрады.

**Зерттеудің кезеңдері, күтілетін нәтижелер және оны тәжірибеге енгізудің болжамды бағыттары.** Зерттеудің негізгі нәтижелерін, мемлекеттік-құқықтық пәндерді оқыту барысында ұсынымдық нысанда, сондай-ақ құқық қорғау органдарының тәжірибелік қызметінде қолдану жоспарлануда.

#### **Қорғауға шығарылатын ұстанымдар:**

**1.** Тергеу тобы басшысының құзыретіне топтың жұмысын ұйымдастыру, үйлестіру, тәжірибелік көмек көрсету және заңды шешім қабылдауға мүмкіндіктер жасауды міндеттеу арқылы, заңнамамен қарастырылған тергеушінің дербес шешім қабылдау құзіретіне нұқсан келтірмеу жолдарын қарастыру керек деп есептейміз.

1) Осыған байланысты, «Қазақстан Республикасы Қылмыстық процестік кодексінің (*бұдан әрі ҚР ҚПК*) 195 бабының 1 бөлігіне келесі

өзгеріс ұсынылады: *«Топ жетекшісі өз қаулысымен қылмыстық істі өз өдірісіне қабылдайды»* деген сөйлемнен кейін *«Топ жетекшісі қылмыстық істің эпизодтары бойынша тергеуді әр тергеушіге жеке-жеке тапсырады»* деген сөйлеммен толықтырылсын.

2) ҚР ҚПК 195 бабының 2 бөлігіне келесі өзгеріс ұсынылады: *«шешімдерді»* деген сөзден кейін *«топ жетекшісінің келісімі арқылы қылмыстық істі тергейтін тергеуші қабылдайды, келісімді алмау шешімдердің орындалысын тоқтатпайды. Тергеуші немесе топ жетекшісінің әрекеттеріне байланысты прокурорға шағым келтірілуі мүмкін»* деген сөйлемдермен толықтырылсын.

2. Қалыптасқан тәжірибеге сай, жедел тергеу топтары арқылы орнатылатын өз ара қарым-қатынас нысаны өзінің өміршендігін дәлелдеген және ол алдын ала тергеу субъектісінің біріне айналған. Қылмысты тергеу барысында дәстүрлі түрде дәлелдемелер жинақтаумен қатар, жедел іздестіру қызметінің мәліметтері дәлелдеу процесінде кеңінен қолданылуда. Келекеште тергеу және жедел іздестіру қызметі бір бірімен одан әрі жақындай түсетіні сөзсіз. Алайда, аталған қарым-қатынас қазіргі таңда қылмыстық процестік заңнама тұрғысынан өз бекуін таппаған.

Сол себепті, ҚР ҚПК-нің 194 бабының 1 бөлігіне келесідей толықтырулар ұсынылады: *«анықтау органы қызметкерлері»* сөйлемінен кейін *«және жедел іздестіру қызметінің қызметкерлері»* деген сөйлеммен толықтырылсын. 2-ші сөйлемде *«анықтау органының қызметкерлері»* деген сөйлемнен кейін, *«жедел іздестіру қызметкерлері»* деген сөйлеммен толықтырылсын.

ҚР ҚПК-нің 194 бабына келесі мағынадағы 1-1 бөлігін қосу қажет деп есептейміз: *«Тергеу жедел-тергеу тобы дегеніміз нақты бір қылмыстық істі тез, жан-жақты ашу және тергеу мақсатымен, заң негізінде уақытша құрылған ұйым, ол топ бірнеше тергеушілер, анықтау органымен жедел іздестіру қызыметінің қызметкерлерінен құралады, сондай-ақ, оның ішінде бір тергеуші қылмыстық істі өз өндірісіне қабылдайды және басқа тергеушілер, анықтау органымен жедел іздестіру қызыметі қызметкерлерінің әрекеттерін басқарады».*

ҚР ҚПК-нің 194 бабы 2 бөлігіне келесідей толықтырулар ұсынылады: *«анықтау органының қызметкерлері»* сөйлемінен кейін *«жедел іздестіру қызметінің қызметкерлері»* сөйлемімен толықтырылсын. *«Мұндай шешім осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген талаптарды сақтай отырып шығарылатын бірлескен қаулымен ресімделеді»* деген сөйлеммен кейін *«Жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын қызметкерлер, жедел тергеу тобы жетекшісінің нұсқауы негізінде жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізе алады және ол тергеу әрекеттері тиісті хаттамада көрсетіледі. Жедел тергеу тобының құрамына кіретін жедел іздестіру қызметін атқаратын қызметкерлер, қылмыстық іс бойынша жедел іздестіру шараларын жедел*

*тергеу тобы басшысының келісімімен жүзеге асырады. Жедел іздестіру шараларының шешімі заңнамаға сай рәсімделеді және жедел тергеу тобының басшысына баяндалады»* редакцияда толықтырылсын.

3. Қадағалаушы прокурормен жедел тергеу тобының өз-ара қарым-қатынасын жетілдіру мақсатында, ҚР ҚПК-нің 58 бабына *«Тергеу, жедел тергеу тобымен тергелетін қылмыстық істерге қадағалау белгілі бір айқындалған прокурорлар тобымен жүргізілуі тиіс»* деген редакцияда өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі қажет деп есептейміз.

Сонымен қатар, диссертациялық жұмыс аясында екі мақала жарияланды. Аталған мақалаларда жедел тергеу тобының қылмыстық процесстегі маңыздылығы, сондай-ақ, қылмыстық процесте жедел тергеу тобының басқада құқық қорғау органдарымен байланысына қатысты мәселелер көтерілген.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Заңнама институты тарапынан ұйымдастырылған көрнекті ғалым-заңгер және Қазақстан Республикасының экс-әділет министрі Н.А.Шәйкеновті еске алуға арналған және Қазақстан Республикасы Заңнама институтының 25-жылдығына орайластырылған *«Құқықтың үстемдігін қамтамасыз ету: Жахандық өзгерістер аясындағы жаңа мүмкіндіктер»* атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция қорытындысы бойынша, *«Қылмыстық процесте жедел-тергеу тобының өзара және басқада құқық қорғау органдарымен байланысы»* тақырыбындағы мақала, 2018 жылдың 15 маусымында жарық көрді. Ал, *«Жедел-тергеу тобының қылмыстық процесстегі маңыздылығы»* атты мақала, 2018 жылдың мамыр айының 25-ші жұлдызында Еуразия ұлттық университетінде өткізілген заң ғылымдарының докторы, профессор Қуаныш Жетпісұлы Балтабаевтың 70 жылдық мерейтойына арналған *«Қылмыстық юстиция қызметінің конституциялық қағидаларын жүзеге асыру аясында заңнамаларды одан әрі дамытудың өзекті мәселелері»* атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдарында жарияланған.



# 1. ТЕРГЕУ, ЖЕДЕЛ-ТЕРГЕУ ТОБЫНЫҢ СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДІ ЖҮРГІЗУІ

## 1.1. Тергеу жедел-тергеу тобының сотқа дейінгі тергеп тексеруді жүргізу түсінігі және оның маңыздылығы

Заңнама талаптарына сай алдын-ала тергеу бір тергеушімен жүргізіледі, алайда, жекелеген бір санатқа жататын күрделі немесе ауқымды қылмыстық істерді бір ғана тергеушінің тергеуі мүмкін болмай қалатын жағдайлар тәжірибеде кездесіп жатады. Мұндайда заң, аталған санаттағы қылмыстық істерді тергеу топтары арқылы тергеуге жол береді.

Алдын-ала тергеуді қалыптастыру және тергеушінің процессуалдық әрекеттері мен шешімдеріне жауаптылықты белгілеу жолында қылмыстық процестің қағидаларының алатын орны ерекше, жалпы алдын ала тергеу барысында бұл қағидалар сақталу қажет. Сот және тергеу тәжірибесі соңғы жылдары ауқымды, күрделі және көп эпизотты қылмыстардың қоғам арасында белең алып баражатқанын көрсетеді. Осындай ауқымды жұмыстардың туындауына байланысты, тіпті тергеуші анықтау бөлімімен нақты қарым-қатынас орнатуына қарамастан алдын-ала тергеу бір ғана тергеушімен жүзеге асырылуы мүмкін емес. Сондықтан, ауқымды күрделі қылмыстарды тергеу үшін, жедел тергеу топтары құрылады. Негізінен тергеу және жедел тергеу топтарын құру тәжірибесінің үлкен үлесі ішкі істер министірлігіне қарасты, тергеу аппаратының құрылымдылық бөлімдеріне тиесілі. Тергеу топтарын құру тәртібі ҚР ҚПК-нің 194 бабы негізінде реттелген және онда ауқымды және тергелуі қиындық туындататын қылмыстық істер бойынша алдын-ала тергеу бірнеше тергеушілерге жүктелуі мүмкін екендігі және тергеушінің қылмыстық істі қозғау туралы қаулысында көрсетілетіні немесе жеке қаулы қабылданатыны аталып өткен[3]. Бұл норма тергеушінің процессуалдық әрекеттері және шешімдеріне қатысты жеке жауапкершілік мәселесіне қарама-қайшы келмейді, өйткені аталған норма қылмыстық істі басқа тергеушінің әрекеттеріне басшылық жасай алу құзіретіне ие, тергеушінің бірі өз өндірісіне қабылдайтыны айқындалған.

Заң ғылымының әдебиеттерінде тергеу топтарына қатысты нақты терминология жоқ. А.А. Герасун Д.Н. Ушаков редакциясымен жазылған орыс тілінің түсіндірме сөздігіне жүгіне отырып, «топ» ол қандайда бір ортақ жұмысты орындау мақсатында бірнеше тұлғалардың бірігуі, ал «бригада» ол белгілі бір тапсырылған жұмысты орындау жолында құрылған коллектив деп түсіндіреді[82;65]. Яғни, А.А. Герасун «тергеушілер бригадасы» деген ұғымды ресми түрде қолдануды ұсынады. Өз кезегінде Л.М. Карнеев, И.С. Галкин өз еңбектерінде «тергеушілер тобы» деген түсінікті кеңінен қолданған[81;44]. А.А. Эйсман «тергеу бригадасы» деген атаудың тәжірибе тілінен алынғанын, ал заңда «бірнеше тергеушілер тобы» деген мағынадағы сөз тіркесі кеңінен

қолданылатынын айта келе А.А. Герасунның ұсынысын қолдайтынын жеткізген[62;99]. Сондай-ақ, А.А. Эйсман «тергеу бригадасы» деген терминін тәжірибеде қолдану тиімділігін атаған, яғни ол «жедел тергеу тобы» түсінігі «жедел тергеу тобы» терминіне қарағанда тергеу әрекеттерінің нақтығырақ айқындауға мүмкіндік беретіні туралы айтылған[62;101]. Н.И. Кулагин және Ю.И. Миронов «жедел тергеу құрылым» деген терминді ұсынады [12;33].

Тергеу және жедел тергеу топтары мәселесіне арналған процессуалистер мен криминалистердің бірқатар еңбектері жарық көрген: Р.С. Белкинның, С.В. Бажановтың, Б.А. Виктораның, И.С. Галкинның еңбектерін атауға болады. Бұл еңбектерде топпен тергеу өндірісі процессуалдық субъектілерінің мәселесі дәстүрлі түрде тергеушінің жедел жұмыскерлерімен өзара қарым-қатынас аспектісінде қарастырылған. Сөз жоқ жедел тергеу тобының тергеу процесінде басқа да органдармен өзара қарым-қатынас орнатуы өте маңызды, дегенімен қарым-қатынастың мұндай түрі осы салаға қатысты қабылданған нормативтік актілер мазмұнында толықтай қамтылған.

Қазіргі таңда, заң әдебиеттерінде «тергеу топтары» немесе «тергеушілер топтары» түсініктері нақты айқындалмаған. Кейбір авторлар осыған ұқсас, «қызмет» және «тергеу тәсілі» деген сияқты түсініктер арқылы тергеу топтарына анықтама береді.

А.А. Герасунның есептеуінше, тергеушілер тобы келісілген тергеушілер қызметінен құрылады. Ол топты тергеушінің бірі басқарады және ол күрделі және ауқымды қылмыстық істі тез әрі жан-жақты толық тергелуін қамтамасыз етуімен қатар қылмыстылықтың алдын алу бағытын қамтамасыз етуі тиіс болады[43;65]. Б.А. Викторова болса, ауқымды күрделі қылмыстық істерді тергеу үшін, арнайы тергеушілерден құралған топтың тергеуді ұйымдастыру түрі деп тұжырымдайды[5;21].

Басқа да авторлар тергеу топтарының құрылымдық бөліктеріне анықтама береді: Мысалы, И.С. Улиценко қылмысты тергеуде тергеушілерді топқа ұжымдастыру тәсілі қылмыстарды тергеудегі тиімді тәсіл екенін жеткізе отырып, тәжірибеде топтық тергеу барысында, «сектор», «топты кішігірім бернеше топқа бөлу» сияқты түсініктер қалыптасқанын, яғни сол тергеушілерден құрылған топтардың бірнеше жеке эпизодтарды тәуелсіз тергеуге бағытталған кішігірім топтарға бөлінетінін айтқан[15;12]; А.Я. Дубинский және Ю.И. Шостак жедел тергеу тобы тергеушінің жедел уәкіл қызметкерлерімен өзара қарым қатынасынан тұратын шараларды ұйымдастыру нысаны деп қарастырады[16;51].

Негізінен жедел тергеу тобына алғашқы анықтамалар, ХХ ғасырдың орта кезеңінде берілген, аталған салаға қатысты «тергеу тобы», «тергеушілер тобы», «тергеушілер бригадасы» және «тергеу бригадасы» сияқты көптеген терминдер кездеседі және олардың пайда болуы мен түсінігіне байланысты бір қатар тұжырымдарда жасалған: Мысалы, И.Ф. Герасимов ең алғашқы кішігірім тергеу топтары аудандық, қалалық ішкі істер органдарының кезекші

бөлімдерінде құрылғанын, одан әрі олар тергеу-жедел немесе жедел-тергеу деп аталғанын жазған[4]; Б.А. Викторовтың пікірінше «тергеу тобы - бұл қылмыстық істі тергеу мақсатында арнайы бөлінген тергеушілерді ұйымдастырудың бір тәсілі» [5]; ал, А.А. Герасун ауқымды қиын қылмыстық істерді тез әрі жан-жақты тергеу мақсатында бірнеше тергеушілердің келісімге келу арқылы жүзеге асырылатын және бір тергеушінің осы топты басқарып, жұмысты тиімді ұйымдастырумен ұштасатын тергеушілер қызметі деп түсіндіреді [6]; сонымен қатар, И.Ф Герасимов «жедел-тергеу тобы ол, бір түбірлі істі кешенді жүзеге асыру мақсатын алға қою арқылы, өз функционалдық міндеттерін атқаратын адамдар тобының ынтымақтастығы»- деп түсіндірсе, М.Тарасов «жедел-тергеу тобы, бір қылмыстық істі тергеу барсындағы белгілі бір тергеушілер еңбегінің ынтымақтастығы»- деген тұжырым айтқан[3]; И.П. Можаяваның түсіндірмесіне сай, тергеу тобы бірнеше тергеуші қызметін ұйымдастыру нысанында көрініс табуы мүмкін. Сондай-ақ, сол тергеушілердің біреуі осы топтың басшысы бола отырып, ауқымды және күрделі болып табылатын қылмыстық істерді тез объективті жан-жақты тергеуді және қылмыстылықтың алдын алуды қамтамасыз ететіні көрсетілген[7].

Жоғарыда келтірілген ғалымдардың ғылыми тұжырымдамалық анықтамалары «тергеу тобы» түсінігінің мәнін толық ашпайды және тергеу тобын құрудың процессуалдық мінездемесіне нұсқау жасалмаған, сондай-ақ, топты басқару нысаны мен оның мақсаты айқындалмаған.

Бұл жағдайда неғұрлым толығырақ анықтаманы И.А.Цоколов ұсынады. «Нақты бір қылмыстық істі тез, жан-жақты ашу және тергеу мақсатымен, заң негізінде уақытша құрылған ұйым, ол топ бірнеше тергеушілерден тұратын, сондай-ақ оның ішінде бір тергеуші қылмыстық істі өз өндірісіне қабылдайды және басқа тергеушілер әрекеттерін басқарады»- деген анықтама берген [8].

Бұдан басқа, М.Ч. Қоғамов жедел тергеу тобына «Бірнеше ведомстволар тергеушілері немесе анықтау органы қызметкерлерінен тұратын, сондай-ақ, алдын-ала тергеу, анықтау органдарының басшылары немесе қадағалаушы прокурормен құрылатын топ» -деген түсіндірмені ұсынады[9;79].

2018 жылы Қазақстан Республикасының Президенті «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» деген атаумен Қазақстан халқына Жолдау жасағаны баршаға мәлім. Бұл жолдауда мемлекеттің даму жолына қатысты басымдықтар айқындалған [1].

Аталған басымдылықтар ішінде заң үстемдігі мәселесі де қамтылған, өйткені неғұрлым ашық және әділдік принциптері арқылы құқық қорғау қызметін ұйымдастырудың маңызы зор. Сонымен қатар, жолдауда қылмыстық процестегі азаматтардың құқықтарын қорғауға және құқық қорғау органдарының өкілеттігі мен жауапкершілік шегін нақтылауға қатысты сұрақтар да көтерілген [1]. Осыған байланысты, қазіргі таңдағы топ және ұйымдасқан топтармен жасалатын қылмыстың өсу кезеңі, алдын-ала тергеу

қызмет нысанын үнемі жетілдіруді талап етеді.

Негізінен, заң шығарушы орган «жедел» ұғымын түсіндірмейді, дегенімен, қабылданған «тергеу жедел-тергеу тобы» терминологиясы, құрылған топ тек бірыңғай тергеушілерден тұруы қажет деген ұғымды береді, яғни, жедел іздестіру қызметінің (бұдан әрі ЖІҚ) өкілдері бұл топқа кірмейді. Алайда, жедел іздестіру шаралары бойынша көмек көрсету мақсатында, топ құрамына ЖІҚ өкілдері тартылуы мүмкін.

Бір-ақ, осындай өзара қарым-қатынас орнату «жедел-тергеу тобы» деген түсінікке сай келмейді. Өйткені тергеушілер процессуальды функция атқарса, ЖІҚ өкілдері тергеу емес, жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырады.

Сондықтан, «жедел-тергеу» ұғымы ауқымды күрделі істерді қысқа мерзім аясында тергеу деген түсінік аясына саяды.

Жалпы, күрделі, ауқымды, қылмыстық істерді жедел-тергеу тобы арқылы тергеу, тиімді тәсілдердің бірі екенін көптеген жылдарғы тәжірибе дәлелдеген. Себебі, тергеу әрекеттерін жүргізетін күштерді неғұрлым біріктірген жағдайда тергеудің тиімділік дәрежесі жоғарылайды.

Негізінен бұл тәсіл келесідей жетістіктерді қамтамасыз етеді:

- тергеудің жоғары сапалылығын;
- тергеуді қысқа мерзім ішінде жүргізуді;
- тергеуді толық және жан-жақты жүргізуді;
- бірнеше тергеушінің білімін және жекелеген біліктіліктерін бірден қолдануды;
- тергеу іс-қимылдар жоспарларын толық және жан-жақты құрастыруды.

Келтірілген талқылаудың негізінде, жедел-тергеу тобының теорияда және заңнамада да өз алдына жеке субъект болып қарастырылмағанын көре аламыз.

Жалпы, жедел тергеу түсінігіне қатысты түсіндірмелер ғылыми еңбектерде жетіп артылады. Шостак және Дубинский түсіндірмелеріне сай, жедел тергеу тобы ол, бірнеше құқыққорғау органдары қызметкерлерінің өзара қатынас ұйымдастыру нысаны деп түсіндірсе [19;46], И.А.Цоколов жедел тергеу тобы—ол құқықтық актілер және заңнамаға негізделген уақытша құрылған топ деп қарастырады [8;18]. Бұл құрлымға тергеушілер, жедел іздестіру аппаратының қызметкерлері және басақада мамандар еңгізіледі. Дегенімен бірнеше басқада еңбектерде зерттеушілер жедел тергеу тобының түсінігіне уақытша деген терминді қосу артықшылық болады деген тұжырымды алға тартады. Өйткені қазіргі уақытта үнемі жүйелі түрде қызмет ететін жедел тергеу топтары жұмыс жасайтыны белгілі. Ал, И. А. Цоколов жүйелі құрылымдардың қызметі тәжірибеде тиімсіз өйткені, криминогендік жағдайдың тұрақталуына байланысты жедел тергеу тобының жүйелі қызметіне қажеттіліктің болмауы, құқық қорғау органдарының құрылымында өзгерістердің орын алуы сияқты факторлар топтың жүйелі қызмет түрін бәсеңдетеді деген ойды айтады [8;31]. Негізінен жедел тергеу топтары,

қылмыс туралы келіп түскен хабарламалар бойынша жедел түрде процессуалдық әрекеттер қабылдаумен ерекшеленеді. Оның мақсатына «ізін суытпай» жедел әрекеттер және іздестіру шараларын ұйымдастыру кіреді. Қажеттілік туындаған жағдайда басқада бөлімдердің өкілдері жедел тергеу тобының құрамына еңгізіледі. Жалпы, жедел тергеу топтарының құрамы әртүрлі құрылым қызметкерлерінен құралады. Мұндай, тергеу топтардың әрекеттері қылмыстық әрекет жасаған тұлғаларды анықтау және қылмыстарды ашуға бағыталады. Жедел тергеу топтары көп жағдайда ауыр санаттағы қылмыстарды тергеумен айналысады, мысалы, террористік актілерге қатысты, сыбайлас жемқорлық бағытындағы, азаматтардың немесе жас өспірімдердің өмірімен бостандығына қарсы, сондай-ақ, басқада аса ауыр қылмыстарды жатқызуға болады. Жедел-тергеу топтары тергеу процесінің алғашқы этаптарында барлық мән-жайларды анықтауы өте маңызды. Өйткені алғашқы кезеңде қысқа мерзім ішінде көптеген тергеу әрекеттерін жасау қажеттілігі туындайды.

Жедел тергеу тобы жедел шараларды ұйымдастыру барысында дәлелдемелерді жинақтайды, «ізін суытпай» кінәлі тұлғаның жеке басын анықтайды. Негізінен жедел тергеу топтары аса ауыр қылмыстар, оның ішінде террористік актілерге байланысты немесе қоғамдық резонанс туындатқан қылмыстарды тергеумен айналысады, яғни жедел тергеу топтары көп эпизотты және көп кінәлі тұлғалар қатысатын қылмыстарды ашу мақсатында қызмет атқарады.

Жедел тергеу тобы қылмыстық әрекеттер іздерінің алынуын және заңбұзушыны ұстау сияқты жедел тергеу әрекеттерін жүзеге асырады, тергеушілердің қызметтік міндеттерін жетік меңгеруі және бастама көтеруі жедел тергеу әрекеттерінің тиімділігіне оң әсерін тигізеді. Қылмысты сәтті ашудың ең тиімді жолдарының бірі болып, оқиға орынына уақытылы жету және оқиға аумағын сапалы қарау болып қала бермек. Осындай іс шараларды жүзеге асыру барысында жедел тергеу тобы орын алған оқиға және болжамалы кінәлі тұлға туралы ақпарат жинастырады. Оқиға орынын қарау барысында алынған ақпаратты тиімді қолдана білу, көп жағдайда қылмыскердің жеке басын анықтауға мүмкіндіктер туындатады. Оқиға орынын қарауға күдікті немесе айыпталушы тартылған жағдайларда олармен бірге аталған шараға қорғаушы да қатысады, сондай-ақ, қажет болған жағдайда шараға аудармашы да қатыстырылады. Олардың қатысуы ҚР ҚПК-нің 59 бабында көрсетілген. Сонымен қатар, оқиға орынын қарауға көмекші қызметкерлер қатысады. Оларға жедел тергеу топтарына техникалық көмек көрсету міндеті жүктелген, яғни белгілі бір заттарды қазып алу, үйінділерді тазалау, оқиға орынын күзету және басқада міндеттер жүктеледі. Оқиға орынын тергеу топтары қарау барысында, оған айыпталушы, күдікті, куәлар және жәбірленуші қатыса алады. Бұл субъектілер оқиға туралы ақпаратқа ие болғандықтан оқиға орынын қарауға қатысқандары тергеу шараларына өз пайдасын тигізеді.

Кей кездерде оқиға орынынан алынған ақпараттар арқылы қылмыстар ізі суытылмай ашылып жатады. Тәжірибеде, құқыққорғау органдарында көптеген әр түрлі қылмыстардың ашылатыны белгілі. Оның ішінде өткен жылдар еншісіндегі қылмыстарда болады. Ондай қылмыстардың оқиғасын анықтау үшін кей жағдайларда жедел тергеу топтары құрылады. Осындай топтардың қызметкерлері қиын қылымыстық істерді тергеумен айналысады. Осыған байланысты олардың кәсіби шеберлігіне аса үлкен талап қойылады. Жедел тергеу тобының басшысы жүргізілген шаралар нәтижесіне жеке жауап береді. Ол процессуалдық шешімдер қабылдауға және қандайда бір тергеу шараларын ұйымдастыруға құқылы. Қызметкерлер арасындағы басты өзара қатынас мақсаттарына келесілерді жатқызуға болады:

-кінәлі тұлғаларды дер кезінде анықтау және оларды жауапкершілікке тарту;

-қылмыстық әрекеттерді ашу;

-қылмысты объективті, жан –жақты тергеу;

-тергеуден жасырынып жүрген тұлғаларды анықтау;

-заңсыз әрекеттерді анықтау, оның жолын кесу және алдын алу;

-жеке меншік нысанына қарамастан, мекемелермен келтірілген материалдық шығындардың орынын толтыру[20;71].

Қазіргі қолданыстағы ҚР ҚПК жедел тергеу топтарының қылмыстық істі жедел толық тергеу жағдайларын қарастырмайды. Қылмыстық істі тергеу барысында жан-жақтылықпен толықтылықты қамтамасыз етпестен жедел тергеу топтары тиімді және мақсатты түрде өз қызметін атқара алмайды.

Тергеу топтарын құрудағы негізгі қағидаларға мыналарды жатқызуға болады:

-топтың уақытылы құрылуы;

-топты құрудағы ведомствоаралық ерекшеліктер;

-шараларға қатысушыларға мақсатты түрде тапсырмалар беріп, міндеттерін нақты анықтау;

-қылмысты сауатты ашуды ұйымдастыру ғана емес, сондай-ақ қылмыстың алдын алу [20;96].

Қылмысты сапалы әрі тез ашуға бағытталған шаралар кезінде жедел тергеу тобы қызметінің жоғары деңгейде ұйымдастырылуы үлкен мәнге ие. Ерекше санатқа жататын қылмыстарды тергеу барысында әр түрлі ведомстволық құрылымдардың жоспар арқылы қалыптасқан өзара сапалы байланысы және сауатты тергеу қысқа мерзім ішінде жедел тапсырмалар мен дәлелдемелік базаны жинақтауға мүмкіндік туындатады. Көптеген жылдар өткен қылмыстар бойынша тергеу жүргізу, жедел тергеу тобының жұмысында үлкен маңызға ие. Барлық процессуалдық шараларға мамандар, яғни кинологтар, эксперттер тартылады. Жедел тергеу тобының оқиға орынына кешеуілдетпей тез баруы қылмыстық әрекеттердің іздерін анықтауға зор мүмкіндік береді, ал кей жағдайларда қылмыскердің ізін суытпай ұстауға жол

ашады.

Аса ауыр және күрделі қылмыстарды жедел ашу мен тиісті тергеудің негізгі талаптарының бірі ол, тергеу субъектілерінің құқық қорғау органдарымен өзара қарым-қатынас орнатуы болып табылады. Алдын ала тергеудің негізгі мақсаты қылмысты ашу, яғни құқыққорғау органдары арасында тиісті өз ара қарым қатынас орнамай қылмыстарды тәжірибеде өз деңгейінде тергеуге еш мүмкіндік болмайды.

Мұндай қарым-қатынас, тергеушілермен анықтау органдарының арасындағы келісілген тергеу әрекеттерінен бастау алады және оның орындалуы әр түрлі нысандарға ие.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесстік заңнамасында жедел тергеу тобын құру жағдайлары қарастырылмаған, яғни ҚР ҚПК-нің 194 бабында қылмыстық істер аса ауыр немесе күрделі болған жағдайда алдын ала тергеу тобымен жүргізілетіні ғана айқындалған, ал 194 бабының 3 бөлігінде тергеу топтарының жұмысына «жедел іздестіру қызметін атқаратын лауазым тұлғалары тартылатыны» көрсетілген.

Заң әдебиеттерінде «тергеу топтары», «күрделі және ауқымды қылмыстық істер» түсінігіне жеткілікті деңгейде түсіндірмелер берілген. Сондай-ақ, ғылыми және арнайы әдебиеттерде ғалымдар «жедел тергеу топтарының» және «көп эпизот» түсініктеріне анықтамалар береді.

Алдын ала тергеу және анықтау органдарының құрылымдарын ұйымдастыру мен өзара қарым-қатынас орнату сұрақтарына да қатысты белгілі ғалымдар мен криминалистердің еңбектері жеткілікті. Дегенімен, заманауи кезеңде, қылмыстылықпен күресуге арналған дәстүрлі процессуалдық нысан көп жағдайда өз тиімділігін көрсете алмауы мүмкін. Ұйымдасқан топпен немесе қылмыстық ұйыммен жүзеге асырылатын қылмыстар, өз кезегінде жақсы жоспарланған іс әрекет және қылмысқа ұқыпты дайындалған орындаушылар арқылы жасалады, сондай-ақ, қылмысты жасаушы тұлғалар алдын ала тергеуге және сот отырыстарына үнемі кері әсер етуге кедергі келтіруге тырысады. Олар жалған алиби жасайды, дәлелдемелерді жояды, ұрланған заттың тарату орындарын және қылмысқа қатысушыларды жасырады, сотқа алдын ала сатып алынған жалған куәгерлерді тартады куәгерлер мен жәбірленушілерді қорқыту арқылы оларға қысымшылық көрсетеді. Алдын ала тергеу әрекеттері басталғаннан, сот отырысы аяқталғанға дейінгі тергеушінің әрекеттері тиімді болуы тек, алдын-ала іздестіру қызметінің күші мен әдіс тәсілдерін қолдануға байланысты болады және ол арқылы үнемі жедел бақылауды қажет ететін қызмет. Жалпы жедел-іздестіру қызметі, қылмыстық қудалау барысында жедел тергеу тобына қылмысты ашу және қылмыс белгілерін құжаттандыру бағытында үлкен мүмкіндіктер туындатады. Ю.В. Бескровный пайымдауынша, «тергеу тобы, тергеу жедел тергеу тобының қызметі елеулі айырмашылықта болады» [72;15]. ҚР ҚПК-нің 194 бабы бойынша, яғни тергеу тобы тергеу органының басшысымен

құрылады және ол топ тек тергеушілерден тұрады[3]. Бұл дегеніміз тергеушілер және тергеушілер тобының өзара қарым-қатынас нысаны. Дегенімен, ҚР ҚПК-нің 194 бабының 3 тармағы бойынша тергеу тобының басшысы жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың лауазымды тұлғаларын тергеу тобының қызметіне тарта алады [3]. Мұндай қызмет тек, ҚР ҚПК 34 бабының талаптары сақтала отырып жүргізіледі, яғни тергеуші өз құзыреті шегінде анықтау органына аталған кодекс талаптарына сай, орындауға міндетті болып табылатын жазбаша жедел іздестіру, жекелей тергеу әрекеттерін жүзеге асыру, күдіктіні ұстау туралы қаулыны орындау, жеткізу, қамаққа алу және басқада процессуалдық әрекеттер жүргізу туралы тапсырмалар береді [3].

Алайда, ҚР ҚПК-нің 34 бабына сай, тергеу тобының басшысының анықтау органмен жүргізетін қарым-қатынасы бір реттік сипатқа ие. Алдын ала тергеу амалдарын тергеу тобының басшысы нақты айқын қылмыстар бойынша жүзеге асырады. Үлкен көдемді тергеу және басқада процессуалдық амалдарды өткізу қажеттілігі туындаған кезде немесе территорияның ауқымына байланысты тергеу амалдарын жүргізу қиындыққа соқан жағдайда, мысалы, тінтіу жүргізу бір мезгілде қаланың әртүрлі аудандарда немесе әкімшілік аудандарда немесе қылмыс болған жерді қарау оны анықтау шаралары ауқымды процессуалдық әрекеттерді қажет ететін болса, яғни оқиға орынын қарау сот сараптама тағайындау қаулысын қабылдаумен немесе процессуалдық шешімдер қабылдаумен ұштасқан жағдайда тергеу топтары құрылады.

ҚР ҚПК-нің 34,194 баптарына жүгінсек тергеу тобының басшысы алдын ала тергеу жүргізу барысында қандайда бір нақты қылмыстық іс бойынша өзара қарым қатынасты ұйымдастыру мақсатында жедел іздестіру топтарын құру туралы нұсқау беруге құзырлы емес. Сонымен қатар, қылмыстық процессуалдық заң жедел тергеу тобының басшысын және тергеушіні анықтау органына немесе жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын лауазым иесіне жазбаша нұсқаулар жолдаулар арқылы бір реттік шараларды ғана қамтамасыз етеді, яғни аталған органдарда жедел тергеу тобы жүйелі түрде қызмет атқара алмайды.

Қазақстан Республикасының Конституциясымен бекітілген мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы — адам, адамның өмірі оның құқықтары мен бостандықтары болып табылады.

Осы міндеттерге сай, қылмыстарды ашу мен тергеу үдерісінде жедел-тергеу тобының өзара және басқада құқық қорғау органдармен байланысының маңызы зор.

Жалпы, күрделі, ауқымды, қылмыстық істерді жедел-тергеу тобы арқылы тергеу, тиімді тәсілдердің бірі екенін көптеген жылдарғы тәжірибе дәлелдеген. Себебі, тергеу әрекеттерін жүргізетін күштерді неғұрлым біріктірген жағдайда тергеудің тиімділік дәрежесі жоғарылайды.



Негізінен бұл тәсіл келесідей жетістіктерді қамтамасыз етеді:

-тергеудің жоғары сапалылығын;

-тергеуді қысқа мерзім ішінде жүргізуді;

-тергеуді толық және жан-жақты жүргізуді;

-бірнеше тергеушінің білімін және жекелеген біліктіліктерін бірден қолдануды;

- тергеу іс-қимылдар жоспарларын толық және жан-жақты құрастыруды.

Жедел-тергеу топтары қызметінің ұйымдастырылуы тиісті қажеттіліктен туындайды, өйткені ішкі істер органдарының қызметкерлері ұйымдастырылған тұрғыда бірікпеуінің нәтижесінде, олардың әрқайсысы жеке түрде іс-қимыл жасайды, нәтижесінде қылмыстық істің тергелу процесіне кері әсер берілуі мүмкін.

Сондықтанда, жедел-тергеу тобының біріккен немесе келісілген қызметінде жаңа ұйымдастырушылық құрылымдарды қолдану қажеттілігі туындайды. Тергеу субъектісінің басқада құқыққорғау органдарымен өзара тығыз байланыс орнатуы, ауыр және аса ауыр қылмыстарды жедел ашудың және оның сапалы тергелуінің басты шарттарының бірі болып табылады. Себебі дұрыс ұйымдастырылған іс-қимылдар мен тактикалық операцияларды бір қызметке неғұрлым біріктірген жағдайда тергеудің тиімділік дәрежесі жоғарылайды, сондай-ақ, топ мүшелерінің құзыреті мен мүмкіндіктері артады. Тиімді өзара байланыс орнатпай, қылмыстық істерді тергеу мүмкін болмайды, осындай қарым-қатынас тергеушінің және анықтау органының қылмыстық іс бойынша өзара келісілген әрекеттерінен құралады.

Қылмыстық құқықтық заңнамаларында жедел-тергеу тобының тергеушісінің басқада құқық қорғау органдары арасындағы өзара қарым-қатынас нысандары жеткілікті деңгейде айқындалған. Дегенімен аталған өзара қарым-қатынастарды жалпылама процессуалды және процессуалды емес (ұйымдастырушылық) деп, екіге бөліп қарастыруға болады.

Процессуалдық қарым-қатынас, тікелей ҚР ҚПК арқылы реттеледі, яғни жедел-тергеу тобы тергеушілерінің қылмыстық іс бойынша жүргізетін әрекеттерін айтамыз. Сондай-ақ, күрделі және ауқымды қылмыстарды ашу және оларды тиімді тергеу үшін, процессуалды емес қарым-қатынас нысаны да қолданылады, оларға, ведомствалық және ведомство аралық нормативтік актілерді, сондай-ақ, қарым-қатынастың ұйымдастырушылық нысанына тергеу және жедел-тергеу топтары арасындағы ақпарат алмасу, тергеу әрекеттерін және жедел іздестіру шараларын бірлесіп жоспарлау және жедел іздестіру шаралар нәтижелерімен тергеушіні таныстыру сыяқты шараларды жатқызуға болады. Жалпы, жедел-тергеу топтарының басқада құқық қорғау органдарымен дұрыс деңгейде қарым-қатынас орнатуы қылмыстық істердің сапалы тергелуіне өз әсерін тигізетіні сөзсіз.

Тығыз қарым-қатынас орнату жедел-тергеу топтарына келесідей ұтымды мүмкіндіктер береді:

-ұйымдастырушылық салада жедел шешімдер қабылдауға;  
-жедел бөлім қызметкерлерінің және тергеушілердің күштерін комплексті пайдалануға;

-іздестіру, тергеу және басқада әрекеттер жүргізуге тиімді жағдайлар туғызуға;

-көп эпизодты көптеген күдіктілері бар қылмыстық істер бойынша тергеу жоспарын сапалы құруға және тағы басқа.

Алайда, қылмыстық заңнама жедел-тергеу тобының басқада құқық қорғау органдарымен байланысына қатысты мәселені ашпайды, тек, ҚР ҚПК-де тергеу тобы деген түсінікке жақын келетін түсінік қана бар.

Атап айтқанда, ҚР ҚПК-нің 194 бабының 1-ші бөлігінде, іс бойынша сотқа дейінгі тергеп тексеру ол күрделі немесе үлкен көлемді болған жағдайда тергеушілер және анықтау органының қызметкерлері тобына (тергеу, жедел-тергеу тобына) тапсырылуы мүмкін, бұл туралы шешімді тергеу бөлімінің немесе анықтау бөлімінің немесе анықтау органының бастығы қабылдауға құқылы екендігі көрсетілген [3]. Көрсетілген бап тергеу тобы құрамын жасақтау тәртібін және оның басшыларымен мүшелерінің құзыретін айқындайды. Жалпы, тергеу және жедел-тергеу топтарының өзара әрекеттестік нысанын тәжірибеде жетілдіру арқылы бір қатар оңтайлы нәтижелерге қол жеткіземіз.

Атап айтқанда, келесілген жоспарларды бірігіп және жан-жақты өңдеу мүмкіндігі болады, тергеудің топтық әдісінің барлық тиімді жақтары жоғары деңгейде қолданыла бастайды, өзара әрекеттесуші қызметкерлердің құрамы реттеледі және қызметкерлердің жауапты көзқарасы қалыптасады.

Жедел тергеу тобы тергеушісінің басқа құқық қорғау органдарымен қарым-қатынасының негізгі құқықтық нысаны болып, ең алдымен ҚР ҚПК болып табылды, онда тергеуші қызметінің мәні, қылмыстарды тергеуге құзіреті бар тұлғаның процессуалдық тәуелсіз болуымен ашылады. Мысалы, ҚР ҚПК-нің 60-шы бабының 9-шы тармағына сай, тергеушінің өзі тергеп-тексеретін істер бойынша анықтау органдарының тергеп-тексеріліп жатқан іске қатысты жедел есепке алу істерімен және жасырын тергеу әрекеттерінің материалдарымен танысуға, оларды осы кодесте белгіленген тәртіппен осы іске қосып тігу үшін талап етіп алдыруға, анықтау органдарына орындау үшін міндетті іздестіру, тергеу және жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу туралы тапсырмалар мен нұсқаулар беруге және олардан тергеу әрекеттерін жүргізуге жәрдемдесуді талап етуге құқығы бар [3]. Процессуалдық қарым-қатынастың нысаны тергеу тобындағы тергеуші қызметінен айқын көрініс табады.

Сонымен қатар, аса ауыр және күрделі қылмыстарды тергеу барысында келесідей қарым қатынас нысандары жүзеге асырылуы мүмкін:

-нақты қандайда бір қылмыстарды тергеу үшін жедел тергеу тобы құрылады;

-Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің талаптарына сай,

тергеу тобының қызметіне жедел бөлімдерінің қызметкерлері тартылады.

Бұдан басқа, қарым-қатынасты ұйымдастыру нысандарының қатарына, тергеу және жедел тергеу топтарының арасындағы ақпарат алмасуды, тергеу әрекеттерін және жедел іздестіру шараларын бірігіп жоспарлауды жатқызуға болады. Жедел тергеу тобының басқа органдармен сапалы қарым-қатынасы орнатуы қылмыстық істі тергеу барысында тиімді нәтижелерге қол жеткізуге бірден бір себеп. Тергеу іс-қимылдары мен жедел-іздестіру іс-шараларын бірігіп (келісіп) жоспарлау үдерісі топ мүшелерінің тиімді іс-әрекеттеріне әсер етеді, олардың жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, процессуалды құралдар мен жедел-іздестіру шараларының мүмкіндіктерін неғұрлым толық және нәтижелі қолдануға жол ашады.

Қылмыстардың тез ашылуы жедел-тергеу топтары қызметінің басқа құқық қорғау органымен тығыз қарым-қатынас орнатып, тергеудің жалпы жоспарын құруға байланысты болмақ.

В.А.Образцов құқық қорғау органдарын қандай да міндеттерді бірігіп шешу мақсатында біріктіру — толығымен заңды құбылыс деп атаса, И.Ф. Герасимовтың да ғылыми пікірі осы тұжырымға сай келеді [86;19].

Қандайда бір қылмыстық істі тергеуге арнайы бөлінген жедел қызметкерлер арқылы жүргізілетін қызметтер бойынша, жедел тергеу тобының басқа органдармен қарым-қатынас орнату нысанын көре аламыз. Сондай-ақ, тергеу тобының басшысы арқылы жолданатын сұраныстар және тапсырмалар арқылы да басқа органдармен бір реттік қарым-қатынастар орнатылуы мүмкін. М.М.Шамсутдинов келесідей қарым-қатынастар түрлерін ұсынады: бір реттік тапсырмалар бойынша орнайтын қарым-қатынас, мерзімді қарым-қатынас және жүйелі қарым-қатынас деп бөліп қарастырады [90;64].

Ирархиялық дәрежесіне байланысты В. Коновалов тергеу топтары аудандық, қалалық, облыстық және аумақтық деңгейге байланысты өзара қарым қатынас орантады деп қарастырса, М.М.Шамсутдинов болса тергеу тобының үшфазалық жүйесін қолдайды, яғни, аудандық, республикалық және федеральдық деңгейде өзара қарым-қатынастар орнайды деген [90;78]. Сонымен жедел тергеу тобының өзіндік қалыптасу тарихы айқындалған және тәжірибеде өз маңыздылығын дәлелдеген институттың бірі болып табылатындығын көреміз.

## **1.2 Тәжірибеде тергеу, жедел-тергеу тобының сотқа дейінгі тергеп тексеруді жүзеге асырудағы құзырлық аясы**

Қылмыстарды топтық тәсілмен тергеуді айтпас бұрын жалпы оның екі негізгі нысанын ажыратып алған жөн. Біріншісі процессуалдық нысан болса, екіншісі ведомствалық нысан. Бұл нысандар қылмыстық процессуалдық заңнамада көрініс табады. Дегенімен, аталған екі нысанда өзара бірге не болмаса жеке дара да әрекет ете алады. Осы нысандарды кезектілікпен

қарастырып көрелік.

Тергеушілер тобымен қылмыстарды тергеудің–бірінші нысаны.

Қылмыстарды тергеушілер тобымен тергеу сұрағы ҚР ҚПК-нің 194 бабында өзінің заңды бекуін тапқан, яғни «Іс бойынша сотқа дейінгі тергеп тексеру ол күрделі немесе үлкен көлемді болған жағдайда тергеушілер және анықтау органының қызметкерлері тобына (тергеу, жедел-тергеу тобына) тапсырылуы мүмкін, бұл туралы қаулы шығаралады. Бұл туралы шешімді тергеу бөлімінің немесе анықтау органының бастығы қабылдауға құқылы. Қаулыда тергеп-тексеру жүргізу тапсырылған барлық тергеушілер, анықтау органының қызметкерлері, оның ішінде топ жетекшісі-тергеуші көрсетілуге тиіс. Күдікті, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері тергеушілер анықтау органының қызметкерлері тобының тергеп тексеретіні туралы қаулымен танысуға тиіс және оларға осы топ жетекшісіне, сондай-ақ, топ құрамындағы кез келген тергеушіге, анықтау органының қызметкеріне қарсылық білдіру құқығы түсіндіріледі» [3]. Бұл нормада, қылмысты тергеушілер тобымен басқару туралы шешімді қабылдау құзыреті тергеу бөлімінің немесе анықтау органының бастығына берілгені айтылады. Бұл ретте заң шығарушы орган «тергеу бөлімінің бастығы» деген түсінікке ҚР ҚПК-нің 59 бабы келесідей анықтама береді: «тергеу бөлімінің бастығы өз қаулысымен істі өзінің іс жүргізуіне қабылдауға және бұл ретте тергеушінің өкілеттіктерін пайдалана отырып, тергеп-тексеруді жеке өзі жүргізуге құқылы» [3].

СССР-дің оның ішінде Қазақ ССР мелекетінің қылмыстық іс жүргізу тәжірибесінде тергеушілер тобымен қылмыстарды тергеу әдісі кеңінен қоланғанымен, 1950 жылға дейін, бұл түсініктің қандайда бір нормативтік базасы болмаған [71;106]. Тергеушілер тобы арқылы қылмыстарды тергеу мәселесі, СССР Бас Прокурорының «Қылмыстық істерді тергеу барысында орын алатын созбалаңдылық деректерін жою» туралы 19 наурыз 1952 жылғы №63 санды бұйрығында ресми түрде алғаш рет өз бастауын алған [66;14]. Ол бұйрықта қылмыстық істерді тергеудің мерзімдерін қысқарту, қылмыстық істер бойынша жан-жақты толық тергеу жүргізу мақсатында, тергеуді бірнеше тергеушілер күшін біріктере отырып жүргізу ұсынылған. Одан әрі, бұл норма 1960 жылы КСРО-ның жандан қабылданған қылмыстық процессуалдық Кодексінде толықтай заңды тұрғыдан өз бекуін тапқан [79;65].

Күрделі және аса ауыр қылмыстарды тергеушілер тобымен тергеу мәселесі заңнамалық тұрғыдан бекітілуі, оның ішінде топ ішінен тергеушінің бірі қылмыстық істі өз өндірісіне қабылдау арқылы топ құрамындағы басқа тергеушілердің іс-әрекеттерін басқару тәсілін қолдану нәтижесінде тергеушінің өз өндірісіндегі қылмыстық іс бойынша анықтау органдарына тергеу әрекетерін және іздестіру шараларын атқару туралы тапсырмалар мен нұсқаулар беру құзыреті пайда болған. Мұндай құқықтардың жүйелі түрде әрекет етуі, осы салада ведомствалық нормашығармашылықтың дамуына

бастау болған.

КСРО-ның Ішкі Істер Министірлігінің 20.02.1979 жылғы №64 санды бұйрығымен қабылданған «Қылмыстық істі қозғау және тергеу барысында тергеушілер, жедел уәкілдер және кезекші бөлімдердің өз-ара ынтымақтастық орнатуы туралы» Нұсқаулық, тергеу және жедел іздестіру құрылымдарының өз-ара қарым-қатынасын одан әрі нығая түсуіне негіз болған, оның мазмұнында тергеуші және жедел уәкілдің құзыреттілігі баяндалған. Нұсқаулық ішкі істер органдарының қызметкерлерін қылмыстылықпен күресу барысында тиімді және мақсатты түрде әрекет етуге бағытталған.

Аталған бұйрық ведомствалық құқықтық акт ретінде, қылмыстық істерді тергеу барысында тергеушінің жедел уәкілмен, қарым-қатынасының, сондай-ақ, жалпы Ішкі Істер Министірлігінің жүйесінде өз-ара ынтымақтастықтың даму жолына өзінің үлкен үлесін қосқан. Өйткені ол, ең алғаш рет:

-алдын-ала тергеу және жедел қызмет органдарының күштерімен мүмкіндіктерін комплексті түрде қолдану түсінігін енгізген;

-қылмыстық істі қозғау сатысында және оны тергеу процесіндегі оқиға орынын қарауға байланысты тергеушінің ұйымдастырушылық рөлін айқындаған;

-алғаш рет жедел қызмет уәкілдерін материалдарды, оның ішінде жедел тексеру сатысының жүзеге асырылуы кезеңінде тергеушіге табыстауды міндеттеді;

-тергеушіге қылмыстық іс қозғамастан материалдарды қайта тексеруге қайтарып беру құқығын берді, (бұл әдіс негізінен экономикалық бағыт бойынша қылмыстық іс қозғау және оны тергеуде өте маңызды);

-жедел тергеу тобын бір тергеушінің басақаруы, тергеу органының жедел қызметкерлермен тергеушінің тергеу және жедел-іздестіру шараларын жоспарлау сияқты ұйымдастырушылық нысандағы түсініктерді тәжірибеге енгізді.

-жедел тергеу тобының басшысы тек өзі ғана жедел материалдарымен танысып қана қоймай, жедел тергеу топтарының басқада мүшелерін онымен таныстыру құқығына ие болған.

-жедел тергеу тобының жетекшісіне тергеушілер мен жедел қызметкерлерінің әрекетін ұйымдастыру, жиналыстар өткізу, жедел іздестіру шараларының нәтижелеріне қатысты процессуалдық құжаттарды және ақпараттарды жүйелендіру сияқты міндеттерін жүктеген [45;28].

Одан кейін, СССР-дің Ішкі Істер Министірінің 1989 жылғы №116 бұйрығымен «Ішкі істер органдары тергеу апараттарының жедел және криминалистикалық қызметтермен өз ара байланыс орнату туралы» Ереже қабылданған [44;61].

Аталған ереженің мазмұны келесідей мәселелерді көтерген:

-қылмыстық істі өз өндірісіне қабылдаған тергеуші жедел тергеу тобының жетекшісі болып табылады.

-жедел тергеу тобының құрамына кірген тергеушілер, топ жетекшісіне тікелей бағынады;

-жедел тергеу тобы неғұрлым жоғары квалификациялы тергеушілерден және қылмыстық іздестіру қызметкерлерінен құралады;

-жедел тергеу тобының жетекшісі желдел іздестіру жұмыстарын тез әрі сапалы жүзеге асыруды, тергеу тобы тергеушісінің тапсырмаларының орындалуын қамтамасыз ету жағдайларын қарастырған.

Бұл ереже «мамандандырылған жедел тергеу топтары» «үнемі қызмет атқаратын жедел тергеу топтары, сондай-ақ, «салааралық» немесе «бірлесу» деген түсініктер мазмұнын жақын ашуға бастама болған.

Қазақстан Республикасының Конституциясымен бекітілген мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы — адамды, адамның өмірін және құқықтары мен бостандықтарын сақтау барысында Ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдары туралы» Заңымен реттелген міндеттерге сәйкес қызмет етеді .

Аталмыш міндеттерге сай, қылмыстарды ашу мен тергеу үдерісінде тергеу органдары мен криминалды полиция аппараттарының өзара әрекеттестігін ұйымдастыру нысандарының даму сатылары эволюциялық сипатқа ие.

Жаңа нысандардың пайда болуы, тәртіпке сай, сол уақыттағы белгілі бұрынғыларын жоққа шығармайды, керісінше, олардың қатарына қосылып, ары қарай жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Негізінде, тергеу бөліністері мен криминалды полиция аппараттарының қылмыстарды ашу және тергеу үдерісіндегі біріккен немесе келісілген қызметінде жаңа ұйымдастырушылық құрылымдарды қолдану — қажетті және толығымен заңды жағдай. Себебі дұрыс ұйымдастырылған іс-қимылдар мен тактикалық операциялар жекеленіп жүзеге асқанына қарағанда, оларды бір қызметке неғұрлым біріктірген жағдайда тиімділік дәрежесі жоғарылайды және топ мүшелерінің құзыреті мен мүмкіндіктері арта түседі.

Қазіргі уақытта жедел-тергеу топтары түсінігінің қашан пайда болғанын, оны жеке ғалымдар мен тәжірибелік қызметкерлер қалай түсіне білгенін анықтау қиынға түседі. И.Ф. Герасимовтың еңбектеріне сүйенсек, ұқсас топтар ең алғашында аудандық, қалалық ішкі істер органдарының кезекші бөлімдерінде нақты қылмыстарды ашу мен тергеу мақсатында құрыла бастаған. Қылмыстарды ашу мен тергеу мақсатында құрылған топтар тергеу-жедел немесе жедел-тергеу деп атала бастаған. Бұл еңбектерді түбегейлі зерттей келе, қолданыла бастаған атаулардың, негізінде, олардың мән, мақсатын және құрамын айқын көрсете білгенін байқауға болады.

Ұсынылған өзара әрекеттестік нысанын тәжірибеге енгізу көптеген оңтайлы нәтижелерге жеткізген:

Біріншіден, әр түрлі саладағы өзара әрекеттесуші қызметкерлердің құрамы реттеле түскен.

Екіншіден, жедел-ізвестіру іс-шаралары мен тергеу іс-қимылдарының өзара келесілген жоспарларын бірігіп және жан-жақты өңдеу мүмкіндігі пайда болған.

Үшіншіден, әр түрлі жазбаша тапсырмаларды құжаттауға деген жауапты да сапалы көзқарас қалыптасқан.

Төртіншіден, тергеудің топтық әдісінің барлық тиімді жақтары жоғары деңгейде қолданыла бастаған. Бұл мәселелерді А.Р.Ратинов қажетті деңгейде қарастыра білген [78;109]. В.А.Образцов құқық қорғау органдарының әр түрлі қызметтері мен бөліністерінің талпыныстарын және мүмкіндіктерін қандай да міндеттерді бірігіп шешу мақсатында біріктіру — толығымен заңды және тиімді жаратылыс екеніне тоқталған. Ғалым-криминалист В.Г.Сидоровтың да ғылыми нақтыланған пікірлері осы мағынада толысады [95;65].

Соңғы жылдар тәжірибесі қылмыстардың көптеген түрлерін ашу мен тергеу барысындағы жедел-тергеу топтарының тиімділігін, маңыздылығын және әмбебаптығын көрсеткен.

Тергеушілер мен жедел ізвестіру қызметкерлердің күнделікті қарапайым түрдегі өзара әрекеттесуіне қарағанда, жедел-тергеу топтары қызметінің ұйымдастырылу деңгейі әлде қайда жоғары деңгейге ие, себебі алғашқысында ішкі істер органдарының қызметкерлері ұйымдастырылған тұрғыда бірікпей, әрқайсысы жеке түрде іс-қимыл жасайды да, өзара өте сирек ақылдасады.

Аталмыш топтар қызметінің ұйымдастырылуын талдау мақсатында біз жүйелі құрылымдық көзқарасқа сүйенеміз. Әрбір жүйенің жеке элементтері арасындағы өзара байланыс пен қарым-қатынас сипаты ұйымдастырушылық жүйенің құрылымын айқындайды. Ал, ұйымдастырушылық жүйелер өздерінің ішкі ұйымдастығымен ерекшеленеді.

Жедел-тергеу топтарының құрылымына тіке және қайтарма байланыстар тән, осылардың арқасында жүйенің құрылымдық элементтері арасында өзара іс-қимыл жүзеге асады. Себебі беріктілік пен басқармашылықты ұйымдастырушылық жүйенің маңызды көрсеткіштерінің алдыңғы қатарына жатқызуға болады.

Осылайша, жедел-тергеу топтарының ішкі ұйымдастырылуы ұйымдастыру-басқарушылық құрылым ретінде көрініс табады. Біз олардың ұйымдастыру-басқарушылық құрылымын қарастыру барысында, ең алдымен, оның элементтерін, олардың өзара байланысының мінезі мен тәсілін және құрылымның жалпы сипатын айқындаймыз. Бұл — жедел-тергеу топтарының маңызы мен сипаттамасын түсінудегі негізгі мезет.

Жедел-тергеу топтары жұмысының нәтижесі құрылу уақытына байланысты екені айқын. Тәжірибеде бұл мәселеге назар аударылмайды да, сол себепті қылмысты тергеудің алғашқы кезеңінде ішінара қателіктер жіберіліп қана қоймай, заттық дәлелдемелер мен басқа да қылмыстық іздер жоғалады.

Жедел-тергеу топтарының мүшелерін таңдауда оның жетекшісінің

көзқарасына көңіл бөлген жөн, ал кейде осы таңдауды оның өзіне беруге болады. Топ құрамына бөлімшелер бастықтарын қосу тиімсіз, себебі олар нақты жұмыспен айналыспай, топ мүшелерін өз міндеттерінен алыстатуы мүмкін. Әсіресе топ құрамы жағынан өте көлемді болса, онда ұйымдастыру және басшылық ету мәселелері қиындай түседі. Осыған сәйкес ұйымдастыру-басқарушылық құрылымда басқарушы мен басқарылушы деген жүйелерді бөліп қарастыруға болады.

Сондықтан, «әр құрылымдық бөлімшенің өзінің негізгі жұмысын орындаудағы рөлін анықтап, жеке қызметкерлердің аталмыш жүйенің іші-сыртындағы байланыстарының сипатына ерекше көңіл бөле білу қажет», — деген пікірді қуаттауға тура келеді [77;116].

Сонымен қатар, А.Н. Балашов қылмыстарды жан-жақты да толық ашу мен тергеу барысында жедел-тергеу топтары мүшелерінің арасында өзара ақпарат алмасу үдерісі көрініс табатынына және бұның аталмыш қызметті атқаруда маңызды орын алатынына тоқталған. Оның пайымдауынша, тергеушілердің де, жедел қызметкерлердің де барлық дәлелдемелерді және жедел-ізвестіру ақпараттарын бір уақытта толық талдау, бағалау және меңгеру мүмкіндіктері жоқ [20;214].

Ауыр және аса ауыр қылмыстар туралы қылмыстық істерді тергеу тек қана үлкен өтілді тергеушілердің қолынан келеді деп ойлағанмен, жедел-тергеу топтарына оқиға болған жерге шыққан жас тергеушілер мен сол жерде алғашқы мәліметтерді жинаған үлкен өтілсіз жедел уәкілдерді қосу тиімді болуы күмәнсіз.

Тәжірибеге сай, қылмыстардың тез ашылуы мен толық тергелуіне маңызды түрде әсер ететін мәселе жедел-тергеу топтары қызметінің басында оның басшысымен тергеудің жалпы жоспарының дұрыс құрылуы тұрады.

Жеке тергеу әрекеттері мен жедел-ізвестіру іс-шараларына келсек, олар нақты орындаушылардан — тергеушілерден немесе криминалды полиция аппараттарының қызметкерлерінен құрылғаны тиімді. Тергеу іс-қимылдары мен жедел-ізвестіру іс-шараларын бірігіп (келісіп) жоспарлау осы іс-қимылдар мен шаралардың кезекпен жүзеге асуын, топ мүшелерінің жұмысының реттілігін, тапсырмалардың өз уақытылы және тиімді орындалуын қадағалауды және басқа да өзекті мәселелерді қамтамасыз етеді. Жоспар топтың барлық мүшелері қызметінің ұйымдастырушылық негізі бола тұра, олардың алдағы қызметінің үлгісі және жалпы міндетті шешудің жолы ретінде қалыптасады.

Жоспар топ басшысы мен оның мүшелерін жеке бөліктерге әрдайым көңіл бөліп отыру және әрқашан көптеген жағдаяттар мен ұсақ мән-жайларды есте ұстау қажеттілігінен босатады. Ол тергеудің барлық кезеңін қадағалауға және оның нәтижелерін болжауға көмектеседі. Алдына қойылған мақсаттарға жетудің неғұрлым тиімді тәсілдері мен алдағы қызмет үдерісін құрастырып алып, жедел-тергеу топтарының жетекшісі қолда бар күштерді, құралдар мен



уақытты тиімді қолдануға тырысуы қажет, ал қажетті жағдайларда, өз уақытында қосымша көмек сұрауға міндетті.

Жедел-тергеу топтарының жетекшісі — тергеушіге көп назар аудару қажет. Жетекші жақсы маман, жоғары деңгейдегі ұйымдастырушы бола білуі тиіс. Сонымен қатар басшы болып қылмыстық істі өз өндірісіне алған тергеуші ғана топ жетекшісі болып тағайындалады, ол нақты беделді бола тұра, тергеушілер мен жедел қызметкерлер жұмыстарының ұйымдастырылуында негізгі рөл атқарады, қиын да жауапты іс-шараларды жүргізуді жоспарлайды, олардың нәтижелілігін қатаң бақылайды. Тек топ жетекшісінің жоғары деңгейдегі шеберлігі мен тәжірибелігінің арқасында ғана пайда болған қиын жағдайлар шешіліп, топ ішіндегі шиеленістерге жол берілмейді.

Сондықтан жедел-тергеу топтарының жетекшісі:

- ұйымдастырушылық қабілетке ие болуы керек;
- тергеу және жедел жұмыстың аспектілерін білуге, оларды тәжірибеде тиімді қолдана білуге тиіс.

Топ басшысы адамдармен жұмыс істей білуі қажет, басқа адамдардың ой-пікірімен санасуы керек. Жұмыстың бастапқы кездерінде, мүмкіндігінше, басқа тергеу жұмыстарынан босатылуы қажет, себебі оның ұйымдастырушылық міндеттері мол.

Олар:

- тергеу жоспарын құру;
- топ мүшелерін объектілер бойынша орналастыру;
- олардың қызметін реттеу;
- топ мүшелерінің қызметін өзара сенім мен қалыпты ақпарат алмасу негізінде ұйымдастыру.

Егер де топ басшысы аталған маңызды мәселелерге жеткілікті түрде көңіл бөле білмесе, топ ішінде топтың жалпы жұмысының тиімділік деңгейіне кері әсерін тигізетін қарама-қайшылықтар туындауы мүмкін.

Топ жетекшісі мен мүшелерінің қызметі ішкі қарама-қайшылықтарды жеңуден былай, алдындағы негізгі мақсаты — жасалған қылмысты немесе қылмыстарды тез арада және толық ашуға бағытталады. Бұл қызмет барысында жедел-тергеу топтарының тергеу үдерісі үш кезеңнен өтеді:

- алғашқы;
- келесі;
- қорытынды.

Тергеудің алғашқы кезеңінде, әсіресе қиын жағдайларда, жедел-тергеу топтарының қызметі барлаулы-іздеу бағытына ие, сондықтан топ құрамын ұлғайту қажеттілігі жиі туындайды.

Мысалы: белгісіздік жағдайда жасалған адам өлтіру қылмыстары туралы қылмыстық істер бойынша жедел-тергеу топтарының кешенді іздеу жұмыстарының нәтижесінде әрқилы қылмыстарды жасаған тұлғалар және қылмыстық топтар анықталады. Бұндай жағдайларда топ құрамына олардың

қылмыстық іс-әрекеттерінің өзіне қатыстыларын тергейтін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің тергеушілерін қосу үлкен нәтижелер береді.

Тергеудің келесі және қорытынды кезеңдерінде жедел-тергеу топтарын өз қалпында қалдырған жөн, себебі бұл кезеңдердің негізгі бағыты ашық, бірқалыпты және әдістемелік дәлелдеу болып табылады.

Дегенмен, жедел-тергеу топтарының негізгі құрамына қосымша күштердің қажеттілігі тергеудің кез-келген сатысында туындауы мүмкін. Бұндай жағдай, әсіресе, топтың ұзақ уақыт бойғы ашылмаған қылмыс бойынша қызметінде қалыптасады.

Туындаған күрделі жағдайда, топ жетекшісінің қалыптасқан жағдайды қылмыстық іс бойынша келіп түскен ақпараттарды ең алғашқыларынан бастап және құрылған барлық болжамдарды жан-жақты зерттеу арқылы талдау жасағаны жөн.

Осыдан кейін ғана жаңа мәліметтерді бағалап, болжамдарды тексеру жоспарларының орындалу барысын талдауға болады. Іс бойынша туындаған кез-келген күмән, қарама-қайшылық және басқа да тактикалық қателіктер уақытылы анықталуы және жойылуы тиіс, топ мүшелерінің кез-келген ұсыныстары міндетті түрде қарастырылуы қажет.

Дәл осы мезетте, жедел-тергеу топтарының тергеу және жедел-іздігі күш-құралдарын толық қолдану немесе қосымша күштерді қатыстыру қажеттілігі туындайды. Нәтижесінде, қажетті үдеріс жаңа ақпараттар алуға, тиімді болжамдар құруға және ақпаратты-тактикалық тығылықтан шығуға әкелетіні сөзсіз.

Жедел-тергеу топтарының ұйымдастыру-басқарушылық құрылымдары нақты құрылымдық қағидалардың негізінде құрылып қызмет етеді. Осыған байланысты бүгінгі күнге дейін көрініс алып үлгерген құрылымдарды талдап өтелік:

- желілік;
- функционалдық;
- желілі-штабтық;
- желілі-функционалдық;
- бағдарламалы-мақсаттық.

Желілік құрылым қызметтік тізбектерді жоғарыдан төмен қарай жинайтын тік жүйені құрайды. Әрбір құрылымдық топ жоғары және төмен орналасқан екі топтың арасында орналасады, осы әрбір топты бір адам басқарады. Барлық ұйымдастырушылық ақпарат жоғарыдан төмен және төменнен жоғары ығысады. Дәл осындай таза «классикалық түрде» жедел-тергеу топтары құрылмайды.

Кішігірім жедел-тергеу топтарын құру үшін функционалдық құрылымды таңдаған жөн. Олардың екеуі де қандай да болсын міндеттерді шешуге мүмкіндігі бар басқару орталығына ие. Бұндай құрылымдағы жедел-тергеу

тобы кейбір жеке міндеттерді шешу үшін құрылуы мүмкін. Мысалы, «оқиға болған жерді қарау», «болжамды өндеу», «қылмыскерді ұстау» тәріздес тактикалық операцияларды жүзеге асыру үшін.

Жеделдіктің жоғары дәрежесіне ие функционалдық құрылым деседі. Онда орталық бөлік жоқ, жетекшісі тек жедел-тергеу топтары мүшелерінің іс-қимылын реттейді, қажетті ақпаратты дереу жинайды да, оны орындаушыларға жеткізеді және жедел шешімдер қабылдайды. Топ ішінде функционалдық қағида негізінде еңбекті бөлісу және уақыт, мүмкіндік пен күштерді тиімді пайдалануға жол ашады.

Желілі-функционалдық құрылымға тоқталсақ, бұнда басшы топ мүшелерінің жұмысын ұйымдастырылған топшалардың басшылары арқылы реттейді. Дәл осы орталық бөлік болған себептен, бұл құрылымның жеделдігі төмен. Бұндай құрылым бойынша қылмыстарды ашу және тергеуге арналған жедел-тергеу топтары құрылады. Оларды тергеуші басқарады да, жедел топ басшысының көмегімен жедел қызметті де реттейді, нақты міндеттерді шешуге бағыттайды.

Аралас құрылымдардың түрлері, демек, желілі-штабтық және желілі-функционалдық құрылымдар бағдарламалы-мақсаттық құрылымдармен толықтырылуы қажет деген көзқарасымызды да білдіреміз.

Әрине, жедел-тергеу топтарының жұмыс нәтижесі оның ұйымдастырушылық және қызметтік бірлігінің деңгейіне маңызды түрде әсер етеді. Бұл мақсатқа топтың тек біріккен ұжым ретінде қалыптасқан кезде ғана жетуге болады. Сонда ғана топ ішінде бірігіп қызмет ету, өз қызметін өзі ұйымдастыруға талпыну, өзіндік жетілдірілу, өзара жауаптылық, өзара алмастыру сияқты өте маңызды белгілер туындайды.

Сонымен, қылмыстарды ашу мен тергеу барысын тиімді жүзеге асырудың бір де бір нысаны ретінде тәжірибеде маңызды да тиімді болып қалыптасуы тиіс.

Бағдарламалы-мақсаттық басқарумен құрылған аралас құрылымдағы жедел-тергеу топтарын қарастырайық. Бұндай топтардың қызметін бағдарламалы-мақсаттық тұрғыда толықтыру мақсатты бағдарламаны өндеу мен жүзеге асыруға ғана жол ашып қоймай, жалпы ақпараттық базада құрылған болжау, жоспарлау, ұйымдастыру мен бақылаудан тұратын реттелген үдеріс болып табылады. Көрсетілген түрде құрылған жедел-тергеу топтарының негізгі ерекшелігі — орындаушылар деңгейінде бір-біріне бағынусыз-ақ қызметтің реттелуі және көлденең байланыстардың мұқият ұйымдастырылуы.

Бұл ерекшелік аталған ұйымдастыру-басқарушылық құрылымдағы жедел-тергеу топтары ішіндегі психологиялық жағдайды оңтайлы деңгейде қалыптастырып отырады. Кейбір ғалымдардың пікірлері бойынша, топ мүшелерінің бірігіп қызмет ету барысында туындаған психологиялық қиындықтар ұжымның жалпы жұмысының нәтижесіне әсер етуі мүмкін. Атап

айтсақ, жедел-тергеу топтарындағы қарым-қатынастардың сипаты мен оған кіретін тұлғалардың психологиялық сәйкестігі, олардың жалпы қызметімен тікелей байланысты болмаса да, оның нәтижелігіне жанама түрде әсер етуі мүмкін.

Ал ұйымдастыру-басқарушылық аспектілеріне тоқталсақ, бұл жедел-тергеу топтарының жетекшісі мен жедел топ басшысы шектеулі бағынушылықта болса да, тікелей басқару байланысы орнығады, ал орындаушылар арасындағы байланысқа келсек, топ ішінде қандай болса, топтар арасында да сондай тиімді ақпарат алмасуы көрініс табады.

Ұсынылған топтың ерекшеліктеріне шолу жасасақ, оның ішіндегі тергеу іс-қимылдары мен жедел-іздігі іс-шараларын бірігіп (келісіп) жоспарлау үдерісі топ мүшелерінің тиімді іс-әрекеттеріне әсер етеді, олардың жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, процессуалды құралдар мен жедел-іздігі шараларының мүмкіндіктерін неғұрлым толық және нәтижелі қолдануға жол ашады, атқарылған жұмыстың қайталануынан және топтың тарап кетуінен қорғайды.

Сондықтан, сандық және сапалық таңдау, жедел-тергеу топтары құрамдарының бір қалыптылығын сақтауға, құрлымын жетілдіруге және жоғары ұйымдастырушылық деңгейдің пайда болу мүмкіндігіне жол ашады.

Осылайша, жедел-тергеу топтарының сандық құрамы әр қилы болуы мүмкін, сондықтан алдағы міндеттердің ерекшеліктерін ескере отырып, жұмысты қажетті деңгейде атқаратын топтарды құруға талпыну қажет.

Тергеушілер мен жедел уәкілдердің сандық құрамы тергеудегі істің сипатына, алдағы іс жүргізудегі өзекті мәселелердің және жасырын қызметтің көлеміне байланысты реттеледі. Алайда, құрамы бойынша аса үлкен топтарды құру нәтижелі болмауы мүмкін. Себебі бұл олардың тәсілдік жылдамдығын баяулатып, бақылау мен басқаруды қиындатады.

Сонымен қатар, жедел-тергеу топтарының құрамын жетілдіру мақсатында олардың құрамындағы «әрдайым қызмет етуші бөлігін» ескерген жөн. Бұл — жағдайлардың өзгерісін ескере отырып, топтың құрамын ұлғайтуға немесе кемітуге мүмкіндік береді де, қалыпты орта болса, бұрынғыдай қажетті мөлшердегі ақпаратты және жедел-тергеу жұмысының нақты әдістемесін біліп отырады. Әрдайым қызмет етуші бөліктегі қызметкерлерді ауыстыруға тек қана шектеулі жағдайларда жол беруге болады, себебі бұл жағдайда топ ішіндегі өзара әрекеттестік пен сыртқы байланыстар қиындайды да, тіркелмеген және қорытынды жасалмаған мәліметтер жоғалады.

Тәжірибеде, жасалған қылмыстың сипатына аумақтың ерекшелігіне, қылмыс жасалған орынға, төтенше жағдайлардың немесе ерекше саяси қоғамдылық жағдайдың орын алуына байланысты және трансұлттық сипаттағы қылмыстар бойынша, ведомство аралық немесе мемлекетаралық тергеу топтарыда құрылады. Олардың құрамы аналитикалық, жедел іздігі,

қылмыскерді ұстау, тергеу және басқада процессуалдық шараларды жүзеге асыратын топтардан қалыптасады.

Сонымен қатар, кезекші жедел-тергеу топтары жұмысы тәжірибеде қоладанылады. Мұндай топтар ішкі істер бөлімі бастығының бұйрығы арқылы құрылады. Кезекші тергеу топтарын құру барысында, аумақтың криминогендік жағдайы ескеріледі. Арнайы бөлімдер, яғни жедел-тергеу топтары жедел іздестіру шаралары барысында алынған деректемелерді ауыр және аса ауыр қылмыстарды ашу мақсатында қолданады. Аумақтағы жағдайдың күрделілігін негізге ала отырып, ішкі істер органның басшысы, ішкі істер бөлімінің кезекші бөліміне қарасты кезекші жедел тобын құру туралы шешім қабылдайды. Сондай-ақ, ішкі істер басшылығымен кезекші жедел тергеу тобының жауапты қызметкері тағайындалады. Ол ауыр және аса ауыр қылмыстар бойынша оқиға орынына шығады және кезекші топ жұмысына жетекшілік етеді. Жедел тергеу тобының жұмысын қамтамасыз ету мақсатында жедел-іздестіру топтарын құрады.

Тергеушілер тобымен алдын-ала тергеуді жүзеге асыру барысында, процессуалдық мәселелермен қатар тактикалық, методологиялық, психологиялық және ұйымдастырушылық сұрақтары бойыншада қиындықтар туындайды. Яғни, ұйымдастырушылық мәселелеріне басқару, жоспарлау тергеуді ақпаратпен қамсыздандыру, талдау, және дәлелдемелерді жинақтау сұрақтарын жатқызуға болады. Тергеу немесе жедел тергеу топтары арасында міндеттерді бөлу туралы сұрағы оның ішінде, тергеушілер мен анықтау органдары қызметкерлері арасындағы өзара қарым-қатынас сұрақтарыда міндетті түрде туындайды. Сонымен тергеу, жедел тергеу тобының сотқа дейінгі тергеп тексеруді жүзеге асыруы, тәжірибеде оң нәтиже беретінін байқауға болады.

### **1.3 Тергеу жедел-тергеу тобының сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізудегі шет елдердің тәжірибесі**

Жедел тергеу институтын толық жан-жақты зерделеу мақсатыда аталған сала бойынша шет ел тәжірибесінде қарастыруымыз қажет. Шет елдерде қылмыстарды тергеу тобымен тергеу кеңінен қолданылады. Мысалы, АҚШ-та тергеу органдары жедел тергеу функцияларын жүзеге асыратын қызметкерлерден тұратын «еркін» тергеу құрылымдарын құрады. Оның құрамына федералдық тергеу бюросы, ішкі кірістер қызметі және бақада федеральді органдар енеді. Сонымен қатар, трансұлттық қылмыстарды тергеуге арналған жедел-тергеу топтарын құру тәжірибесі алға қойылған [2].

Сонымен қатар, Ресей Федерациясында кезекші жедел-тергеу топтары жұмысы тәжірибеде қоладанылады. Мұндай топтар бір тәулікке ішкі істер бөлімі бастығының бұйрығы арқылы құрылады. Кезекші тергеу топтарын құру барысында, аумақтың криминогендік жағдайы ескеріледі. Арнайы бөлімдер,

яғни жедел тергеу топтары жедел іздестіру шаралары барысында алынған деректемелерді ауыр және аса ауыр қылмыстарды ашу мақсатында қолданады. Аумақтағы жағдайдың күрделігін негізге ала отырып, ішкі істер органның басшысы, ішкі істер бөлімінің кезекші бөліміне қарасты кезекші жедел тобын құру туралы шешім қабылдайды. Сондай-ақ ішкі істер басшылығымен кезекші жедел тергеу тобының жауапты қызметкері тағайындалады. Ол ауыр және аса ауыр қылмыстар бойынша оқиға орынына шығады және кезекші топ жұмысына жетекшілік етеді. Жедел тергеу тобының жұмысын қамтамасыз ету мақсатында жедел-іздестіру топтарын құрады. Қазіргі таңда, халықаралық жедел тергеу топтарын құру мәселесінде өзекті болып отыр. 1993 жылдың 22 қаңтарында Минск қаласында Тәуелсіз достастық мемлекеттер достастығы (Бұдан әрі ТМД) елдерінің мемлекет басшыларымен «Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы» Конвенцияға қол қойылған. Аталған конвенция қазіргі таңға дейін қылмыстылықпен күресу жолында ТМД елдерінің аясындағы маңызды халықаралық шарт болып табылады.

Бұл мемлекеттер осы Конвенция бойынша, процессуалдық және басқада шараларды жүзеге асыру арқылы бір біріне құқықтық көмектер көрсетуге уағдаласқан. Конвенцияда, өз-ара шартқа отырған мемлекеттер орталықтандырылған құзырлы органдар арқылы байланыс орнататыны, сондай-ақ, азаматтардың құқықтарын қозғайтын және прокурордың санкциясын қажет ететін қылмыстық қудалауды жолдау, тергеу тапсырмаларын орындау сияқты процессуалдық шаралар Республиканың Бас Прокурорымен жүзеге асырылатыны көрсетілген. Мемлекеттер арасында өте ауқымды күрделі қарым-қатынастар орнатудың нәтижесінде Конвенцияны қолдану аясы тарылып, қылмыстық істі тергеудің процессуалдық мерзімдері және жаза тағайындау сұрақтары бойынша бір қатар кемшіліктерге жол берілгені анықталған. Сондықтанда, 1990 жылдардың орта кезеңінде аталған халықаралық шартқа толықтырулар мен өзгерістер енгізу сұрағы жолға қойылған. Сол себепті, 1997 жылдың 28 наурызында ТМД мемлекеттерінің басшыларымен осы Конвенцияны тәжірибеде қолдануды жеңілдетуге бағытталған хатамаға қол қойылған[63]. .

Алайда, өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеніне қарамастан аталған сала бойынша құқықтық шарттық қатынастарды одан әрі дамыту қажет деп танылған. Сондықтанда, 25 қаңтар 2000 жылы ТМД елдерінің басшыларының шешімімен «2000 жылдан бастап, 2003 жылдың аралығында қылмыстылықпен күресу туралы» халықаралық бағдарлама бекітілген. Осы бағдарламаға сәйкес, достастық мемлекеттік басшыларының Кеңесінің қарауына 2001 жылы Минск Конвенциясының жаңа редакциясын ұсыну қажет болған. Осыған байланысты ТМД елдерінің Бас Прокурорлары осындай құжаттың жобасын әзірлеген және 2001 жылдың 29 маусымында оны одан әрі жетілдіру үшін мемлекеттер бірлестігінің атқарушылық комитетіне жолдаған. 2000 жылдың 19-22

қыркүйегінде ТМД елдерінің құзыретті өкілдерінің және сарапшылардың Минск конвенциясын жетілдіруге бағытталған алғашқы жиналысы болған, нәтижесінде жоғарыда аталған жоба құрлымы бір қатар өзгерістерге ұшыраған.

Сол кезде жобаның қылмыстық құқытық бөлімінде орын алған жаңашылдықтардың біріне, халықаралық тергеу-топтарын құру және олардың қызметінің тәртібі туралы бапты жатқызуға болатын еді.

Баптың жобасы келесідей:

«Трансұлттық қылмыстарды және мемлекеттің біреуінде немесе бірнешеуінде, бір не болмаса бірнеше адамдар мен жасалған қылмыстарды жылдам әрі жан-жақты тергеу мақсатында құзырлы әділет мекемесінің басшылығымен келісу арқылы ТМД елдерінің бас прокурорлары немесе олардың орынбасарларының шешімімен қабылданған келісім негізінде, біріктірілген халықаралық жедел тергеу топтары құрылуы мүмкін. Сонымен қатар, тергеудің тәртібіне және қылмыстық істерді біріктіру мерзімдеріне қатысты сұрақтар осы халықаралық жедел тергеу топтары арқылы шешілуі тиіс». Халықаралық жедел тергеу тобының жетекшісі, өндірісінде аса ауыр қылмысы бар құзырлы әділет мекемесінің өкілі не болмаса, біріктірілген қылмыстық іс бойынша қылмысты аяқтауды жоспарлаған құзырлы тұлға болуы мүмкін.

Бірікен халықаралық жедел тергеу тобының мүшелері өз ара тығыз қарым-қатынаста болады, яғни тергеудің басты бағыттарын, жеке тергеу іс әркетерін және өндірістегі қылмыстық іс бойынша жедел іздестіру шараларын өз ара келіседі.

Тергеу әрекеттерін және жедел іздестіру шараларын жүзеге асыру барысында халықаралық жедел тергеу тобының мүшелері тергеу әрекеттерімен жедел іздестіру шаралары жүргізіліп жатқан мемлекеттің заңнамаларын қабылдайды. Сонымен қатар, халықаралық жедел тергеу тобы қандай мемлекетке келсе, сол мемлекет оларға барлық тұрмыстық, материалдық, техникалық жағдайлармен қамтамасыз етуге міндетті.

Тергеу және айыпталушыларды күзетпен ұстау мерзімдері нақты қылмыстық істер бойынша, қылмыс жасалған және қылмыстық іс қозғалған мемлекеттің қылмыстық заңнамасы негізінде есептеледі. Ал, біріктірілген қылмыстар бойынша, тергеу және айыпталушыларды күзетпен ұстау мерзімдері тергеу аяқталуы мүмкін мемлекеттің заңнамасы арқылы реттеледі.

Сонымен қатар, бірлескен, жедел-тергеу топтарын құру және оның қызметі бірнеше мемлекеттің аумағында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың мән-жайларына сотқа дейінгі тергеуді жүргізу үшін, немесе осы мемлекеттердің мүдделері бұзылса, бірлескен тергеу, жедел-тергеу топтары құрылуы мүмкін. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Қазақстан Республикасының сотқа дейінгі тергеу органдарының және шет мемлекеттердің құзыретті органдарының сұрау салуы бойынша бірлескен

тергеу, жедел-тергеу топтарын құру туралы мәселені қарап, шешеді [60;56-60].

Бірлескен тергеу, жедел-тергеу тобының мүшелері тікелей өзара іс-әрекет жасайды, сотқа дейінгі тергеудің, іс жүргізу әрекеттерінің негізгі бағыттарын келіседі, алынған ақпаратпен алмасады. Олардың қызметін үйлестіруді бірлескен тергеу, жедел-тергеу тобын құруға бастамашы немесе оның мүшелерінің біреуі жүзеге асырады. Тергеу (іздістіру) және өзге де іс жүргізу әрекеттерін аумағында іс жүргізіліп отырған сол мемлекеттің бірлескен тергеу, жедел-тергеу тобының мүшелері орындайды.

Сондықтанда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 21 сәуірдегі № 237 қаулысы негізінде "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарында бірлескен жедел-тергеу топтарын құру тәртібі және олардың қызметі туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы әзірленген. Және «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарында бірлескен жедел-тергеу топтарын құру тәртібі және олардың қызметі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілген.

Аталған заң жобасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарында бірлескен жедел-тергеу топтарын құру тәртібі және олардың қызметі туралы келісімді ратификациялау мақсатында әзірленген. Яғни, 2015 жылғы 16 қазанда Бурабайда жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарында бірлескен жедел-тергеу топтарын құру тәртібі және олардың қызметі туралы келісім ратификациялауды көзді [35;117-118].

ҚР ҚПК-нің 12 бөлімі сот ісін жүргізу саласындағы халықаралық ынтымақтастықты, құқықтық көмек көрсету (59-тарау), адамдарды ұстап беру (экстрадициялау) (60 тарау), қылмыстық қудалауды жалғастыру (61-тарау), шет мемлекеттер соттарының үкімдері мен қаулыларын тану және орындау (62-тарау) деген бағыттарда жіктейді. Сонымен қатар ҚР ҚПК-нің 587 бабы бірлескен тергеу, жедел-тергеу топтарын құру және олардың қызметін қарастырады. Аталған бап қылмыстық процестік заңнамада жанашыл норма болып табылады. «Құқықтық көмек көрсету және азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық қатынастар туралы» Конвенцияның 63 бабын жүзеге асыру мақсатында аталған норма ҚР ҚПК-не енгізілген.

Қазақстанда, біріккен жедел тергеу топтарын құру мақсатын көздейтін бір қатар, келесідей халықаралық құжаттар ратификацияланған:

-«Құқықтық көмек көрсету және азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық қатынастар туралы» Конвенция (Кишинев қаласы, 2002 жылдың 7 қарашасы, ҚР-ның заңы 10.03.2004 жыл №531-II);

-Біріккен Ұлттар Ұйымының (Бұдан әрі БҰҰ) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Конвенциясы (БҰҰ-ның Ассамблеясымен 31.10.2003 жылы



кабылданған. ҚР 04.05.2008 жылғы заңы №31-IV);

-БҰҰ-ның тарансұлттық ұйымдасқан қылмыспен күрес туралы Конвенциясы (Палермо қаласы 13.12.2000 жыл БҰҰ-ның Бас Ассамблеясымен кабылданған. ҚР-ның 04.06.2008 жылғы №40-VI санды заңы);

-Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы Қазақстан Республикасымен Румыния Республикасының арасындағы келісім шарт (Бухарест қаласы, 14.11.2014 жыл. ҚР-ның 22.09.2015 жылғы №352-V санды заңы)

-ТМД елдері арасында бірлескен жедел тергеу топтарын құру және оның қызыметі туралы келісім (Бурабай, 16.10.2015 жыл, ҚР-ның 08.07.2016 жылғы №7-VI заңы).

«Құқықтық көмек көрсету және азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық қатынастар туралы» Кишинев Конвенциясына 12 мемлекет өкілдері қол қойған. Азербайжан мемлекетіне Конвенцияның 63 бабының күші жоқ және Ресей Федерациясы аталған конвенцияны ратификацияламаған. БҰҰ-ның Конвенцияларының мазмұнында бірлескен тергеу әрекеттерін жүргізу туралы түсінік бар. Қазақстан және Румыния мемлекеттерін арасында жасалған келісім шартта бірлескен жедел тергеу топ қызыметіне арналған арнайы бап қарастырылған. Сонымен қатар, посткеністік елдерінің арасында жасалған ТМД елдерінің аумағында бірлескен жедел тергеу топтарын құру туралы келісім шарт аталған сала бойынша жасалған ең бір нәтижелі келісімдердің бірі болмақ. Аталған келісімге ТМД елдерінің 11 мемлекеті қол қойған, оның ішінде Азербайжан мемлекетіде бар. Аталған құжаттың жобасы 2009 жылдан бері қарастырылып келген. Келісім шарт бірлескен жедел тергеу тобының мақсатын, құқықтық негіздемесін, ұйымдастырушылық және басқада тәжірибеде туындайтын сұрақтарын ашады. Аталған келісім шарт қазіргі таңда тәжірибеде қолданысқа еңгізілген. Атап айтқанда Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасында келісім шарттың 8 бабының негізінде «Байқоңыр» комплексінің аумағында заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету сұрағына қатысты бірлескен жедел тергеу тобын құру сұрағы қарастырылуда. Аталған топты құру бастамасы Ресей Федерациясының бастамасымен көтерілген. Аталған мәселені қорытындылай келе Қазақстан Республикасында халық аралық бірлескен немесе жеке жедел тергеу топтарын құру тәжірибесі өз бекуін тапқан деп айта аламыз. Аталған сала бойынша өз ойын П.А.Литвишко келесідей мағынада білдірген, «Бірлескен жедел тергеу топтарын құру-екі немесе оданда көп мемлекеттер арасында дәлелдемелерді шұғыл жинақтауға, тергеу мерзімдерін қысқартуға мүмкіндік береді. Мұның барлығы заңмен белгіленген тергеу мерзімдерінің, оның ішінде қылмыстық процеске қатысушылардың заңды құқықтарымен бостандықтарының сақталуына және қылмыстық істерді тиісті мерзімдер ішінде қарауға мүмкіндіктер туындатады». Аталған оймен толықтай келісуге болады. ҚР ҚПК-нің 578 бабының 1 тармағына сай бірлескен тергеу,

жедел тергеу топтарын құруға бірден бір негіз болып, қылмыстық құқықбұзушылықтың бірнеше мемлекеттер арасында жасалуы болып табылады. Аталған баптың 2-ші бөлігінде ҚР-ның Бас прокуратурасы ҚР-ның сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының және шет мемлекеттердің құзыретті органдарының сұрау салуы бойынша бірлескен тергеу, жедел тергеу топтарын құру туралы мәселені қарап шешеді. Европалық одақтың кеңесімен қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы Конвенция қабылданған. Аталған Конвенцияның 13 бабы 1 тармағына сай, құзырлы органдар өзара келісім шарт негізінде Европалық одақтың аясында бір немесе бірнеше қылмыстарды тергеу мақсатында бірлескен жедел тергеу топтарын құра алады. Атап айтқанда, 2002 жылы италия полициясы және еуропол бірлескен жедел тергеу топтарын құрып еуропа аумағында аса ауқымды операциялар жүргізген Нәтижесінде, ұйымдасқан қылмыстық ұйымның 80 кінәлі тұлғалары сотпен жазаға тартылған. Аталған топ Еуропа аумағында адам саудасымен айналысқан [53;65-71]. Сонымен тәжірибенің өзі бірлескен тергеу, жедел тергеу топтарын құру қазіргі таңда өзінің тиімділігін көрсеткен институттардың бірі болып қалыптасқанын көрсетіп отыр.

## 2. ТЕРГЕУ, ЖЕДЕЛ-ТЕРГЕУ ТОБЫНЫҢ СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДІ ЖҮРГІЗУІ

### 2.1 Тергеу, жедел-тергеу тобының сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу кезінде пайда болатын мәселелер

Жедел тергеу тобының қызметінде функционалдық сипатқа ие бірқатар мәселелерде пайда болып жатады. Соңғы жылдардағы арнайы заң әдебиеттерінде жедел іздестіру қызметінің нәтижелерін, дәлелдеу процесінде кеңінен пайдалану ұсынылған, яғни жедел іздестіру қызметінің құпия мәліметтерін кеңінен қолдану болып табылмақ. Егер бұл ұсыныстар қабылданса, қылмысты ашу және оны тергеу кезіндегі қызметті ұйымдастыру барысындағы тергеуші рөлінің одан әрі дамуына негіз болады және оның жедел тергеу тобы құрамындағы құзыреті кеңі түседі. Тергеу, жедел тергеу топтары мәселелеріне қатысты процессуалистермен криминолистердің бірқатар еңбектері жарық көрген. Атап айтқанда, Р.С. Белкинның, С.В. Бажановтың, Б.А. Викторованың, И.С. Галкинның еңбектерін атауға болады. Бұл еңбектерде топпен тергеу өндірісінің және процессуалдық субъектілердің мәселесі, дәстүрлі түрде тергеушінің жедел қызметкерлермен өз-ара қарым-қатынас аспектісінде қарастырылған. Сөз жоқ жедел тергеу тобы тергеу процесінде басқада органдармен өзара қарым-қатынас орнатуы өте маңызды, дегенімен қарым-қатынастың мұндай түрі қазіргі кезеңде осы салаға қатысты қабылданған нормативтік актілер мазмұнында көріністер алған.

Дегенімен, қылмысты ұжым болып тергеуге байланысты топтасқан тергеушілер қызметі, сондай-ақ, оның процессуалдық негізі мен тактикасы заманауи әлеуметтік ахуал ескеріле отырылып комплексті түрде зерттелмеген. Заңнамалардың жиі өзгеріске ұшырауы, ауқымды және күрделі қылмыстық істер санының өсуі, жедел тергеу тобымен жіберілетін кемшіліктер мен қателіктер бұл саланы одан әрі жетілдіруді талап етеді.

Жедел тергеу саласына қатысты қылмыстық процестік заңнамада келтірілген норманың қысқалығы еріксіз назар аудартады. Атап айтқанда, процессуалдық шешім немесе тиісті қаулы тергеушімен не болмаса, тергеу тобының жетекшісімен қабылдану құзіретің ара жігін қылмыстық процессуалдық заң айқындамайды. Бұл сұрақ қылмыстық процесте өзекті болып табылады, өткені әр тергеуші ауқымды күрделі қылмыстық істің белгілі бір бөлігін тергеумен айналысады.

Жедел тергеу тобының қызметі жедел іздестіру және анықтау тобының қызметімен қатарлас жүргенімен, заманауи процессуалдық заңнама, ертеден қалыптасқан тәжірибесі бар жедел тергеу тобының ұйымдастырушылық нысанасына қазіргі таңда немқұрайлы қарайды. Жалпы, жедел тергеу тобы тергеу және анықтау бөлімі арасында тиімді қарым-қатынас орнатудың тиімді нысаны болып табылатынын мойындау қажет. Дегенімен, жедел тергеу тобын

құру туралы шешімді нақты қандай басшылық тарапынан шешілетіні және ондай топты құруға негіз болатын нақты критериялар мен негіздерді айқындауға байланысты заңда реттеуші нормалар жеткіліксіз. Бұл жедел тергеу тобының ұйымдастырушылыққа байланысты мәселесімен қоса, процессуалдық аспект бойынша да сұрақтар туындайды. Себебі, жедел тергеу тобын құру туралы шешімді рәсімдеу барысында жіберілген кемшіліктер, осындай топпен жинақталған дәлелдемелердің шынайлығына күмән туғызуға негіз болуы әбден мүмкін, негізінен жедел тергеу тобы құқықтық нормалардан тыс толық қанды қызмет атқара алмайтыны белгілі.

Осындай, жедел тергеу топтарының қызметін реттеуге байланысты, заңнама тарапынан реттеуші нормалардың болмауы, осы салаға қатысты Ішкі істер Министірлігі, Бас Прокуратура және басқада тергеу аппараттары бар органдар тараптарынан ведомствалық нормативтік актілердің қабылдануына түрткі болады. Ал, мұндай нормативтік актілердің арнайы заңды күші болмағандықтан оны тәжірибеде қолдану туындаған сұрақтар шешіміне толық қанды әсер етуі екі талай. Дегенімен, аталған актілер қабылданбас бұрын процессуалдық заңнама негізінде бір бағытқа жүйелендірілуге және терең талдануға жатады. Сондай-ақ, ТМД бойынша Ішкі істер Министірлітерінің біріккен алқа отырыстарында халықаралық ұйымдасқан қылмыстық топтармен жасалған қылмыстарды мемлекетаралық тергеу топтарымен тергеу қажетілік мәселесі ресми түрде жиі көтеріледі. Халықаралық жедел тергеу топтарын құру сұрағы, құқықтық көмек көрсету туралы Минск конвенциясынан емес, ең алдымен мемлекетіміздің қылмыстық процесуалдық нормаларынан бастау алуы қажет. Топпен тергеу өндірісін жүзеге асыратын субъектілерге қатысты туындайтын проблемалар, дәстүрлі түрде тергеуші мен жедел қызметкер арасындағы өз-ара қарым-қатынас аспектінде қарастырылып келген. Топпен тергеу барысында әр орган қызметінің өз-ара байланысына қатысты туындайтын сұрақ маңызды, дегенімен бұл сала тергеу органдарының нормативтік актілерімен жан-жақты қамтылғанын ескерген жөн. Тәжірибеде тергеушілер тобы арқылы қылмысты тергеу кеңінен қолданылғанымен арнайы криминологиялық және процесуалдық салада аталған саланы ғылыми зертеуге арналған материалдар аса көп емес. Жалпы, процесуалдық және криминологиялық тұрғыдан жедел тергеу топтарын құру және оның қызметін ұйымдастыру сұрақтары әліде болса заңнамалық тұрғыдан жетілдіруді қажет етеді. Ол үшін, қылмыстық процесуалдық заңнаманы, Ішкі істер министірлігінің және Бас прокуратураның нормативтік құқықтық актілерін, оның ішінде бұйрықтарды, ережелерді нұсқауларды, сондай-ақ сот тәжірибесі тереңінен зерттелуге жатады.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 28 маусымдағы № 311 бұйрығымен «Ішкі істер органдарының кезекші тергеу топтарының қылмыс және оқиғалар туралы хабарламалар мен арыздар бойынша әрекет етуінің бірыңғай тәртібі туралы» нұсқаулығы бекіген. Аталған

Нұсқаулыққа 2013 жылдың 24 мамырында өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.

Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу кодексі, №, 277 санды 17.05.2003 жылы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің бұйрғымен бекітілген «Жедел басқару орталықтарын жетілдіру жөніндегі іс-шаралар және құқық қорғау органдарының міндетті бірлігі туралы» ережеге сәйкес және де нормативтік құқықтық актілер негізінде әзірленген. Аталған Нұсқаулық Ішкі істер органдарының кезекші қызметкерлерінің қылмыстар мен оқиғалар туралы есептер мен мәлімдемелерге жауап берудің бірыңғай тәртібін белгілейді, тергеу әрекеттерін жүзеге асырады және «ізін сытпай іздестіру» оның ішінде қылмыстарды ашу және тергеу бойынша жедел іздестіру іс-шараларын, сондай-ақ, кіріс хабарлар, қылмыстар мен оқиғалардың есептілігін, шұғыл тергеу іс-әрекеттерін жүргізу, қазіргі заманғы және жоғары сапалы жедел-іздестіру жедел жауап сияқты кезекші тергеу командасының жұмысын ұйымдастыруды қарастырады.

Сонымен қылмыстық істі тергеу барысында маңызды лауазымды тұлғалардың бірі прокурор болып табылады. Сондықтанда, прокурормен жедел-тергеу тобының арасындағы өз-ара қарым қатынастың алатын орыны ерекше. ҚР ҚПК-нің 58 бабына сай, прокурор-өз құзыреті шегінде жедел-іздестіру қызметінің, анықтаудың, тергеудің және сот шешімдерінің, қылмыстық процестің барлық сатыларында қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабына және осы Кодекске сәйкес өкілеттіліктерді жүзеге асыратын лауазымды адам [3]. Соттың қылмыстық істі қарауына қатысатын прокурор айыптауды қолдау арқылы мемлекеттің мүдесін білдіреді және мемлекеттік айыптаушы болып табылады. Жедел-тергеу топтарына аса ауыр және күрделі қылмыстық істер тергелетіндіктен қадағалаушы прокурорға да аталған тергеу барысында үлкен міндеттер жүктеледі. Атап айтқанда, қылмыстық заңнама тарапынан прокурорға көптеген міндеттер жүктелген, сондай-ақ, прокурордың екі құқықтық құзыреті мағынада қарастырылған, яғни жедел-іздестіру қызметінің, анықтаудың, тергеудің және сот шешімдерінің, қылмыстық процестің барлық сатыларында қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды жүзеге асыру және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүргізу, осыған байланысты прокурорлық қадағалауды жүргізу барысында бірқатар мәселелер туындауы мүмкін.

Жалпы, жедел-тергеу тобымен тергелген ауқымды аса ауыр, көп эпизотты қылмыстық істерді зерделеп толық қанды баға беру жеке дара прокурорға оңайға соқпайтыны белгілі. Тәжірибеде туындаған осындай мәселелерді шешудің жолы ретінде жедел тергеу тобымен тергелетін ауқымды күрделі қылмыстық істерге прокурорлық қадағалау белгілі бір айқындалған прокурорлар тобымен жүргізілуі қажет. Нәтижесінде, қылмыстық істердің

заңнама тарапынан бұданда әділ және сапалы тергелуіне жол ашылуы мүмкін.

Сондықтанда, қадағалаушы прокурормен жедел тергеу тобының өзара қарым-қатынасын жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексінің 58 бабына «жедел тергеу тобымен тергелетін қылмыстық істерге қадағалау белгілі бір айқындалған прокурорлар тобымен жүргізілуі тиіс» деген редакцияда өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі қажет деп есептейміз. Жедел тергеу тобы жалпы қандай мақсат көздейді? Оның бағыты қандай?,- деген сұрақтарға жауап қарастырайық. Қылмыстық процестік заңнама талаптарына жүгінсек, ҚР ҚПК-нің 194 бабының 1-ші бөлігінде, іс бойынша сотқа дейінгі тергеп тексеру ол күрделі немесе үлкен көлемді болған жағдайда тергеушілер және анықтау органының қызметкерлері тобына (тергеу, жедел-тергеу тобына) тапсырылуы мүмкін, бұл туралы шешімді тергеу бөлімінің немесе анықтау бөлімінің немесе анықтау органының бастығы қабылдауға құқылы екендігі көрсетілген.

Осыған байланысты алдын-ала тергеудің процессуалдық мерзімдері, оның ішінде айыпталушыны күзетпен ұстау мерзімдері заңмен қатаң шектелген. (132 бап ҚПК) ал, ҚР ҚПК-нің 2 бабында қылмыстық сот өндірісінің негізгі мақсаты қылмысты тез және толық ашу, кінәлі тұлғаларды анықтау, заңды дұрыс қолдану арқылы әр қылмыс жасаған тұлға әділ қылмыстық жазаға тартылуын және кінәсіз бірде бір адам қылмыстық жауаптылыққа тартылмауын көздейді [3]. Қылмыстық істерді тергеу үшін, жедел тергеу топтарын құру қазіргі қоғамға қажетті құбылыс болып қала бермек.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратураның бастамасымен өткізілетін алқа отырыстарында, азаматтардың құқықтарымен заңды мүделерін қорғау мақсатында қылмыстық істер қатаң түрде заңмен нақты белгіленген процессуалдық мерзімдер ішінде тергелу қажетілігіне құқыққорғау органдарының басшыларының назарын аударып жатады. Процессуалдық мерзімдерге байланысты орын алатын кемшіліктер, тергеу құрылымдарының жұмысын тиімсіз етеді және ол азаматтардың құқықтарына тікелей немесе жанама түрде кері әсерін береді. Негізінен тәжірибеде экономикалық салаға қатысты қозғалған қылмыстық істер созбаландылыққа салынып жатады. Сонымен қатар, өзектілігіне байланысты қылмыстық істерді тоқтатуға мүмкіндік болмайтын қылмыстар, яғни ұйымдасқан қылмыстық топтармен жасалған қылмыстар, оның ішінде бандитизм және ашылмаған адам өліміне қатысты қылмыстық істердің тергелу мерзімдері ұзаққа созылып жатады. Қылмыстық істердің ұзақ тергелуінің бірден бір себебіне тергелетін қылмыстың көп эпизотты болуы, қылмыстың жасалу жолдарының күрделілігі және ауқымдылығы болып табылады.

Ғылыми тәжірибелік әдебиеттерде «күрделілік» және «ауқымдылық» түсініктері жан-жақты айқындалған. Қылмыстық істің ауқымдылығын бір авторлар бір ғана тергеуші орындауы мүмкін емес, көптеген тергеу амалдарын

қажет ететін қылмыстық іс деп түсіндірсе, келесі авторлар, яғни А.Я. Дубинский және Ю.И. Шостак күрделі қылмыстық істер, көп эпизоттылық, объектілер санының, айыпталушылардың тексерілуі, қажет болжамдардың және жасалған қылмысқа қатысты басқада мәліметтердің көп болуымен сипатталуы тиіс деген тұжырымға тоқталған [16;89]. Сонымен қатар, А.Я. Дубинский және Ю.И. Шостак жедел тергеу топтарын құру қажеттіліктерінің бірі болып, қылмыстық істің аса маңыздылығын айқындау және қылмыстық істі тергеуді мейлінше қысқа мерзім ішінде аяқтау көзделген жағдайда құрылатынын айтқан [16;114]. Басқада авторлар, жедел тергеу топтарын құруға, жасалған қылмыстың қауіптілігі, оның барлық немесе жекелеген эпизоттарының белгісіздігі, ұқсас бірнеше қылмыстар бір тәсілмен жасалғанда, тұрақты қылмыстық топтың болуы негіз болатынын алға тартқан.

И.С. Улищенко алдын ала тергеуді бірнеше тергеушіге табыстауға келесідей негіздердің болуы тиіс деп есептейді:

- бір мезетте тексеруге жататын болжамдардың болуы;
- бір немесе бірнеше қылмыстар бойынша күдіктілер санының көп болуы;
- қылмыстық әрекет эпизодтарының көп болуы;
- бір бірімен тығыз объектілерде жасалған қылмыстар және оларды бөліп қарау алдын-ала тергеудің сапасына кері әсерін тигізетін жағдайда;
- тергеу объектілерінің территориялық аумақтарының алшақ болуы.
- тергеу барысында туындаған маңызды және бір біріне тәуелсіз жағдайлардың жеке бағыттарын бір мезетте зерттеу қажеттілігі туындағанда [11;59].

Әрине алдын-ала тергеуді бірнеше тергеушілермен жүргізу барысында бұл жағдайлар міндетті түрде ескерілгені жөн. Бір-ақ, олар тек аса ауыр күрделі, ауқымды қылмыстық істер бойынша дәлелденуге жататын тергеу әрекеттерінің сипаттамалы белгілері ғана болып табылады.

Тергеу органдарының тәжірибесінде, қылмыстық істерді тергеу барысында туындайтын ауқымды жұмыстар сипаттамасы жедел тергеу топтарын құру туралы тергеушінің қаулысында мазмұндалуы тиіс, осыған байланысты тәжірибелік әдісті басшылыққа ала отырып, жедел тергеу топтарын құруға негіз болатын, яғни өзектілік, күрделілік және ауқымдылық түсініктеріне қатысты критериялар тізбесін құрастырып, оны Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексінің 194 бабына өзгерістер мен толықтырулар ретінде ұсынуға болар еді. Дегенімен, ондай критериялар тізбесі шектеулі болмауы керек деп есептейміз, сондықтанда бұл жағдайда шешім қабылдаушы тергеушіні қандайда бір нақтыланған негіздер бойынша тәуелділікке ұшартпаған жөн. Осыған байланысты топ жетекшісі осындай негіздер шеңберін тәуелсіз орын алған жағдайды ескере және ішкі түйсігіне сүйене отырып, өзі анықтағаны абзал. Көп жағдайда жедел тергеу топтарын құру барысында, қылмыстық іс бойынша тергеу мерзімдерінің қысқа болуы,

қылмыстың көп эпизодты болуы, атқарылатын тергеу әрекеттерінің ауқымдылығы және күрделілігі назарға алынып жатады.

Тергеу аппараттарында адам және материалдық ресурстары жетіспеушіліктері, тек қана жекелеген мәселелер бойынша қылмыстың тергелуіне қиындықтар туындататын сұрақтар, оның ішінде банк заңнамасы, жеке кәсіпкерлік құқығына бағалы қағаздар жұмыс жасау ерекшеліктеріне және тағы басқа осыған ұқсас тергеушіден белгі бір білімді немесе біліктілікті қажет ететін жағдайлар, қылмысты тергеушілер тобымен тергеуге негіз бола алмайды. Қылмысты тергеушілер тобымен тергеу туралы шешім қабылдау барысында күрделілік пен ауқымдылықтан басқада мәселелерді ескерген жөн. Біздің ойымызша ондай негіздердің бірі болып, жасалған қылмыстың қауіптілігі мен өзектілігі назарға алынуы тиіс. Қылмыстың жасалу қауіптілік критериясы болып, оның ауырлығы, жасалу тәсілінің күрделілігі, аса қатігездікпен, аяусыздықпен, жасалуын және ұйымдасқан топ ішінен өзара қылмыс жасау рөлдерінің бөлінуін жатқызуға болады.

Негізінен тәжірибеде қылмыстық істердің ұзақ мерзімде тергелуі, яғни созбаландылыққа салынуының бірден бір себептері, тергеу қызметінің жеткілікті деңгейде жедел іздестіру қызметімен толық қанды қамтамасыз етілмеуін байланыстыра аламыз. Тергеушілер мен басқа органдардың өз-ара қарым-қатынас орнатуы қылмыстық істерді тергеу тәжірибелерінің нәтижесінде пайда болған және осындай қарым-қатынас нысанының тиімділігімен өміршендігі өз дәлелін тапқан. Үздіксіз өзара қарым-қатынас орнатудың басты басымдылығы ол уақыт тиімділігі болып қала бермек. Тергеуші анықтау бөлімінің басшысына тергеу және жедел іздестіруді жүзеге асыру туралы бір реттік тапсырмаларды тапсырады, ол өз қарамағындағы қызметкерлерге тапсырманы орындау үшін жолдайды. Ал, осы органдар арасында жүйелі түрде өзара қарым-қатынас орнаған жағдайда тергеуші жедел тергеу тобының құрамына кіретін полиция қызметкерлеріне өзі тікелей тапсырмалар жолдауға мүмкіндігі туады, мұндай жағдайда тергеу уақыты үнемделеді және тапсырма мазмұны мен мақсаты орындаушыға жақсырақ түсіндіруге мүмкіндіктер туындайды. Сондықтанда, ауқымды және күрделі қылмыстарды жедел тергеу топтары арқылы тергеу тәжірибесі одан әрі терең зерделенуге және жетілдірілуге жатады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, жедел тергеу топтарын құрудың мақсаты мен міндеттерін айқындауға болады. Жалпы «мақсат» түсінігі қандайда бір нәтижеге қол жеткізу үшін, анықталған нақты бір бағыт ұстануды білдірсе, ал, «міндет» ол алға қойылған тапсырмаларды орындау жолдарын талап етеді.

Осыған байланысты, жедел тергеу топтарын құрудағы негізгі мақсаттарға келесілерді жатқызуға болады:

- қылмыстарды тез және толық тергеу;
- азаматтардың, қоғамның және мемлекеттің конституциялық және заңды



мүделері мен құқықтарын барынша максималды түрде қорғау.

Алдын ала тергеу және жедел іздестіру органдарының басшылары жедел тергеу топтарын құру мәселесі барысында келесідей міндеттерді басшылыққа алғаны жөн:

-қылмыстық істі тергеудің мерзімімен айыпталушыларды күзетпен ұстау мерзімдерін максималды түрде барынша қысқарту;

-құқық қорғау органдарының құрылымдық бөлімшелерін қылмысты ашумен оны тергеу мақсатында материалды техникалық және криминалистикалық мүмкіндіктерді үйлестіру;

-психологиялық тұрғыдан тергеушілер, жедел уәкіл қызметкерлері, эксперттер мен басқада мамандардың қарым-қатынастарын ұйымдастыру;

-тергеуші және жедел іздестіру субъектісі арасындағы тергеу және жедел тергеу ақпараттарының жедел алмасуын қамтамасыз ету;

-қылмысты қозғау туралы немесе шешім қабылдау сияқты жедел операцияларды жүзеге асыру сатысында, тергеу және жедел іздестіру шараларын максималды келісілген түрде жоспарлау.

Сонымен тергеу тобы деп - бірнеше тергеушіден тұратын, оның бірі қылмыстық істі өз өндірісіне қабылдап, басқа тергеушілер әрекетін басқара алатын, нақты бір қылмысты тез әрі толық ашуға және оны жан жақты тергеуге тергеу мақсатына бағытталған қылмыстық заңға негізделген уақытша ұйымдастырылған ұйым деп айтуға болады.

Ал, жедел тергеу тобы дегеніміз, ол тергеуші басқаратын және қылмысты ашу және оны тергеу мақсатында заң мен нормативтік актілерге негізделу арқылы, уақытша құрылған тергеушілерден, жедел іздестіру аппаратының субъектілерінен және басқада мамандардан тұратын ұйым.

Қазіргі таңда, жедел тергеу топтары қылмытық-процесуальдық заңнамада оның ішінде теорияда жеке субъект ретінде қарастырылмайды. Дегенімен, жоғарыда аталып өткендей, аса ауыр күрделі қылмыстық істердің көбі дәл осы жедел тергеу топтары арқылы тергеледі, яғни олар бойынша міндетті тергеу әрекеттерін жүргізеді, сондай-ақ, тергеудің одан арғы сатыларында дәлелдеу процесін жүзеге асырады.

Әрине қылмыстық заңнама тұрғысынан жедел тергеу топтары өзіне тән ерекшеліктерге ие, себебі жедел тергеу топтарының құрамында тергеушінің тәуелсіздігі сақталуы тиіс. Қылмыстық істі топ жетекшісі өз өндірісіне қабылдағанына қарамастан, топ құрамында жұмыс жасайтын тергеуші тәуелсіз болуы және өз атынан процессуальдық шараларды атқаруы және процессуальдық шешімдер қабылдауы тиіс.

Дегенімен, жедел тергеу топтарын адын-ала тергеу сатысында қылмысты тергеу субъектісінің алқалы органы ретінде қарастырған жөн. Нақтырақ айтсақ, топтың басқа органдармен, яғни сыртқы қарым-қатынасты жүзеге асыру құзіреті жедел тергеу тобының басшысында болады. Ал, жедел тергеу тобының ішінде әр тергеуші қылмысты тергеу жоспарын және өзінің

функционалдық міндеттерін басшылыққа алу арқылы, оның ішінде топ жетекшісінің қосымша нұсқауларына орындауы кезінде тәуелсіз әрекет етуі тиіс. Жедел тергеу тобының құрамына еңген анықтау органының қызметкерлері топ жетекшісінің жазбаша берген тапсырмаларын, оның ішінде бір реттік емес тапсырмаларды, яғни нақты қандайда бір қылмыстық іс бойынша куәгерлерден жауаптар алу сияқты үздіксіз тапсырмаларды орындайды. Дегенімен, бұл тапсырмалар тәжірибеде жедел тергеу тобының жетекшісінің нұсқауымен немесе анықтау органы басшысына жолданған тапсырма аясында орындалып жатады. Негізінен қылмыстық процессуалдық заңнамада тергеуші тәуелсіздігіне қатысты көтерілген принциптерге сәйкес, жедел тергеу топтарының құрамына еңген анықтау бөлімінің қызметкерлеріне тапсырмалар, анықтау бөлімінің басшысы немесе жедел тергеу тобының жетекшісі арқылы емес, қылмыстық заңнамамен қарастырылған құзіреттілігіне сай, тергеушілермен тікелей жолдауы тиіс деп ептейміз.

Тәжірибеде қалыптасқан мұндай жағдай, жедел тергеу топ мүшелерінің өз-ара қарым-қатынас орнату жүйесіне процессуалдық сипаттама берілмегендігін көрсетеді. Сондықтанда, жедел тергеу құрамындағы әр тергеуші тергеп жатқан қылмыстық іс бойынша кез-келген тергеу әрекеттерін тәуелсіз жүргізуі тиіс, ал жетекшісі топ қызметін үйлестіру міндетінде болғаны жөн.

Аталған мағынада қылмыстық процессуалдық заңнамаға өзгерістермен толықтырулар еңгізілер болса, ол қылмыстардың тез ашылуына, сарпалы тергелуіне және тергеу тобының құрамына кіретін тергеушілер мен жедел уәкілдерінің өз жұмыс участігіне жауапкершілікпен қарауға мүмкіндіктер туындатқан болар еді.

Қазіргі таңда, жедел тергеу қызметін реттеу заңнамалық емес, көп жағдайда ведомствалық сипатқа ие. Ғылыми әдебиеттерде қылмыстық процессте жедел тергеу топтарының қызметін ведомствааралық сала бойынша жан-жақты реттеу, теориялық және практикалық тұрғыдан өзінің өміршендігін дәлелдеген деген тұжырымдар деп айтылады.

Жалпы, бұл тұжырыммен келісуге болады, өйткені жоғарыда айтылғандай жедел тергеу тобының қызметі қылмыстық заңнама бойынша толықтай айқындалмағанымен бұл қызметтің түрі тәжірибеде кеңінен қолданылып келе жатқаны белгілі. Қалыптасқан тәжірибеге сай, жедел тергеу топтары арқылы орнатылатын өз-ара қарым-қатынас нысаны өзінің өміршендігін дәлелдеген және ол алдын ала тергеу субъектісінің біріне айналған. Қылмысты тергеу барысында дәстүрлі түрде дәлелдемелер жинақтаумен қатар, жедел іздестіру қызметінің мәліметтері дәлелдеу процесінде кеңінен қолданылуда. Келекшекте тергеу және жедел іздестіру қызметі бір бірімен одан әрі жақындай түсетіні сөзсіз. Дегенімен, жедел тергеу тобының түсінігін ашуға тырысқан жоғарыда келтірілген авторлар «тергеу тобының түсінігі» деген ұғым жазылатын бапты қолданысқа еңгізуді

ұсынғанымен, ол баптың қылмыстық процесстік кодексте жазылатын мазмұнын ашуға тырыспаған.

Сол себепті, Қазақстан Республикасының қылмыстық процесстік кодексіне осы баптың мазмұнына қатысты келесідей мағынада өзгерістер мен толықтырулар енгізілгені жөн деп есептейміз.

Қажеттілік туындаған жағдайда тергеушілермен қатар жедел іздестіру қызметінің қызметкерлерінен тұратын ауыр және аса ауыр санатындағы қылмыстарды тергеу үшін, жедел тергеу тобы жасақталуы мүмкін. Мұндай жағдайларда тергеу бөлімінің бастығы немесе прокурормен жедел тергеу тобын құру туралы қаулы қабылданады, қылмыстық істі өз өндірісіне қаблдаған тергеуші жедел тергеу тобын басқарады. Жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын қызметкерлер, жедел тергеу тобы жетекшісінің нұсқауы негізінде жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізе алады және ол тергеу әрекеттері тиісті хаттамада көрсетіледі. Жедел тергеу тобының құрамына кіретін жедел іздестіру қызметін атқаратын қызметкерлер, қылмыстық іс бойынша жедел іздестіру шараларын жедел тергеу тобы басшысының келісімімен жүзеге асырады. Жедел іздестіру шараларының шешімі заңнамаға сай рәсімделеді және жедел тергеу тобының басшысына баяндалады.

Аталған, мазмұнға сай, Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесстік кодексіне өзгерістермен толықтырулар енгізілген жағдайда, жедел қызметкерлердің қылмыстық істі тергеуге қатысу мәселесін жеңілдетеді, сондай-ақ, қылмыстық іс бойынша өтіп жатқан тұлғалардың құқықтары мен заңды мүделерін қозғайтын жедел қызметкерлердің жұмыстары процессуалдық бақылауға алынады. Тергеудің тиімділігін арттырады және тәжірибеде өзінің негізін анықтап үлгерген, тергеушілермен жедел қызметкерлердің өз-ара қарым-қатынас нысанын заңды түрде бекітеді. Қылмыстарды ашуға қатысатын органдардың өз-ара байланысының оң нәтиже көрсететін тиімді нысаның бірі ол, жедел тергеу тобы болып табылады. Қылмысты ашу мақсатында, жедел тергеу тобы тиімді шараларды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Оның құрлымын тереңірек қарастырып көрелік.

Сонымен, жедел-тергеу тобы өз қажеттілігін дәлелдеген объективті түрде әрекет ететін құбылыс болып табылады. Дегенімен, жедел тергеу топтарын құру және оның сотқа дейінгі тергеп тексеруді жүргізіуін ұйымдастыруға байланысты заңнама талаптарын әліде болса жетілдіру қажет екендігі айқын. Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесстік Кодексінің 194 бабының 1-ші бөлігінде, іс бойынша сотқа дейінгі тергеп тексеру ол күрделі немесе үлкен көлемді болған жағдайда тергеушілер және анықтау органының қызметкерлері тобына (тергеу, жедел-тергеу тобына) тапсырылуы мүмкін және бұл туралы шешімді тергеу бөлімінің немесе анықтау бөлімінің бастығы қабылдауға құқылы деген түсінік бар [3]. Бұл норма тергеу тобы және оның басшыларымен мүшелерінің құзыретін ғана айқындайды.

Жедел-тергеу тобының түсінігіне, құрылу тәртібіне, әрекетінің (қызетінің) тоқтатылуына, қатысты заңдық тұрғыдан белгі бір түсіндірменің болмауы, жедел бөлімше қызметкерлері және жедел-тергеу тобы арасындағы қарым-қатынастың жүйелі түрде дамуына өзінің кері әсерін тигізеді. Сондықтанда, қылмыстық процестік кодексте жедел-тергеу тобының түсінігі айқындалуға жатады, өйткені жедел-тергеу тобын құру сұрағын қарастырмас бұрын, ең алдымен ол топтың түсінігі заңнама талаптарында өз бекуін табуы керек.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік Кодексінде, іс бойынша сотқа дейінгі күрделі немесе үлкен көлемді қылмыстар, жедел-тергеп тексеру тобына берілуі мүмкін екендігі көрсетілген. Алайда, заңшығарушы «үлкен көлемді» және «күрделі» деген түсініктердің мазмұнын ашпайды, яғни қандайда бір қылмыстық істерді жедел-тергеу тобына тапсыруға байланысты критериялар жоқ.

Құқық қолдану тәжірибесінде алдын-ала тергеуді тергеушілер тобына тапсыру туралы шешімді әр кезде құзырлы тұлға өзінің субъективті көз қарасына байланысты қабылдайды.

Ауқымды және күрделі деп танылатын қылмыстық істердің түсінігі келесідей белгілер арқылы анықталуы мүмкін:

- 1) Қылмыс оқиғасы және қылмыс жасаған тұлғалар туралы бірнеше болжамдар туындағанда және ол болжамдарды барынша қысқа мерзім ішінде тексеру қажет болғанда;
- 2) Іс материалдарында өз-ара байланысы бар эпизодтардың көп болуы және оларды жеке тергеу мүмкіндігінің болмауы;
- 3) Іс бойынша бір немесе бірнеше қылмыстарды бірге жасаған айыпталушылар санының көп болуы;
- 4) Тергеу амалдарын жүргізетін территорияның үлкендігі, тергеу әрекеттеріне жүгізуге қиындықтар туындататын болса;
- 5) Қоғамда резонанс туындатқан қылмыстар бойынша.

Егерде, аталған санаттағы қылмыстық істер бойынша осындай және бұданда басқа нақты критериялар заңнама талаптарында айқындалса, бұл жедел–тергеу тобын құру барысында туындайтын бірқатар сұрақтардың шешімі болар еді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік Кодексіне сәйкес тергеу тобын құру туралы шешімді тергеу бөлімінің немесе анықтау органының бастығы және прокурор қабылдауға құқылы, яғни, заң шығарушы тергеу тобын құруды шешуді аталған лауазым тұлғаларының құзіретіне берген.

Осындай таңдау компонентінің болуы күрделі және ауқымды қылмыстық істердің объективті тергелуіне өзінің кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтанда, жедел-тергеу тобымен тергелетін аса ауыр күрделі, ауқымды қылмыстар санатының тергеулігі анықталғаны жөн. Нәтижесінде, аталған

қылмыстар тек жедел-тергеу тобымен тергеліп, мұндай қылмыстардың тергеу сапасы көтеріледі және белгілі бір нақты тәжірибе қалыптасады.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесстік Кодексі жедел-тергеу тобын тарату мәселесінде қарастырмайды, яғни қандай жағдайда, оның ішінде қандай процессуалдық құжаттар арқылы жедел тергеу-тобын тарату негіздері нақты айқындалмаған.

Мұндай жағдай, тәжірибеде жедел-тергеу топтарының заңсыз таратылуына немесе оны таратуға байланысты негізсіз ауызша тұжырымдардың жасалуына әкеліп соғады.

Егерде қылмыстық іс қысқартылса, сотқа жолданса онда тергеу тобын таратуға байланысты қандай да бір шешімдер қабылдау қажеттілігі туындамайды. Тек, бұдан басқа негіздер бойынша, жедел-тергеу тобын тарату туралы шешім, тергеу тобы басшысының тергеу тобын тарату негіздері көрсетілген қаулысы арқылы қабылдануы тиіс.

Қылмысты тергеу барысында уақытша әрекет ететін құрылымдардың құрылуы мен әрекет етуіне қатысты қылмыстық процесстік заңнаманың нормасына жасалған талдау негізінде, қылмыстық процесстік заңнама бойынша, аса ауыр және күрделі қылмыстарды тергеу барысында жедел тергеу органдарымен жүйелі түрде әрекет ететін жедел іздестіру немесе кезекші топтар құру жағдайы қарастырылмаған.

Сонымен қатар, қылмыстық процесстік заңнама бойынша, аса ауыр күрделі қылмыстарды ашумен және тергеумен айналысатын жүйелі түрде қызмет атқаратын жедел тергеу топтарын құру жағдайлары қарастырылмаған. Барлық жедел тергеу топтары уақытша сипатқа ие. Дегенімен нақты санаттағы қылмыстар бойынша, жүйелі түрде қызмет атқаратын тергеу топтары болған жағдайда, ауыр, аса ауыр және көп жылдар өткен қылмыстарды тергеу нәтижесіне оң әсерін тигізген болар еді. Жүйелі қызмет ететін осындай жедел тергеу органдары басқада құқық қорғау органдарымен қылымыстылықтың алдын алуға оны ашуға және тергеуге байланысты өз-ара қарым қатынасыда нығая түседі. Сондықтанда, қылмыстық заңнамаға жүйелі түрде үнемі қызмет атқаратын жедел тергеу топтарын құру сұрағына қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігін көреміз.

Осыған орай, бірлескен жүйелі түрде әрекет ететін жедел тергеу топтарын құру туралы идеяны алға тартуға болады. Мұндай топ нысанын ТМД аумағында қылмыстылықпен күресудің тиімді құралы ретінде мысалға келтіруге болады.

Дәлірек айтқанда, 2015 жылдың 16 қазанында Қазақстан Республикасы Бурабай кентінде тәуелсіз мемлекеттер басшыларының кезекті кеңес отырысы өткізілген. Отырыс барысында көптеген мәселелер көтеріліп, Тәуелсіз мемлекеттердің одан арғы ынтымақтастығын көздейтін бірнеше маңызды құжаттарға қол қойылған, оның ішінде қылмыстылықпен күресу сұрақтарыда көтерілген. Осы салада қазіргі заман сұранысына ие боып тұрған мәселе яғни,

ТМД аумағында бірлескен жүйелі түрде әрекет ететін жедел тергеу топтарын құру тәртібіне қатысты келісім қарастырылған.

Бұл құжат, белгілі бір деңгейде «азаматтық, отбасылық, және қылмыстық құқықтық қатынастар саласында құқықтық көмек көрсету туралы» 7 қазан 2002 жылғы ТМД мемлекеттерінің конвенциясын одан әрі жетілдіреді және оны нақтылайды. Келісімде, бірлескен жедел-тергеу тобын құру және оны тарату нормалары қарастырылған. Мұндай топтарыдың негізгі мақсаты – трансұлттық қылмыстарды ашу және тергеу болып табылады.

Келісім бойынша, бірлескен жедел тергеу топтары достастық мемлекеттердің құзырлы органдарының қылмыстық істерді тергеу мен оны ашудағы өз ара әрекеттесу нысаны деп көрсетілген.

Бірлескен жедел тергеу топтарының басты міндеттеріне келесілерді жатқызуға болады:

қылмысты ашу мен оын тергеу барысындағы құзырлы органдар қызметінің өз ара келісімдерге келу арқылы қызмет жасауы;

-өзара қарым-қатынастарды мейілінше жеңілдетуді ұйымдастыру;

-жедел ақпарат алмасуға жағдайлар туындату;

-қылмыстық істерді ашу мен тергеу барысындағы келісілген әрекеттердің орындалысы туралы өз ара ақпарат алмасу;

-келтірілген нұсқаларды мемлекеттер аумағында тексеруді жоспарлау;

-зерттеу және сараптамалар жүргізуді ұйымдастыру;

-заттай дәлелдемелерді сақтау басқа мемлекеттерге жолдау сұрақтарын шешу;

-процессуалдық әрекеттерді жүзеге асыру немесе жедел іздестіру шараларын жүргізу туралы тапсырмаларды орындау.

Бірлескен жедел тергеу топтарының өзара қарым қатынастарын мейілінше жеңілдетуді ұйымдастыру халық аралық құқықтық тәжірибеде жаңашыл норма болып табылады, яғни бұл норма қылмыстылықпен күресуде достастық мемлекеттер органдардың өзара қарым-қатынастарын нығайта түседі.

Бірлескен жүйелі түрде әрекет ететін жедел тергеу топтарының жеңілдетілген өзара қарым-қатынастары, процессуалдық және жедел-іздестіру шараларының екі жақты сұраныстарға байланысты орындалуына және орындау уақытымен орынына қатысты ақпарат алмасудан тұрады. Сондай-ақ, сұраныс жолдаған құзырлы органның өкілдері процессуалдық шараларға қатысуға құқылы. Сонымен, достастық мемлекеттер аумағында бірлескен жүйелі түрде әрекет ететін жедел тергеу топтарын құру, ТМД мемлекеттерінде қылмыстылықпен күресудің құқықтық базасын біршама дамытуға өз әсерін тигізеді және қылмыскерлерге әділ жаза тағайындау принципінің орындалуын қамтамасыз етеді деп есептейміз.

## 2.2. Тергеу, жедел-тергеу тобы қызметіндегі құқықтық және ұйымдастырушылық сипаттағы келелі сұрақтар

Жалпы, қылмыстық процессуалдық әдебиеттерде прокурор алдын-ала тергеу өндірісін бірнеше тергеушілерге тапсыруға яғни тергеу топтарын құруға құқылы екендігі айтылады. Бұл көз қарасты көптеген ғалымдар қолдайды.

ҚР ҚПК-нің 194 бабының 3 бөлігіне сай, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, оның орынбасарлары, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар айрықша жағдайларда тергеп тексерудің толық және объективті болмау фактілері, істің күрделілігі мен маңыздылығы айқындалған кезде прокурорлар, сондай-ақ, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын бір немесе бірнеше органның тергеушілері мен жедел қызметкерлері арасынан топ құра алады, бұл ретте прокурорды осы топтың жетекшісі етіп тағайындап, бұл шешімді өз қаулысымен рәсімдейді [3].

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министірлігі тарапынан жедел тергеу топтары негізінен көп жағдайда ұйымдасқан қылмыстарды тергеу құрылымдық бөлімшелері және тергеу басқармалары арқылы құрылады. Жедел тергеу құрамына тергеу саласында мол тәжірибеге ие және сапалы дайындықтан өткен тергеушілер қабылданады, сондай-ақ, тиісті қызмет басшыларының келісімі арқылы жедел және басқада Ішкі істер министірлігінің орталық аппарат қызметкерлері тергеу тобына тартылады. Сонымен қатар, жедел іздестіру шаралары және тергеу әрекеттерінің келісілген жоспарын басшылыққа ала отырып, тиісті бұйрық қабылдау арқылы, жедел тергеу топ құрамына басқа қызметтің уәкілдерін қосу туралы шешім қабылдануыда мүмкін.

Бұдан басқа, жедел тергеу тобы штат құрамына енетін тергеушілерден құрылатын жағдайларда, яғни жедел тергеу құрамына еңгізу үшін, тергеушілерді немесе оларды басқа органдардың құрлымдық бөлімшілерінен қабылдау қажеттілігі туындамаған жағдайда, жедел тергеу топтарын құру туралы шешім сол тергеу бөлімінің басшысымен немесе оның орынбасарымен ал, егерде жедел тергеу тобын құру барысында оның құрамына басқада органдардан тергеушілермен мамандар тарту қажет болса, онда жедел тергеу тобын құру туралы шешім басқарма басшысы немесе оның орынбасарының деңгейінде қабылдануы тиіс деп есептейміз.

Сондай-ақ, тәжірибеде жедел тергеу топтарының құрамын өзгерту сұрағы, сол топты құрған не болмаса оның міндетін атқарушы тұлғамен немесе тиісті уәкілеттіліктер берілген жоғары тұрған басшымен қабылданады.

Алайда, тәжірибе –ол заң емес. Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік заңнамасын қабылдау барысында заңшығарушы орган жедел тергеу топтарын құру және оның қызметін реттеу мәселесін қарастыруға тырысқан, яғни жаңадан 2014 жылы қабылданған ҚР ҚПК-де жедел тергеу топтарын

құру және оның қызыметіне қатысты мәселелерді реттейтін екі бап (194, 195) бар. Осы баптарды мәнін ашып қарастырайық.

ҚР ҚПК-нің 195 бабы жедел тергеу топ жетекшісінің өкілеттіліктерін қарастырса, 194 бап тергеу, жедел-тергеу тобын құру негіздерін, оның сотқа дейінгі тергеп тексеруді жүргізу және тергеу тобын құру туралы шешімді қабылдауға құзыретті тұлғалардың шеңберін анықтайды[3]. Яғни, топқа сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын бірнеше органның тергеушілері, анықтау органының қызметкерлері кіруі мүмкін. Мұндай топты құру туралы шешім прокурордың нұсқауы бойынша да, тергеу бөлімі немесе анықтау органы бастықтарының бастамасы бойынша да қабылдануы мүмкін. Мұндай шешім осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген талаптарды сақтай отырып шығарылатын бірлескен қаулымен рәсімделеді.

Сонымен қатар, ҚР ҚПК-нің 58 бабына сай, прокурор өз құзыреті шегінде жедел-іздістіру қызметінің, анықтаудың, тергеудің және сот шешімдерінің, қылмыстық процестің барлық сатыларында қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Конституциясының 89 бабына және осы Кодекске сәйкес өкілеттіліктерді жүзеге асыратын лауазымды адам: осы Кодексте белгіленген өкілеттіліктер шегінде іс-әрекет жасайтын Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары, орынбасарлары, олардың аға көмекшілері мен көмекшілері, Қазақстан Республикасының Бас әскери және Бас көлік прокурорлары, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың прокурорлары және олардың орынбасарлары, департаменттердің, басқармалардың және бөлімдердің бастықтары, олардың орынбасарлары, аға көмекшілер мен көмекшілер басқармалар мен бөлімдердің аға прокурорлары және прокурорлары, аудандардың, қалалардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар, олардың орынбасарлары, аға прокурорлармен прокурорлар. Соттың қылмыстық істі қарауына қатысатын прокурор айыптауды қолдау арқылы мемлекеттің мүдесін білдіреді және мемлекеттік айыптаушы болып табылады.

Сонымен жедел тергеу топтары прокурордың бастамасымен құрылған жағдайда, прокурор тек жедел тергеу тобының алдын-ала тергеу өндірісіне қадағалауды ғана жүргізіп қоймай, сондай-ақ, ол топтың жетекшісі болып табылады. Мұндай жағдайларда прокурордың бастамасымен құрылған жедел тергеу топтары тек, прокурорға бағынышты тергеушілер қатарынан құралыуы тиіс деп есептейміз. Өйткені, өзара келісілмеген, яғни басқада органдардың штаттық бірліктерін, штаттық бірлікке түсетін жұмыс көлемінің ауырлығын ескерместен басқа органдардың қызметкерлерінен тұратын жедел тергеу топтарын құру, жедел іздістіру қызметі мен тергеу құрылымдарының басқару қызметіне негізсіз араласу және құрылымдық бақылау арқылы прокурорлық қадағалауды алмастыру деп қарастыруға болады. ҚР ҚПК-нің 58 бабында



көрсетілген прокурордың құзіреттілігіне яғни жедел-іздігіру қызметінің, анықтаудың, тергеудің және сот шешімдерінің, қылмыстық процестің барлық сатыларында қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды, оның ішінде қылмыстық істің ауқымдылығымен күрделілігіне байланысты ол қылмыстық істі тергеушілер тобымен тергеуді ұйымдастыру туралы нұсқаулар беру құзіретін шектемейді[3].

Алайда, тергеушілердің сандық және жекелеген құрамын анықтау және оларды әр участкелерге бөлу мәселесін шешу тергеу бөлімінің басшысына тиесілі болса, тергеушілерге түсетін ауырлық мәселесіде тиімді шешілген болар еді. Өйткені ішкі жұмыс бойынша тергеушілерге түсетін ауырлық көп жағдайда прокурорға емес, тергеу бөлімінің басшысына мәлім болады. Бұл мәселеге байланысты әдбиеттерде басқада көз қарастар келтіріледі. Мысалы, Улишенко И.С. қадағалаушы прокурордың алдын-ала тергеуді бірнеше тергеушімен жүргізу туралы нұсқаулар беруі, оның өз еркімен басқа органдардың тергеушілерінен құралатын тергеу топтарын құру құқығынан айырмайды, дегенімен бұл сұрақ тергеу бөлімінің басшысымен шешілгені тиімдірек болатыны туралы ойды алға тартады [15;186]. Жалпы, аталған сұрақтар шешіміне қатысты қорытынды тұжырым жасасақ, негізінен алдын-ала тергеу заңдылығын қадағалаушы прокурор, тергеушіге және тергеу құрылымының басшысына процессуалдық сипаттағы нұсқау беруге құқылы, бір-ақ, тергеу органдарының басқару саласына қатысты тәуелсіз шешім қабылдау құқықтарына нұқсан келтірмеу жолдары қарастырылғаны жөн. Яғни прокурор алдын-ала тергеу органдарының ішкі қызметтіне араласпауы тиіс.

Сонымен қатар, прокуратура органдарының қызметкерлерінің қатысуымен салааралық тергеу топтарын құру туралы өзара келісілген шешім қабылдау немесе прокурордың нұсқауы бойынша салааралық жедел тергеу топтары құрылған жағдайда жедел тергеу топтарын құру туралы қаулы алдын-ала тергеу органы және прокуратура тарапынан өзара келісілген түрде қабылдануға жатады. Топтық тергеуді реттеу, алдын-ала тергеуді тергеушілер тобына тапсырудың негізінен және нұсқау беру тәртібінің нормаларынан басталуы қажет. Сондықтанда, ҚР ҚПК-нің 194 бабының нормасына сай, «Іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру ол күрделі немесе үлкен көлемді болған жағдайда тергеушілер және анықтау органының қызметкерлері тобына тапсырылуы мүмкін». Бұл мезетте топ жетекшісінің және жедел тергеу тобының құрамына енетін тергеушілердің өкілеттіліктеріне қатысты мәселеге жетік тоқталған жөн.

ҚР ҚПК-нің 195 бабы бойынша топ жетекшісінің өкілеттіліктерін жалпылама түрде яғни «Топ жетекшісі өз қаулысымен істі өзінің іс жүргізуіне қабылдайды, топтың жұмысын ұйымдастырады, басқа тергеушілер мен анықтау органдары қызметкерлерінің әрекеттеріне басшылық жасайды» деген мағынада ғана қарастырады. Ал, жедел тергеу тобының тергеушілерінің өкілеттіліктері ҚР ҚК-нің 60 бабының «тергеуші» деген жалпы нормаларымен

қамтылған. Атап айтқанда, тергеуші – қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді өз құзыреті шегінде жүзеге асыруға уәкілетті лауазымды адам: ішкі істер органдарының тергеушісі, ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеушісі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің тергеушісі және экономикалық тергеу қызметінің тергеушісі, сондай-ақ осы Кодексте көзделген жағдайларда – прокурор. Тергеуші өз қаулысымен істі өзінің іс жүргізуіне қабылдап, ол бойынша алдын ала тергеуді жүзеге асыруға және осы Кодексте көзделген барлық тергеу әрекеттерін орындауға құқылы. Заңда прокурордың келісімін, соттың санкциясын немесе соттың шешімін алу көзделген жағдайларды қоспағанда, тергеуші сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу кезінде барлық шешімді өзі дербес қабылдайды және олардың заңды және уақтылы орындалуы үшін толық жауапты болады. Тергеушінің қызметіне заңсыз араласу қылмыстық жауаптылыққа алып келеді делінген.

Қылмысты тергеушілер тобымен тергеудің теориялық әдісін алғашқылардың бірі болып Ресей ғалымы А.А. Герасун өзінің диссертациялық зерттеуінде талқылаған. Оның тұжырымынша қылмыстық істі тергеу үшін, тергеушілер тобына тапсырма беру тергеу өндірісінде бірнеше маңызды процессуалдық шаралар нәтижесін туындатады, оның ішінде топ жетекшісінің тергеушілер тобымен жүргізілетін тергеу өндірісіне деген жауапкершілігі, азаматтарға қатысты бір емес бірнеше тергеушілердің процессуалдық шешімдер қабылдауы және процессуалдық мәжбүрлеу шараларын қолдануын айтуға болады [13;245]. А.А. Герасун осы мәселені зерттеу арқылы басқада, яғни, В. Танасевич, И. Шкорбатов, А. Роцин сияқты ғалымдардың «қылмыстық істі жедел тергеу тобымен тергеу барысында маңызды процессуалдық шешімдер тек қана топ жетекшісімен ғана қабылдануы тиіс» деген пікірге өзінің қарсылығын білдіреді. Өйткені, «ондай тәсіл топ мүшелерінің және топ жетекшісінің құзыретін негізсіз шектеуге әкеп соғады, атап айтқанда топ мүшелері өз еріктерімен қандайда бір процессуалдық шешімдер қабылдауға құзыретсіз болады, ал, топ жетекшісі топ құрамындағы тергеушілерге қандайда бір тергеу учаскелерін бөліп беріп, тергеу процессін қадағалау құзыретінен айырылады» деген ойды келтіреді [18;120]. Ғалымның бұл пікірімен әбден келісуге болады себебі, Ресей және Қазақстан Республикаларының қылмыстық процессуалды заңнамалар мазмұндарында құрлымдық сала бойынша немесе қандайда бір нақты қылмыстарды тергеу барысында оған берілген рөлге байланысты тергеушілердің құқықтарымен құзыреті шектелмейді. Жалпы егер тергеу шаралары заңнама аясында қолданылған болса, оны мейлі тергеушілер не болмаса топ жетекшісі қабылдасада туындайтын процессуалдық нәтижелер бірдей болмақ. Топ жетекшісінің тергеушілерден айырмашылығы тек оған бірге тергелеп жатқан қылмыстық іс бойынша тергеушілер қызметіне басшылық жасауға байланысты ұйымдастырушылық сипаттағы өкілеттілік берілген. Топ жетекшісі қылмыстық қудалауды, қылмыстық істі тоқтату немесе оның бір бөлігін

тоқтату, қылмыстық істерді біріктіру және бөлу, сондай-ақ, сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін ұзартуға қатысты өтінішхат қозғау туралы, сот санкциялайтын бұлтартпау шараларын қолдану және оларды ұзарту туралы шешімдерді қабылдайды. Сонымен қатар, айыптау актісін, істі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы мәселені қарау үшін сотқа беру туралы қаулыны, іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулыны топ жетекшісі жасайды және оларға қол қояды. Топ жетекшісі ҚР ҚПК-де белгіленген тәртіппен қылмыстық іс бойынша басқа тергеушілер жүргізетін тергеу әрекеттеріне қатысуға, тергеу әрекеттерін жеке өзі жүргізуге және шешімдер қабылдауға құқылы. Сонымен қатар, жетекші болып тағайындалған прокурор тергеушінің ҚР ҚПК-де көзделген барлық өкілеттіліктерін пайдаланады.

И.С. Улищенко топ жетекшісімен тергеушілер құзыреттігін ажырату сұрағына байланысты өзінің соңғы зерттеулерінің бірінде, «қылмыстық заңнама бұл мәселені ашық қалдырады» -деп жазған [15;289]. Жедел тергеу тобының жетекшісімен оның тергеушілерінің тең құқықтылық жағдайын қолдайтынын аталған автор және Б.А. Викторов, И.С. Галкин, Л.М. Карнеева, А.А. Герасун, В.А. Дубривный сияқты авторлар, жедел тергеу топтарының мүшелері процессуалдық дәрежелеріне сай, тергеушілер болып табылады, сондықтан жедел тергеу топ жетекшісінің өкілеттілігін қайталап айқындаудың қажеттілігі туындамайтындығы туралы сұрақты көтерген [14;301]. Бұл тұжырымға қарама-қайшы ой келтірген ғалымдарда бар, яғни Р.С. Белкин, Н.В. Жогин, А.М. Ларинның пайымдауларына, қылмыстық істі тергеушілер тобының ішінен бір тергеуші өз өндірісіне қабылдайды, осыған байланысты тек қана сол бір тергеуші ғана маңызды процессуалдық шешімдер қабылдауға құзырлы болуы қажет, өйткені сол тергеуші қылмыстық іске өзі жеке басты жауап береді. Сондықтан, қылмыстық процессуалдық заңнама бойынша жедел тергеу топ жетекшісінің өкілеттіліктерін жекелеген нормалар арқылы қарастырудың қажеттілігі туралы тұжырымдар келтірілген [39;138]. Шын мәнінде жедел тергеу тобының мүшелері тарапынан тәуелсіз түрде маңызды процессуалдық шешімдер қабылдауларына қатысты қылмыстық процессуалдық заңнама тараптан қандайда бір қатаң шектеулер қойылмаған.

Дегенімен, тергеу тобының мүшелерімен оның жетекшісінің құзыреттіліктерін айыру сұрақтары, алдын ала тергеу органдарының иерархиялық, салааралық процессуалды бақылаулар жүргізу негізінен өз орынын тапқан. Осыған байланысты, жедел тергеу топ жетекшісінің құзыреттілігіне қатысты қылмыстық процессуалдық заңнама тарапынан арнайы жеке бап қабылданған.

Сонымен қатар, ұжымды басқаруға арналған кез-келген қызмет, нұсқаулар мен тапсырмалар беруден, олардың орындалуына бақылау жүргізу мен жоспарлаудан және жүктелген міндеттерді орндамауға байланысты тәртіптік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартудан тұрады. Жедел тергеу

топ жетекшісі қарамағындағы қызметкерлерге процессуалды және әкімшілік тұрғыдан әсер етудің көптеген тетіктеріне ие. Сондықтанда, заңшығарушы орган жедел тергеу тобының жетекшісін тергеу өндірісі барысында қылмыстық іс бойынша маңызды процессуалдық шешімдерді қабылдай алатын жеке дара тұлға ретінде оның құзыреттілігін бөлек бап арқылы қарастырғаны тәжірибеде өзінің оң нәтижесін береді деп есептейміз. Ондай маңызды процессуалды шешімдерге айыптаушы ретінде тану туралы, айыптаудың көлемін өзгерту, қамау түріндегі бас шарасын қабылдау, қылмыстық істі қысқарту туралы, процессуалдық мерзімдерді ұзарту, тінту жүргізу өндірісі туралы және басқада санкция немесе прокурордың келісімен қажет ететін қаулыларды жатқызуға болады. Сондай-ақ, қылмыстар жасауға себеп болған жағдайлармен заңбұзушылықтарды жою туралы ұсыныс келтіру, мәжбүрлеп емдеу шарасын шешу туралы айыптау актісін жасау және істі сотқа жолдау туралы қаулыны қабылдау құзыретін айта кеткен жөн. Тергеу тобындағы кез-келген тергеуші өз өндірісіне қабылданбаған қылмыстық іс бойынша дереу түрде жоғарыда көрсетілген шешімдердің бірін қабылдау керек болған жағдайда, оған осындай әрекеттерді жүзеге асыру туралы тергеу тобының жетекшісінің жазбаша рұқсатын алуға тура келеді.

Тергеушімен басқа органдар қызметкерлерінің арасындағы қалыптасатын процессуалдық қарым-қатынас орнату проблемалары көптеген теориялық зерттеудің тақырыбына айналған.

Ондай қарым-қатынасты ұйымдастырудың нысаны тәжірибе арқылы қалыптасқан. Қарым-қатынас түрлерінің кеібір түрлері ведомстволық нормативтік құқықтық актілерде ресми түрде құқықтық көрініс тапқан.

Заң әдебиеттерінде тергеушімен анықтау органы арасында анағұрлым кең тараған келесідей қарым-қатынас түрлері айқындалған:

-қылмыстар туралы ақпараттар, арыздар мен хабарламаларды қарау, сондай-ақ, қылмысты тергеу мен ашу мақсатында келісілген жоспарлар құру және келісілген процессуалдық әрекеттерді, жедел іздестіру және басқада шараларды жүргізу;

-оқиға орынын қарау барысындағы мәліметтерді және басқада ақпараттарды қолдану арқылы «ізін суытпай» қылмыскерді іздестіру шараларын ұйымдастыру;

-қылмыс туралы ақпарат негізінде оқиға орынына шығу бойынша жедел тергеу тобымен атқарылатын бірлескен әрекеттер;

-тергеу әрекеттері немесе басқа да қызмет бойынша өзара алдын ала келісілген жоспарға сай, қылмыстық іс бойынша жинақталған мәліметтерді талқылау, негізді болжамдар келтіру, тергеу әрекеттерін жалғастыруға байланысты не ғұрлым тиімді әрекеттерді ұсыну, яғни өзара ақпараттандыру жүйесінің қалыптасуы;

-қылмыстық іс қозғау сұрағын шешу мақсатында, жедел іздестіру шаралары бойынша жинақталған мәліметтерге бірлескен талдаулар жүргізу

және тағы басқа.

Дегенімен, өзара қарым-қатынастыр мақсаты жүйелі түрде тек, жедел тергеу тобы аясында қалыптасытыны тәжірибеде дәлелденген. Мұндай топтың басшысы болып өндірісінде қылмыстық ісі бар тергеуші болатыны айқындалған. Өйткені, топтың түпкі мақсаты жасалған қылмысты жан-жақты толық тергеу болса, тергеу барысына дәл осы мақсатқа тікелей тергеуші жауапты болады. Аталған өзара қарым-қатынас орнаудың нысаны тәжірибе қызметкерлері сондай-ақ, теоретиктер тарапынан да өз қолдауын тапқан және тәжірибеде кеңінен таралуда. Ю.И. Шостак және А.Я. Дубински аталған тақырып аясына арналған өз еңбектерінде, тергеуші мен жедел тергеу, анықтау бөлімдері арасында жүйелі түрде сауатты қалыптасқан өз ара қарым-қатынас, аса күрделі шиеленіскен және көп эпизотты қылмыстық істерді нәтижелі сәтті тергеуге жол ашатына тоқталған. Ал, мұндай тенденцияның қалыптасыуына келісілген шаралардың көптеп жүзеге асуы себеп болатынын айтқан [18;425].

Ғылым, тергеушімен анықтау органы арасындағы өзара қарым-қатыныс туралы түсікті, қылмыстық заңнама аясына сүйене отырып айқындайды. Яғни қылмысты ашу және тергеу мақсатын ұстанған әкімшілік қатынаста бір біріне тәуелді емес органдардың, қылмыстық істі жан-жақты және объективті тергеуге, ашуға және қылмыстың алдын алуға бағытталған қызметін айтады.

Аталған органдардың өзара қарым-қатынас орнатуға байланысты қажеттілік, қылмыстылықпен күресу және осы жолда әр түрлі әдістерді нәтижелі жүзеге асыруға байланысты туындаған.

Дегенімен, ҚР ҚПК жедел тергеу топтарын құру және оның қызметіне қатысты мәселені толық және нақты ашпайды. Атап айтқанда, ҚР ҚПК жедел тергеу топтарын құру мүмкіндіктерін ғана қарастырады, яғни топ құрамына кіретін тергеушілер мен анықтау органдарының бірлесіп күрделі қылмысты тергеу түсінігімен ғана шектеледі. Сондықтанда, алдын ала тергеу органдарының, оның ішінде тергеу тобының құрамындағы тергеуші құзыретін арттыруға арналған негізгі нормалардың бірі, ҚР ҚПК-нің 60 бабында айқындалып отыр. Онда, тергеушінің өзі тергеп-тексеретін істер бойынша анықтау органдарының тергеп-тексеріліп жатқан іске қатысты жедел есепке алу істерімен және жасырын тергеу әрекеттерінің материалдарымен танысуға, оларды Кодексте белгіленген тәртіппен осы іске қосып тігу үшін талап етіп алдыруға, анықтау органдарына орындау үшін міндетті, іздестіру, тергеу және жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу туралы тапсырмалар мен нұсқаулар беруге және олардан тергеу әрекеттерін жүргізуге жәрдемдесуді талап етуге құқылы деп көрсетілген [3].

Ал, ҚР ҚПК-нің 61 бабына сай, Қылмыстық құқық бұзушылықтың сипатына қарай анықтау органдарына: заңда белгіленген құзыретіне сәйкес қылмыстық құқық бұзушылық белгілері мен оларды жасаған адамдарды табу, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу мақсатында қажетті қылмыстық-процестік және іздестіру іс-шараларын қолдану; алдын ала

тергеу жүргізілетін істер бойынша ҚР ҚПК-нің 196-бабында көзделген тәртіппен қылмыстық-процестік және іздестіру іс-шараларын орындау; алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес істер бойынша ҚР ҚПК-нің 191-бабында көзделген тәртіппен анықтау; қылмыстық теріс қылық бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді хаттамалық нысанда жүзеге асыру; ҚР ҚПК-нің 189-бабының үшінші және бесінші бөліктерінде көзделген жағдайларда алдын ала тергеу ісін жүргізу жүктеледі [3].

Сонымен, құқық қорғау органының жүйесі, оның ішінде анықтау органдары бір жағынан қылмыстық процессуалдық заңнама бойынша алдын ала тергеу құзыретімен, екінші жағынан қажетті жедел іздестіру құзыретімен қамтамасыз етілгенін көре аламыз. Аталған бағыт бойынша тергеу және жедел тергеу құрлымдар қызметінде қылмыстылықпен күресу жолындағы туындаған мәселелерді, заң шығарушы орган тарапынан комплексті түрде шешу жолдары қарастырылғаны байқалады.

Атап айтқанда, жедел тергеу тобының жетекшісі болып, өндірісінде қылмыстық іс бар тергеуші тағайындалады. Ол тергеу өндірісінің әрекеттеріне жеке қатысып қоймай, тергеуге бағыт бағдар береді және тергеуді жоспарлайды, топ мүшелері арасындағы жұмысты бөледі және ол жұмысты үйлестіреді, тергеу әрекеттерін ұйымдастырады және бақылауға алады, қылмыстық іске қатысы бар жедел жинақталған материалдармен танысады, оларды қолдануға және процессуалдық жолмен заңдастыру әрекеттеріне жеке жауапты болады.

Сонымен қатар, егер қылмыстық істі өз өндірістеріне қабылдаған болса, прокурор немесе тергеу құрылымының басшысы жедел тергеу тобына жетекшілік ете алады. Егер жедел тергеу тобына бірнеше жедел қызметкерлер еңгізілсе, олардың біреуі топқа жауапты тұлға тағайындалады. Жедел тергеу тобының тергеушілері топ жетекшісінің тапсырмаларын орындайды, қылмысты тез ашуға және тергеуге байланысты тиісті шараларды қабылдайды, қылмыс жасаған тұлғаның кінәлілігіне қатысты дәлелдемелерді жинайды және оны тексереді. Олар ҚР ҚПК-де белгіленген барлық құзыретпен қамтамасыз етілген жедел жолмен алынған ақпаратпен танысуға құқылы. Жедел тергеу тобының жетекшісі жедел іздестіру жұмыстарының, тергеуші тапсырмаларының, криминалистикалық, жедел-анықтау және басқада тізімдемелер бойынша жүргізілетін тексерістердің, тез әрі сапалы жүзеге асуын қамтамасыз етеді, ақпарат алмасуды жүргізеді, жедел іздестіру шараларын үйлестіреді.

Жедел тергеу тобының қызметкері өз құзіретін қылмыстық-процестік заңнама, Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдары туралы» Заңның және Қазақстан Республикасының «жедел іздестіру қызметі туралы» Заңының, ішкі істер органның қызметін реттейтін нормативтік құқытық актілер аясында жүзеге асырады. Сондай-ақ, жедел тергеу тобы жетекшісінің нұсқауларын орындайды және қылмысты тез ашуға байланысты шаралар қабылдайды. Егер

олар тергеушінің тапсырмасы бойынша қандайда бір тергеу әрекеттерін жасайтын болса тергеуші тапсырмасы қылмыстық іске тігіледі.

Криминалистика-сараптама құрылымының қызметкерлері және басқада мамандар алдын ала тергеу барысында оқиға болған жерді қарауға қатысады, өзгеде тергеу амалдарын, яғни қылмыс іздерімен дәлелдемелерді табу, тіркеу және алуға көмек көрсетеді, суретке түсіреді және аудио-видотаспа жүргізеді, аналитикалық және іздестіру құралдарын қолданады.

Тергеу өндірісінің келісілген шешімдерімен жедел іздестіру шараларын жүзеге асыру барысында, барлық субъектілер қылмыстық заңнама және нормативтік құқықтық актілер негізінде өздеріне берілген құзыреттер бойынша әрекет етеді. Жедел тергеу тобының жұмысы жоспар негізінде құрылады, сондықтан тергеу әрекеттерінің және жедел іздестіру шараларының келісілген жоспары жасалады. Қажет болған жағдайда ұйымдастырушылық бағытта жоспар құрылады, ол жоспарда тергеу жүргізуге арналған күш пен қажеттіліктер мөлшері есептеліп жоспарға еңгізіледі. Жедел тергеу тобын құру туралы шешім, мүдделі қызметтің басшыларымен келісу арқылы қабылданады және жедел тергеу тобы құрылған орган басшысының бұйрығымен рәсімделеді. Егер топ сала аралық болса, бернеше құрылым басшыларының бұйрығы арқылыда құрылуы мүмкін. Аталған бұйырық процессуалдық құжат болып табылмайды және ол қылмыстық іске тіркелмейді.

Тәжірибеде жедел тергеу тобын құру туралы қаулыны қылмыстық іске тігіп, топ мүшелері бірқатар тергеу әрекеттерін қандайда бір ресми құжаттарсыз, яғни тек қана қаулы негізінде атқарған жағдайларда кездесуі мүмкін. Мұндай тергеу әрекеттерінің нәтижесі заңсыз болып табылады және адам мен азаматтардың құқытарының шектелуіне әкеп соғады. Қажет болған жағдайда, жедел тергеу тобының ұйымдастыру және үйлестіру қызметін жақсарту мақсатында, жедел тергеу тобының аясында штаб құрылуы мүмкін. Оның міндетіне жедел тергеу тобының қызметін ұйымдастыру және материалдық техникалық жағынан қамтамасыз ету, ақпараттарды талдау және жинақтау, жедел тергеу қызыметіне қатысты нақты шараларды дайындау кіреді. Ұлттық қауіпсіздік қызметкерлері тек оларға тиесілі тергеулілік қылмыстар бойынша ғана жедел тергеу топ құрамына еңгізіледі. Яғни егер қылмыстық іс аясында қауіпсіздік саласына қатысты материалдар қарастырылатын болса, қауіпсіздік органдарының қызметкерлері тергеу тобының құрамына қосылады.

Жедел қызметкерлер және тергеушілер жедел және тергеу материалдарымен бірін бірі таныстырады. Тергеуші жедел тергеу ақпараттарымен заңнамада көрсетілген, яғни жедел ақпараттың заңсыз таралуына жол бермейтін шектеулер аясында танысады[16;123]. Жедел және басқада қызметкерлер тергеушінің рұқсатынсыз күдіктіні ұстауға байланысты, жасалған қылмыстық оқиға бойынша және қылмыстық іске қатысты мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарына жариялауға құқылы емес.

Аталған сала бойынша жедел тергеу топтарын құру тәртібін және оның қызметін реттейтін ведомствалық және ведомствоаралық ережелердің жалпы талаптары осындай мазмұнда жазылған.

Жалпы, жедел тергеу топтары құрылмас бұрын, яғни қарым-қатынас орнатудың алғашқы сатыларында тергеу құрылымдарына, қылмыстық құқықтық және қылмыстық процессуалдық сипаттағы келесідей бағыттарда кеңес беру тәжірибесін қолданысқа енгізу қажет деп есептейміз:

-жедел тіркеу істері қозғалғаннан бастап қысқартылғанға дейін, жедел іздестіру шараларына дайындық және оны жүзеге асыру барысында криминалистикалық құралдарды, сауатты қолдануға кеңестер беру;

-қылмыстық іс қозғалған сәттен бастап, алдын-ала тергеуді жедел қамтамасыз ету;

-жедел қызметкерлердің біліктіліктерін арттыру мақсатында қарым-қатынас субъектілерінің мүмкіндіктерін тиімді қолдану, оның ішінде кәсіби қайта даярлау, тәлімгерліктен жүйелі түрде өткізу сияқты шараларды қолдану.

Жедел тексеру материалдарының негізінде қылмыстық іс қозғалған жағдайда, қылмыстық істі қозғаған тергеуші және жедел қызметкер тергеу өндірісінің әрекеттері және жедел іздестіру шаралары туралы біркен жоспар құрады. Онда тергеу әрекеттерімен жедел іздестіру шараларымен қатар, тергеушілік және тергеу мерзімдері, Қазақстан Республикасының «Жедел іздестіру қызметі туралы» Заңының аясында құпиялық сипатта тергеуге жәрдем көрсеткен тұлғалар туралы жеке мәліметтерді құпияда ұстау, жедел мәліметтерді заңдастыру тәсілдері және жедел тергеу топ жұмысын жетілдіру мен жандандыруға байланысты ұсыныстар көрсетіледі. Күдіктіні ұстау және тінту жүргізу барысында шаралардың келісілген ұйымдасқан түріне аса назар аударылуы керек. Қажеттілік туындаған жағдайда жоспарда өзіндік қауіпсіздік және тергеушілердің, жедел қызметкерлердің, қылмыстық процеске қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатына арналған жедел қарулы құрылымдармен жүзеге асырылатын шаралар, жекелеген тергеу әрекеттерінің тиімділігімен қауіпсіздігі, қоғамдық қауіпсіздік туралы мәліметтер көрсетіледі. Алдын ала тергеу органдар тергеушілерінің және жедел қызметкерлердің, оның ішінде жедел тергеу тобының ішінде өзара қарым-қатыныстың негізгі аспектілерінің біріне, тергеушіге жедел ақпарат беру тәртібі болып табылады. Өйткені, жедел ақпарат тек қана қылмыстық іс қозғауға ғана негіз болып табылмайды, сонымен бірге жедел ақпарат арқылы қылмыстық іс бойынша дәлелдер жиынтығы қалыптасады.

Сондықтанда, жедел іздестіру шараларының қорытындысы бойынша жинақталған ақпаратты тергеушіге сапалы рәсімдеп жолдау маңызды. Нәтижесінде, аталған ақпарат қылмыстық іске тіркеліп, өз алдына дәлелдеме болып табылуыда әбден мүмкін. Жедел іздестіру қызметінің негізгі нысаны, жедел іздестіру шараларын жүргізу болып табылады, сол себепті, заңнама тарапынан осындай шаралар тізімі айқындалған. Заңнамада тізбектелген



шаралар, жедел тергеу құрамына еңгізілген тергеушілермен жедел қызметкерлер тараптарынан алдын-ала тексеру немесе қылмыстық істі тергеу кезінде қолданылуы мүмкін. Жедел іздестіру шараларының нәтижелері жедел іздестіру шаралырын жүзеге асыратын органның бастамасымен не болмаса, тергеушінің жеке тапсырмасы негізінде жедел уәкілге тапсырылуы мүмкін. Уәкілге жедел іздестіру нәтижелерін табыстамас бұрын, жедел құрылым қызметкері қылмыстық процесстік заңнама талаптарын, оның ішінде қылмыстық іс қозғауға болатын себептерді, қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге жататын жағдайларды, дәлелдемелерді, дәлелдемелер түрлерін, қылмыстық іс бойынша дәлелдемелерді жинақтау және дәлелдемелерді тексеру мәселелеріне аса назар аудару қажет. Техникалық құралдарды пайдалануларды жоспарға еңгізбес бұрын, ол техникалық құралдарды пайдалану сұрақтары шараларды орындаушымен алдын ала келісілуі қажет [22;33].

Жедел уәкілге тапсырылуы тиіс болатын жедел іздестіру шаралары бойынша жинақталатын құжаттар тізімі, Ресей Федерациясының заң институтының ұжымымен келесідей мазмұнда құралған:

- азаматтардан сауалнама жүргізу анықтамасы;
- жасырын дауыс жазу нәтижесі туралы анықтама;
- жинақталған деректерді рәсімдеу анықтамасы;
- салыстырмалы зерттеулер жүргізуге арналған үлгілерді жинақтау актісі;
- жасырын дактилоскопия жүргізудің нәтижесі туралы анықтама;
- алдын ала сатып алу нәтижесін рәсімдеу актісі;
- құжатты зерттеу нәтижесі туралы анықтама;
- бақылау жүргізу нәтижесі туралы анықтама;
- бақылау жүргізу актісі;
- ғимаратты, құрылысты, транспорттық құралдарды жергілікті аймақты зерделеу нәтижесін рәсімдеу туралы құжат;
- тұрғын мекен жайды қарау нәтижесі туралы анықтама;
- тұрғын мекен жайға қарау жүргізілгені туралы акт;
- пошта және телеграфтық және басқада хабарламаларға жүргізілген бақылаулар нәтижесі туралы құжат;
- электронды поштаның арнасына жүргізілген бақылау нәтижесі туралы анықтама;
- телефондық сөйлесулерді тыңдау туралы арыз;
- телефондық сөйлесулерді тыңдау туралы қаулы;
- телефондық сөйлесулерді тыңдау туралы акт;
- қылмыстық ортаға еңген қызметкердің оған белгілі болған ақпаратты дер кезінде жеткізіп туруға міндет алу туралы қолхаты;
- жедел қылмыстық ортаға еңгізу туралы қаулы;
- жедел эксперимент нәтижесін рәсімдеу туралы құжат;

-жедел эксперимент жүргізу туралы акт [12;425].

Аталған құжаттар, олардың маңыздылығына байланысты қылмыстық іс материалдарына тігілуі мүмкін немесе қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер болып табылатын құжаттардың, яғни жауап алу, қарау, тінтіу, алу хаттамаларының рәсімделуіне негіз бола алады. Жедел тергеу тобының қызметін ұйымдастыруға байланысты тергеу және жедел қызметкерлер арасында қалыптасатын өзара тиімді және күрделі қарым-қатынастың негізгі нормативтік талаптарының мазмұны осындай болмақ.

Жедел тергеу топ қызметінің тиімділігі көп жағдайда топ құрамына кіретін қызметкерлер арасында орнайтын өзара қарым-қатынасқа байланысты болатыны аталған салға байланысты жазылған көптеген заң әдебиеттерінде көрініс тапқан. Жедел тергеу тобының құрамы қылмыстық істің тергелу сатыларына, топ алдында тұрған мақсаттарға және басқада факторларға байланысты болады. Қазіргі уақытта ішкі істер органының тәжірибесінің нәтижесінде жедел тергеу тобы қызметінің бірнеше ұйымдастыру нысандары қалыптасқан. Олардың бастыларына келесі нысандарды жатқызуға болады:

- құрамына тергеуші және тиісті жедел құрылым қызметкерлері кіретін, нақты бір қылмыстық істі тергеу мақсатында құрылған жедел тергеу тобы;

- әр түрлі құқық қорғау органдарының қызметкерлерінен құралған жедел тергеу топтары[39;58].

Сонымен қатар, кезекші бөлімге қарасты жедел тергеу топтарын құру мәселесі қарастырылуға жатады деп есептейміз. Өйткен, мұндай тергеу топтары оқиға орынына тез жетеді алғашқы тергеу және жедел іздестіру әрекеттерін дер кезінде жүргізіп қылмысты ізін суытпай ашуға мүмкіндік тудырады. Бұдан басқа ауыр күрделі қылмыстар санатын тергеумен айналысатын мамандандырылған, яғни білктіліктері жоғары тергеушілерден құралған жедел тергеу топтарын құруда, қылмыстың тез ашылуына және сапылы тергелуіне жол ашады.

Аталған топ нысандарының ішінен қылмысты тергеумен ашу тәжірибесіне сай жиі кездесетін нысанның түрі мақсатты жедел тергеу тобы болып табылады, ол салааралық немесе құрылымдық болуы мүмкін. Мұндай жедел тергеу топтарын құру барысында келесідей талаптар ескерілуге жатады: үнемі және нақты қызмет ететін ұжым; жедел тергеу тобының мүшелері арасында міндеттерді нақты бөлу; техникалық қамсыздандыру; аналитикалық жұмыстың жоғарлығын қамтамасыз ету.

Жалпы, жедел тергеу тобының жақсы ұйымдастырылуы қылмысты тергеу барысында өте маңызды орын алады. Сондықтанда, үлкен топтар құрылған кезде, материалдық техникалық қамтамасыз ету, тергеу барысын бақалау, топтың әртүрлі бөліктерін үйлестіру, аналитикалық жұмыс жүргізу, қадағалау жүргізетін прокурорға ақпарат дайындау, процессуалдық мерзімдердің сақталуын есептеу, бақылау міндеттері жүктелетін штаб құрылуы тиіс деп есептейміз, ол штаб құрамына қосымша мамандар

тартылғаны жөн. Өйткені, тергеушілер уақытымен күшін аталған жұмыстарға бөлудің өзі, қылмыстық істің сапалы тергелуіне кері әсерін тигізетіні сөзсіз.

Заң әдебиеттерінде мақсатты жедел тергеу топтарын саралау барысында ғалымдар ондай топтарыдың бірнеше түрлерін бөліп қарастырады. Оның ішінде, жедел тергеу топтарын саралау кезіндегі басым бағыттардың бірі болып, топтың сандық құрамы болып табылады.

Атап айтқанда, тергеушілердің сандық құрамы бойынша жедел тергеу топтары мынадай санаттарға бөлінеді:

- 1) кей жағдайларда 100 тергеушіден құралатын супер бригада;
- 2) бірнеше тергеушіден құралатын үлкен топ;
- 3) 20-30 тергеушіден тұратын орташа топ;
- 4) аз тергеушілер құрамынан құралған шағын топ (2-5 тергеуші) [48;16-22].

Басқада ғалымдар жедел тергеу топтары ұлтаралық қақтығыстар мен көтерілістер нәтижесінде қозғалған қылмыстық істерді тергеу мақсатын көздейтін жедел тергеу топтары құрылуы қажет деген тұжырымды ұсынады. Сонымен қатар, тәжірибесінде жедел тергеу топтарының жұмысын дұрыс ұйымдастырмау салдарынан көп жағдайда экономикалық қылмыстық істерді тергеу мерзімдері созбаландылыққа салынып жатады. Ондай кемшіліктер біріншіден топ ішіндегі ұйымдастырушылық бағыттың дұрыс қойылмауынан орын алады. Сондықтанда, көп эпизодты экономикалық қылмыстық істерді жедел тергеу топтары арқылы тергеу барысында топ ішінен штаб құру туралы ұсынысты ұсынамыз.

Осыған байланысты экономикалық қылмыстар оның ішінде банк қызмет саласына қатысты қылмыстық істерді тергеу бойынша штабтарды нақты бір эпизодтарын тергеумен айналысатын келесідей үш функциональды шағын топтарға бөлу қажет деп есептейміз:

- ревизиялық топ;
- әдіснамалық топ;

Ревизиялық топ- ревизия ұйымдастыру, яғни құжаттарды тексеруге байланысты қызметпен айналысыды, яғни қылмыстық істі тергеуге ат салысатын ревизорлар мен қаржы саласына қатысты банк мандарымен күнделікті тығыз байланыс орнатады. Ревизиялық тексерістер нәтижесіне тиісті құқықтық баға береді.

Әдіснамалық топ-тергеудің жинақталған тәжірибесін талдайды, жедел тергеу тобын нормативтік құқықтық базамен қамтамасыз етеді, оның ішінде мамандандырылған тергеушілерге әдіснамалық көмек көрсетеді. Мұндай шағын топтар құрамында 3 тен 5 ке дейін тергеушілер болады.

Жоспармен қылмыстық істің ауқымдылығына байланысты топтың әр қызметкерінің функциональдық міндеттері анықталады.

Сондай-ақ, осы штаб ішінде жедел тергеу тобының қызыметін үздіксіз жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге ат салысатын мамандардың болғаны

дұрыс.

Мысалы, ол мамандарға келесідей функционалдық міндеттер жүктеледі:

- іс сапар куәлігіне сай, іс сапарларға кеткен қызметкерлердің тізім журналын жүргізу;

- іс сапар куәліктерін рәсімдеу;

- топ мүшелерінің құрамын жасақтау және оны жаңарту;

- қызметкерлердің іс сапарларда болу мерзімдерін тіркеу бақылау, телеграмм дайындау жолдау, іс сапар мерзімін ұзарту, телеграммдарға жауаптар алуды қадағалау, хат алмасудың тізімін жүргізу;

- жедел тергеу топ қызметкерлерін жатаханаларға орналастыру сұрағын шешу;

- қызметтік тәртіп пен жұмыс уақытының сақталуын қадағалау, ол туралы күнделікті топ жетекшісіне баяндап отыру;

- топ мүшелерін канцелярлық жабдықтармен қамтамасыз ету;

- кіріс, шығыс іскерлік қағаз айналымын қамтамасыз ету.

2) Автокөліктердің жұмысын бақылау бойынша топтың жауапты қызметкеріне келесідей міндеттер жүктеледі:

- автобазадан автокөлік шақырту;

- автокөліктердің уақытылы жетуіне және тағы басқа аталған салаға байланысты жұмыстарға бақылау жүргізу;

- топ мүшелерінің тапсырыстары бойынша қызметтік автокөлікті жеткізу.

3) Қылмыстық іс бойынша бақылау міндеті бойынша:

- қылмыстық іс, оның ішінде жекелеген эпизодтар бойынша бақылау қадағалау өндірістерін жүргізу;

- қылмыстық іс бойынша талдауға және анықтауға байланысты, іс қағаздар, оның ішінде басты процессуалдық құжаттар, жоспарлар сызбаларды жинақтау және олардың тізімін жүргізу;

- аналитикалық жұмыс жүргізу талдау, қорытындылау;

- қылмыстық істі тергеуге маңызы бар нормативтік құжаттарды жинақтау, оларды тәжірибе барысында топ мүшелеріне табыстау;

- тыйым салынған материалдық құндылықтармен ақша қаражаттарына бақылауды жүзеге асыру;

- тағайындалған және жүргізілген сапартамалар тізімін жүргізу, олардың қорытындысын алуды бақылау;

- қылмыстық іс бойынша шағымдар тізімін жүргізу және шағымдарға жауап беру мерзімдерінің сақталуын қамтамасыз ету.

Міне жедел тергеу тобының қызыметінде жоғарыда аталған міндеттерді атқаратын осындай қосымша көмекші шағын персонал құрылса, қылмыстық істердің тергелумен процессуалдық мерзімдердің сақталу сапасы әлде қайда артқан болар еді. Яғни мұндай шағын штабтар жедел тергеу тобыныңда

туындайтын ұйымдастырушылық проблемаларды шешудің бірден бір жолы бола алады.

Жалпы, жедел тергеу тобын құру процесі келесідей бірнеше сатылардан құралады:

1 саты-қылмыстық істі қозғау және өз өндірісіне қабылдау сұрағын шешу мақсатында жедел тексеру материалдарын немесе қылмыстық істі зерделеу;

2 саты-жедел және басқада мүдделі қызмет өкілдерінің қатысуымен зерделеудің нәтижелерін талқылау;

Осындай зерделеумен талқылау нәтижесінде келешек тергеу барысы, оның ішінде тергеу уақытты тергеудің ауқымымен тиімділігіне қатысты тергеу және жедел қызмет уәкілдерінің жеке ойлары мен ұсыныстары қалыптасады. Сонымен қатар, жедел материалдарды тексеру сияқты алғашқы тергеу әрекеттерімен жедел іздестірудің келісілген жоспары құрылады, қылмыстық істі тергеуге жұмсалатын күш пен құралдың болжамы жасалады және жедел тергеу тобын құру және оның құрамының санымен сапа сұрағыда талқыланады.

3 саты- келісу. Бұл сатыда жедел тергеу тобының жетекшісі, жедел тергеу тобының жеке құрамы туралы сұрақты алдын ала анықтау арқылы, жедел тергеу тобын құру туралы бұйрық жобасын және қылмыстық істі жедел тергеу тобына жүктеу туралы қаулы әзірлейді.

Бұдан басқа арнайы заң әдебиеттерінде жедел тергеу тобын құруға байланысты басқада ұсыныстар келтіріледі. Мысалы, жедел аппарат қызметкерлері, тергеушілер және Ішкі істер министрілігінің ведомствалық жоғары оқу орындарының мұғалімдерімен тыңдаушыларына арналған әдіснамалық құралда, жедел тергеу тобын құру туралы шешімді, тергеу комитетінің немесе Бас Прокуратураның басшысы қабылдайды және ол туралы процессуалдық құжат яғни, қаулы қабылдайды. Қаулыда жедел тергеу тобының құрамына кіретін барлық тергеушілердің және жедел уәкілдердің аты жөні, лауазымы толық көрсетіледі делінген [50;117-118].

Жедел тергеу тобын құру туралы бұйрық келесідей реквизиттер мен мәліметтерден тұруы тиіс:

-бұйрықтың күні мен нөмірі;

-бұйрық тақырыбы мысалы, «жедел тергеу тобын құру туралы»;

-қылмыстық істің қысқаша мазмұны, анықталған немесе анықталмаған жеке тұлғалардың іс әрекеттерінде қылмыс құрамының қарастырылу жағдайы, жедел тергеу тобын құру қажеттілігі және жедел тергеу тобы қандай мақсатта құрылуы тиіс екендегі туралы мәліметтер көрсетілуі тиіс.

Бұйрықтың қорытынды бөлігінде келесідей мәліметтер көрсетілуге жатады:

-жедел тергеу тобының сандық және тізімдік құрамы (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, шені);

- жедел тергеу тобының жетекшісі;
- қылмыстық істі тергеу барысында процессуалдық бақылау жасау міндеті жүктелген алдын ала тергеу органының лауазымды тұлғасы;
- жедел іздестіру шараларын ұйымдастыру жауапкершілігі жүктелген жедел аппараттың қызметкері немесе басшысы туралы мәлімет;
- жедел тергеу тобының қызметін жүзеге асыруға байланысты бөлінген материалды-техникалық құрал жабдықтардың тізімі;
- жедел тергеу тобының қызметкерлері қылмыстық іс аясынан тыс жұмыстан босатылатындығы туралы мәлімет;
- қажетті жағдайда жедел тергеу тобын қаржыландырудың ерекшеліктері көрсетіледі;

Осындай мазмұндағы бұйрық, жедел тергеу тобының құрамына өз қызметкерлерін бөлген құрылымның басшыларымен және шаруашылық материалды-техникалық қызметпен келісіледі.

Содан кейін бұйрыққа жедел тергеу тобын құрған органның бірінші басшысы қол қояды. Салааралық бұйрықтарда осындай ретпен дайындалады және өзара байланыс орнатқан бір деңгейлі орган басшысымен қол қойылады.

ҚР ҚПК-нің талаптары негізінде тергеуді жедел тергеу тобына қылмысты тергеу тапсыру туралы қаулыға тергеу бөлімінің басшысымен немесе оның орынбасары қол қояды, қаулы қылмыстық іске тігіледі және оның көшірмесі мүдделі органдарға жолданады. Жедел тергеу тобын жеке құрамының сұрағын қарастыру барысында топ жетекшісі қылмыстық істің мүддесімен қатар, осы мүдделерге қол жеткізуге қатысты ведомстваның мүмкіндіктерінде басшылыққа алуы тиіс. Негізінен жедел тергеу тобын тергеу әрекеттерімен жедел іздестіру шаралары жүзеге асырылатын аймақтың тергеушілері және жедел қызметкерлері арқылы құрған жөн. Сонымен қатар, жедел тергеу тобының құрамына тергеу бөлімінің басшысына қызметтік және кәсіби сапалары белгілі болған тергеушілер қабылдануы тиіс. Тәжірибеде көп жағдайда жедел тергеу тобына бұрын топ құрамында жұмыс жасаған және жедел тергеу тобының басшысына белгілі болған тергеушілер қабылданады.

Алайда, кей жағдайларда аймақтық басқармалар басшыларының тарапынан жолданған тергеушілер арқылыда жедел тергеу топтары құрылып жатады. Мұндай тергеушілер көп жағдайда жедел тергеу тобында қылмыстық істерді тергеу тәжірибесіне ие болмаған және аталған салада еңбек өтілі аз тергеушілер болуы мүмкін. Ал, осындай жағдайдың қалыптасуы жедел тергеу тобының жетекшісіне тергеушілердің қызметіне қадағалау жүргізу, бағыт бағдар беру және қылмыстық іс бойынша маңызды процессуалдық әрекеттерді өз мойнына алу сияқты қосымша салмақ салатыны белгілі. Ал, екінші жағынан жұмыс дұрыс ұйымдастырылған жағдайда, еңбек өтілдері аз тергеушілер жедел тергеу тобы арқылы жақсы мектептен өтіп, ауыр және күрделі санаттағы қылмыстық істерді тергеуге қатысты мол тәжірибе жинақтайды және келешекте қылмыстық істер бойынша маңызды тергеу

әрекеттерін сапалы жүргізу шеберлігіне ие болады.

Жедел тергеу тобының негізі қалыптасқан соң, жедел тергеу тобының басшысы топтың құрамын және тергеушілердің өзара міндеттерін айқындайды. Сонымен қатар, ірі жедел тергеу топтар ішінде қосымша шағын топтарда құрылуы мүмкін. Жекелеген тергеушілерге қылмыстық әрекеттің жеке эпизоттарын тергеу жүктеледі, қажетті жағдайда оларға жедел қызметкер қосымша көмек ретінде қосылады. Аталған тергеушілер жедел тергеу тобының басшысына бағынысты болады. Кей жағдайларда тергеушілер арнайы міндеттерді, оның ішінде штаб жұмысын орындау үшін тартылады.

Жедел тергеу тобының ішінен құрылған шағын топтар бойынша, топ жетекшісі топ құрамының міндеттерін тергеу бағыттары негізінде жіктейді және ауқымды тергеу әрекеттерін бірнеше тергеушілерге тапсырады. Жедел тергеу топ мүшелері арасында міндеттерді дұрыс бөлу, жедел тергеу топ басшысынан творчестволық тәсіл қолдануды талап етеді, оған қылмыстық іс бойынша қалыптасқан жағдай, тәжірибе және жедел тергеу топ жетекшісінің кәсіби біліктілігі өз әсерін береді. Сонымен қатар, топ жетекшісі тергеу әрекеттерін және жедел тергеу шараларын жүзеге асыруға арналған жоспарларды құру және оларды келісу жұмыстарына жеке өзі ат салысуы тиіс. Бірінші аталған жоспар, тергеу бөлімінің басшысымен бекітілсе, екінші жоспар тергеу және жедел бөлім басшыларымен бекітіледі.

Жедел тергеу топ қызыметін ұйымдастыру барысында топ мүшелерінің арасында пайда болатын психологиялық ерекшеліктердің де алатын орыны ерекше. Жедел тергеу тобының психологиялық және адамгершілік-этикалық аспектісі бойынша туындайтын сұрақтарға арналған заң әдебиетерінде көптеген зерттеулер кездеседі. Аталған саладағы психология тәжірибе қызыметінде өте қажет болып табылаты топ арасындағы жеке тұлғалардың психологиясының нысанымен әдістерін зерттейді. Жедел тергеу тобы қылмыстық-процессуалдық және криминалистикалық әдебиеттерде, қылмысты ашу мен тергеу мақсатында құрылған және тергеу функциясын жүзеге асыратын ұжым ретінде қарастырады. Әлеуметтік психология, ішкі ұйымдастыру санаты жоғары және қоғамдық маңызы бар қызметті жүзеге асыру мақсатында біріккен кішігірім әлеуметтік топ мүшелерінің жүзеге асыратын қызметін, ұжым деп атайды. Кішігірім әлеуметтік топ- бұл бір мақсат, қажеттілік және қызметпен біріккен адамдар қауымдастығын айтамыз.

Нормативтік қарым-қатынас процессі көп жағдайда құқық қорғау саласына тән, яғни ол заңдармен қағидалардың қоғам ішіндегі өміршендігінің көрінісі болып табылады. Мұндай қарым-қатынас жедел тергеу топ арасында, яғни кішігірім ұжым ішінде қызметкерлердің мақсаттылығын, тұрақтылығын, тиімділігін және тұлғаның кәсіби мінез құлқынын қалыптастырады.

Әлеуметтік топтардың құрамы бір біріне ұқсас болып келеді. Әр қайсысында біріккен қызметтің нақты мақсаттын алға қойған және оған қол жеткізу үшін басқаларды ұйымдастыруды жүзеге асыратын басқару тетігі бар.

Мұндай басқару негізі құжаттар болып табылса, ал тұлғалар арасындағы қарым-қатынасқа тоқталсақ, онда көшбасшы туралы айтамыз.

Жедел тергеу тобында үнемі жетекші болады, бір-ақ, топ ішінде ресми емес көшбасшыда болуы мүмкін. Егер топ ішінде екі түсінік бір біріне қарсы әрекет етпесе жұмыс оң нәтиже береді. Ал, керсінше жағдай туындаса, топ жетекшісі көш басшыны өз қатарына қосу сұрағын қарастырғаны жөн, өйткені топ көшбасшысымен жетекші арасындағы келіспеушіліктен жетекшінің беделіне нұқсан келеді, ол топ жұмысына міндетті түрде кері әсер береді.

Психология ғылымы топтың ішкі екінші құрамын сублидер деп атайды. Бұл тұлға өзі көлеңкеде қала отырып, басқаруды өз қолына алу сияқты қабылетке ие. Көп жағдайда сублидерлар топтың ойлау орталығы болып табылады, оларды уақытылы анықтап, қабілеттерін тергеудің мүдесіне қолдану маңызды.

Үшінші элемент- орындаушылар, яғни көшбасшыларды толық қолдайтын және біріккен қызметтің басты бөлігін атқарушы тұлғалар. Жұмыстың сәтті аяқталуы орындаушылардың тұлғалық және кәсібилік біліктіліктеріне байланысты болады, сондықтан сапалы түрде орындаушыларды таңдау формальді түрде жетекшіге жүктеледі.

Төртінші элемент «аутсайдерлар» деп аталады. Олар топ арасында өз орынын таба қоймаған оппозиционерлер және ерікті сайқымазақтар болуы мүмкін [20;76].

Бұл жерде басқару объектісі ретінде төртінші элемент біршама күрделі болып келеді. Оппозиционер аутсайдер тұлғаның топ арасында болуы, жалпы топқа және қылмыстық істің тергелуіне өте үлкен кері әсер береді. Сондықтан, жетекшіге аталған тұлғаларды уақытылы анықтап, оларды топтан дер кезінде шығару шараларын қолданғаны жөн. Психологтардың анықтауы бойынша, интеллектуалды тұрғыдан «Сайқымазақтар» ұжымда көшбасшы орынын иемденуде мүмкін. Топтың барлық мүшелері оның ішінде топ жетекшісіне қатысты әзіл айту сияқты формальді емес құқыққа ие тұлға. Оның әзілдері ұжымның эмоционалды жағдайын реттеуші және топ ішіндегі разы емес тұлғаларды анықтаудың тәсілі болып табылады. Егер жедел тергеу жұмысы дұрыс деңгейде ұйымдастырылса, аталған тұлғалар ортақ іске қолайлы қолданылуы мүмкін. Алайда олардың әзілдері топ мүшелерінің ар намысына нұқсан келтірмеуі тиіс [37;91].

А. Тарасовтың пайымдауынша жеке қызыметпен салыстырғанда топтық қызыметтің жоғары тиімділігін мойындау, ұжым деген әлеуметтік психологиялық теория түсінігінің негізін құрайды. Мұндай негіздің қалыптасуы келесідей екі фактордан құралады: Топ мүшелерінің арасындағы бәсекелестік пен жарысу үрдісінің қалыптасуы және жекелеген өдіруші сапалы күштердің пайда болуы топтық қызметтің маңыздылығына арқау бола алады [34;188].

Тергеушіні тиімді жұмыс жасауға кез келген ұжым жігерлендірмейтінін



шынайы тәжірибеден көреміз, ал, тергеу тобының негізінде құралған ұжым, тергеуші жұмысына және оның психологиялық жағдайына оң тұрғыдан әсер туындатуы тиіс, өйткені бір мақсатқа қол жеткізу жолында күш біріктірудің өзі тергеушінің сенімімен жігеріне қолдау көрсетеді.

Дегенімен, жедел тергеу тобын құрумен оның жұмысын ұйымдастыру барысында жеке құрамға байланысты келесідей проблемелық сұрақтар туындайды. Яғни жедел тергеу тобы құзырлы лауазымды адамның ниеті және оның жеке шешімі негізінде құралады, ол дегеніміз топ ішіндегі барлық қатынастар сыртқы күш әсеріне оның үстіне топ мүшесі болып табылмайтын құзырлы органның басшысына тәуелді болуды білдіреді. Ал мұндай тәуелділік, басшылардың субъективті көз қарастарына байланысты тергеу амалдарын жүргізуге жол ашуы мүмкін. Сондықтанда, ұжым деген түсінік аясында қылмыстық істерді топтық құраммен тергеу толықтай тиімді нәтиже береді деп тағыда айта алмаймыз.

Сонымен жедел тергеу тобының қызметіндегі кері психологиялық факторларды барынша қалай жоюға болады? деген сұраққа жауап іздеп көрелік. Т.В. Аверьяновтың жедел тергеу тобындағы маңызды көңіл аударулы тиіс проблемалардың бірі ұжым ішіндегі психологиялық климатты реттеу деп есептейді [17;147]. Оның ойынша бұл проблема ең алдымен топ жетекшісінің мінез құлқы, іс әрекеттері және оның топты басқару стилімен байланысты болады.

Бұл жерде жедел тергеу тобының жетекшісі, топ құрамына кіретін оның ішінде басқа органдардан тартылған қызметкерлердің шын мәнінде тікелей жүйелі түрде әрекет ететін басшысы болып табылмайды. Сол себепті, топ мүшелерінде жедел тергеу тобының жұмысын уақытша, яғни қандайда бір уақыт шеңберімен шектелген қызымет ретінде қарау ситиліндегі мінез құлықтары қалыптасады. Ал, қызметкерлер тарапынан уақытша қызмет деген ойдың өзі қылмыстық істі сапалы тергеуге кері әсер беруі мүмкін. А.Тарасов осыған ұқсас түрдегі ойды қолдай отырып, «жекелеген және ұжымдық мүдделерді сауатты үйлестіре білген жағдайда ғана жедел тергеу тобы әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан ұжым болып танылады және сонда әр тергеушінің жекелеген құндылықтарымен біліктіліктері ескеріледі, нәтижесінде тергеушінің топ құрамында тиімді қызмет етуіне жағдайлар туындайды» деген тұжырым жасаған [41;296].

А.Тарасов аталған үйлестіруге келесідей шараларды жүзеге асыру арқылы қол жеткізуге мүмкін екендігіне тоқталады:

а) ойластырылған жоспар құру, ол жоспарды құруға топ құрамына кіретін барлық тергеушілер мен жедел қызметкерлер ат салысуы қажет. Аталған жоспар әр тергеуші және жедел қызметкердің қылмыстық іс бойынша атқаратын іс шараларын қамтый отырып құрылуы тиіс, нәтижесінде топтық жұмыс жанданады және қойылған мақсатқа қол жетеді.

б) жоспар бойынша жұмыс ауқымы анықталып, тергеушіге

тапсырылғаннан кейін, тергеушілерді бір жұмыс участігінен, екінші участікке алмастыруға жол бермеу;

в) әр тергеушіге процессуалдық шешімдер қабылдауға мүмкіндіктер беру;

Осыған байланысты, А.А.Тарасов қылмыстық процессуалдық заңнамаға жедел тергеу тобының құрамына енетін барлық тергеушілер қылмыстық істі өз өндірісіне қабылдау және ол тергеушіге берілетін құзырет тиісті қаулыда нақтылануы тиіс деген ұысыным жасаған [41;298].

Дегенімен, барлық тергеушілердің қылмыстық істі өз өндірісіне алуы, жедел тергеу топ мүшелерінің психологиялық тұрғыдан ұжым ретінде бірігуіне толықтай мүмкіндіктер бере алмайды деп есептейміз. Оның үстіне тергеушілердің құзыретін қаулыда тізбектеп көрсету туралы ұсынымды тәжірибеде қолдану мүмкіндігіде жоғары емес, яғни қаулыда тергеушілер міндеттерімен құзыретін жекелеп жазу қаулы нысанына сай емес, өйткені лауазымды тұлғалардың құзыретті қылмыстық заңнамада толықтай қамтылған. Ал осындай міндеттерді қайтадан формальды түрде жедел тергеу тобын құру туралы қаулыда тізбектеудің қажеттілігі жоқ. Өйткені, жедел тергеу тобын құру туралы қаулыда тергеушілердің құзыретін көрсету, жедел тергеу тобының жектекшісінің топ ішіндегі күш құралдарын бөлу икемділігін шектейді, жұмыс дұрыс ұымдастырылғанның өзінде қылмыстық істерді тергеудің мерзімдері негісіз ұзарады, қылмыстық істің аясында қорғаушылар мен жәбірленушілер тараптарынан тергеу әрекеттерінің заңдылығымен лауазымды тұлғалардың құзыреттілігіне қатысты созбалаңдылыққа салынған дискуссиялық хат алмасулардың пайда болуына жол ашылады.

А.А. Тарасов және Т.В. Аверьянованың даулы сұрақтар бойынша жедел тергеу топ мүшелерінің жекелеген пікірлері ескерусіз қалмауы тиіс деген ойларын қолдаймыз және жедел тергеу тобының жетекшісі топ мүшелерінің ішінен жоғары санатты ынтасы жоғары қызметкерлерді әділ түрде көтермелеу әдісін жүйелі түрде қолданғаны жөн. Жедел тергеу тобының қатардағы мүшесі белілі бір деңгейде топ жетекшісіне бағынышты болады. Жетекші тергеу органын басшысының алдында топ құрамына кірген тергеушіні көтермелеу немесе жазалау туралы өтініш талап келтіру құзыретіне ие, осындай жүйе бойынша қызмет ету тәртіптік және тәрбиелік әсер береді.

Сонымен қатар, тәжірибеде бірнеше органдар өкілдерінен құралған аралас жедел тергеу топтарындағы психологиялық жағдай аса күрделі болады. Өйткені, бір ортақ іске байланысты атқарылатын жұмысқа әр органнан тартылған қызметкерлерге әр түрлі сомадағы еңбек ақы төленеді, ондай жағдайда топ ішінде қызметкерлерде теңсіздік нышандарына байланысты психологиялық тұрақсыздықтар пайда болуы мүмкін. Сонымен қатар, жедел тергеу тобын құрып, оған басшылық ететін органға басқа органдар өз қызметкерлерін өндірістен босатып жедел тергеу тобына жолдауға құлықсыз, өйткені жедел тергеу тобы арқылы тергеліп ашылған қылмыстардың

көрсеткіштері сол органдардың есебіне еңбейді.

Жедел тергеу топ ішіндегі психологиялық ахуалға жедел топ мүшелерінің этикалық және адамгершілік мінез құлықтарыда үлкен рөл атқарады. Т.В. Аверьяно өз еңбегінде жедел тергеу тобының қызметінде психологиялық жағдай жедел тергеу топ мүшелерінің адамгершілік мінез құлықына байланысты болатынын айтқан [41;124].

Сөзсіз жедел тергеу тобының қызметі шыншылдық, әділдік, адамгершілік, катал тәртіп, адалдық сияқты мораль тараптарына сай және өздері қызмет ететін мекеменің беделіне нұқсан келтірмейтіндей жағдайда қызмет етуі керек. Сонымен қатар, тергеудің мүддесі жедел тергеудің жетекшісінен топ жұмысын нәтижелі ұйымдастырумен қатар, қылмыстық іс бойынша құпия талаптарының сақталуында қамтамасыз етуді талап етеді.

Арнайы әдебиеттерде жедел тергеу топ жетекшісінің міндеттерін процессуалдық және ұйымдастырушылық деп екі санатқа бөледі.

Топ жетекшісі тарапынан қылмыстық іс бойынша маңызды процессуалдық шешімдер қабылдау, оның ішінде қылмыстық істі өз өндірісіне қабылдау, тұлғаны айыпталушы ретінде тану, басшылығына қатысты сұрақты шешу, тінтіу жүргізу туралы қаулылар қабылдау, анықтау органдарына тапсырмалар беру және айыптау актілерін жасақтау және оған қол қою сияқты әрекеттер процессуалдық міндетке жатады.

Ал, жедел тергеу тобының ұйымдастырушылық құрылымының маңызды сатысының бірі, ол тергеу іс-әрекеттерін жоспарлау. Негізінен жоспар жедел тергеу топ жетекшісінің негізгі функциясы деп есептеуге болады.

Жедел тергеу тобы жетекшісінің тағыда басқа маңызды функцияларына келесілерді жатқызуға болады:

-жедел іздестіру және тергеуге қатысты келіп түскен ақпараттарды талдау;

-топтың жұмыс уақытымен режимін тиімді ұйымдастыру және қажет жағдайларда оған өзгерістермен түзетулер енгізу;

-дәлелдемелердің базасын зерделеу арқылы құқықтық баға беру;

-тергеушілер мен анықтау органдарының алдына нақты тапсырмалар қою және оның орындалысына бақылау;

-маңызды процессуалдық құжаттарды жасау немесе өңдеу;

- маңызды тергеу амалдарын жүзеге асыруға қатысу.

Негізінен жедел тергеу топ жетекшісінің негізгі функциялары жедел іздестіру қызыметімен тығыз байланыста болады. Жедел тергеу топ жетекшісімен жиі қарым-қатынас орнататын субъектілер болып келесідей лауазымды тұлғалар табылады:

-қылмыстық іс қозғауға негіз болған материалдар жинақтаған органның жетекшісі;

-жедел тергеу тобының құру туралы бұйрық негізінде, жедел іздестіру шараларын жүзеге асыру міндеттері жүктелген органның жетекшісі;

- қылмыстық іс қозғауға негіз болған ақпаратты зерделеген жедел қызметкер;

- жедел тергеу тобының құрамына кіретін жедел топтың жетекшісі;

- жедел тергеу тобының жедел қызметкерлері;

-аумақтық анықтау органдары;

-қылмыстық істі тергеу барысында жедел тергеу жетекшісінің немесе жедел іздестіру қызметкерлерінің бастамасы негізінде қарым- қатынас орнататын жедел іздестіру қызметінің басқада субъектілері.

Қылмыстық істі тергеу барысындағы тергеушімен жедел қызметкердің өз ара қарым-қатынастары құқықтық нормативтік негіз тұрғысынан реттеледі. Дегенімен, Ереже түріндегі бұл нормативтік құқықтық құжат аталған қарым-қатынастарды барлық спекторларымен қырларын қамтымайды.

Жедел тергеу топ жетекшісіне, топ ішінде келіспеушіліктердің орын алмағаны тиімді, сондақтанда, жетекші ретінде ол ондай кикілжіндерді түзетумен емес, оның алдын алумен айналысқаны жөн.

Жедел тергеу тобы жетекшісі және топ мүшелерінің өзара қарым-қатынас нысаны әр түрлі болады. Атап айтқанда, тергелетін қылмыстық істің аясында бірлескен жиналыстар өткізу, тергеу бойынша нақты сұрақтармен жоспар орындалыстарын талқылау т.б. Егерде мұндай қарым-қатынастар сенімділік, серіктестік және түпкі бір мақсатқа жету сияқты тұжырымдар негізінде құралса топтық жұмыс тәжірибеде жоғары нәтиже береді. Қозғалған қылмыстық істің аясында тергеушімен жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізу туралы тапсырма және жедел іздестіру өндірісінің нәтижелері туралы мәліметтер қылмыстық іске тіркеледі. Ондай тергеу әрекеттері тергеуші тапсырмасымен орындалғаны туралы тиісті мәдіметтер хаттамада көрсетіледі. Дегенімен, ҚР ҚПК тергеушінің тапсырмасын анықтау органының нақты қандай лауазымды тұлғасы орындауы тиіс екенін айқындамайды.

Аумақтық жедел құрлым және анықтау органдарымен көп жағдайларда қарым-қатынас іскерлік қағаз айналымы арқылы, яғни сұраныстар тапсырмалар ретінде жүзеге асады. Дегенімен уақытты үнемдеуге және жоғары нәтижеге қол жеткізу мақсатында аумақтық құрылым қызметкерлерімен көзбе көз жеке іскерлік қарым-қатынас орнатқан тиімді болады, өйткен ресми қағаздар айналымына қарағанда жеке іскерлік қарым-қатынас нәтижелері тәжірибеде жылдам әрі сапалы нәтижелер көрсеткен. Сонымен қатар, күрделі және ауқымды қылмыстық істер бойынша жүргізілетін іс қаздарды процессуалдық және көмекші деп екі санатқа бөлуге болады.

Процессуалдық - бұл қылмыстық-процессуалдық заңнамаға сай, тергеу әрекеттерін жүзеге асыру барысында рәсімделетін және мазмұнында процессуалдық шешім қарастырылатын құжаттарды айтамыз.

Көмекші (техникалық) – бұл процессуалдық құжаттар қатарына жатпайды, мұндай құжаттар жедел іздестіру шаралары бойынша жинақталған

мәліметтер және жедел тергеу тобының процессуалдық әрекеттерінің жүзеге асыру барысында қолданылады.

Жедел тергеу тобының процессуалдық құжаттары бірнеше тергеушімен рәсімделеді және бұл процесс үздіксіз жүреді.

Қылмыстық іс бойынша объективті, жан-жақты, уақытылы және дұрыс процессуалдық шешімдер қабылдау және қылмыстық іс аясында барлық ақпараттардан хабардар болу мақсатында, тергеуші атқарылған жұмыстар және қылмыстық істің жағдайы туралы қадағалаушы немесе бақылаушы органдарға толық ақпараттар беруге әр дайым дайын болуы қажет. Жедел тергеу тобының жетекшісі қылмыстық істің дәлме дәл жүйелігін қалыптастыруы қажет.

Осындай талаптарға сай келетін қылмыстық істің құрамы жобамен келесідей көрініс табады:

Қылмыстық істі қозғауға негіз болатын материалдар: арыз, алдын ала тексеріс жүргізу бойынша жинақталған материалдар, жедел қызметкерлердің баянаттары, түсініктемелер, баянаттар, зерделеу туралы анықтамалар, ревизиялық тексерістің актілері, бухгалтерлік және басқада құжаттар және т.б. Қылмыстық істің қозғалысына қатысты рәсімделетін құжаттар: қылмыстық іс қозғау туралы қаулы, тергеуші қылмыстық істі өз өндірісіне қабылдау, тергеуді бірнеше тергеуге тапсыру, процессуалдық мерзімдерді ұзарту туралы қаулылар. Айыпталушыға қатысты рәсімделетін құжаттар: жауап алу хаттамалары, ұстау, қамау немесе басқада басшарасын қабылдау туралы құжаттар, айып тағу туралы қаулы, жаңа айып тағу туралы қаулы, айыптың ауқымын өзгерту туралы, айыпталушының тұлғасын мінездейтін ақпараттар. Тінту және алу өндірісінің материалдары: қаулылар, хаттамалар, прокурорға хабарлама, алынған затты қайтару туралы қолхат, сақтауға беру туралы қаулы. Материалдық шығынды өтеу және мүлікті тәркілеу мүмкіндіктерін туындатуға арналған материалдар: қаулылар, хаттамалар, сақтау жауапкершілігіне қатысты материалдар, қарау хаттамалары және алынған заттарды заттай дәлелдеме ретінде тану туралы қаулы. Соттық сараптама материалдары: сот сараптамасын тағайындау туралы қаулы, айыпталушыларды сот сараптамасымен таныстыру туралы хаттама, сарапшылардың талап тілектері, сарапшылардың қорытындылары, сарапшылардан жауап алу хаттамасы, аудиторлық, банктік және салықтық тексерістер бойынша материалдар. Басқада құжаттар: ұсыныстар, анықтама материалдар, заңды күшіне енген сот шешімдері, бұқаралық ақпарат құралдарына жарияланған материалдар және т.б. Жәбірленушіні, азаматтық талапкерді және оның заңды өкілдерін, айыпталушыларды және олардың қорғаушыларын материалдармен таныстыру: хабарламалар, хаттамалар, адвокаттар алқасының ордері, таныстыру кестесі, қорғаушылардың талап тілектері, қорғаушының немесе айыпталушының талап тілектерін қанағаттандыру немесе қанағаттандырудан бас тарту туралы қаулылар. Аталған қылмыстық іс материалдары алғашында жеке папкаларға

жинақталып жүйеленсе, ол материалдармен мүдделі тұлғалар танысу сатысы келгенде жинақталған құжаттар қылмыстық іске тігіліп реттелуі тиіс.

Қылмыстық істі қозғау туралы қаулы қылмыстық істің бірінші томының бірінші парағына тігіледі, одан әрі қылмыстық істің қозғалысы туралы іс қағазда рет ретімен тігіледі. Қылмыстық процесске қатысушылардың іспен танысуын айқындайтын құжаттар және айыптау қорытындысы арқылы қылмыстық істі тігу реті аяқталады.

Жедел тергеу тобының көмекші, яғни техникалық қағаз айналымын келесідей шартты түрде үш санатқа бөліп қарастыруға болады, яғни жедел-анықтама, штабтық және қадағалау-бақылау.

Жедел-анықтама іскерлік қағаз айналымына, жоспарлар сызбалар, ведомств жинақтарын жатқызамыз. Жедел тергеу тобының қызметін жоспарлаудың өз ерекшеліктері бар. Біріншіден ол жоспар жедел қызметімен келісілген болуы керек, ал екіншіден жалпы және жеке мақсаттардан тұрады. Жедел қызметпен жоспарды келісу қылмыстық істі тергеу барысында, тергеу әрекеттерін есепке алуды және мерзімдердің сақталуын қамтамасыз етеді. Жалпы жоспарды топ жетекшісі құрады, ал жеке жоспар топ жетекшісінің бақылауы негізінде топ құрамына кіретін тергеушімен құрылады. Жеке жоспарлар қылмыстық іс бойынша нақты бір эпизодтарды немесе жекелеген тұлғалардың қылмыстық әрекеттерін тергеу үшін құрылады. Сондай-ақ, күрделі тергеу әрекеттерін жүзеге асыру үшін жеке жоспарлар құрылуы мүмкін. Ал, жалпы жоспар осы жеке жоспардың негізінде құрылады.

Бұдан басқа, қылмыстық қызметтің сызбасы, оның ішінде заңсыз ақша қаражаттары, бағалы қағаздар, материалдық құндылықтар қозғалысының және т.б сызбалар, қылмыстық істі тергеуде маңызды көмекші құжаттардың бірі болып табылады. Тәжірибеде күрделі қылмыстар, оның ішінде экономика саласындағы қылмыстарды тергеу барысында міндетті атрибуттардың ретінде аталған сызбалар қолданылады.

Сызбалар құрастыру нәтижесі қылмыстық істі тергеудің жоспарын туындатады. Сауатты және жан жақты қамтылған сызба құрастырмай, жасалған қылмыстың механизімін анықтау және тергеу әрекеттерінің жоспарын құрастыру мүмкін емес. Сызбаның болуы куәлар мен айыпталушылардан сауатты жауап алуға, кей жағдайларда жоспарда жіберілген кемшіліктерді де жоюға мүмкіндік береді.

Топ қызметінде маңызды орын алатын тағы бір құжат ол, ведомость жинағы. Тергеуге кіріскен жедел тергеу тобының жетекшісі, тек тергеу әрекеттерін және жедел іздестіру шараларын жоспарлап қана қоймай, жинақталған дәлелдемелерді жүйелендіреді, оларға құқықтық баға береді. Штабтық құжат айналымы бұл жедел тергеу топ жұмысының қызметін дұрыс жүзеге асыруға арналған көмекші құжаттар жиынтығы. Оны шартты түрде жеке құрамға және материалды-техникалық жағдайға қатысты құжаттар деп екі топқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші топқа жедел тергеу тобының

тізімдік құрамын құру және оларға өзгерістер еңгізу, жедел тергеу топ мүшелерінің іс сапарлар мерзімдердің сақталуы, жедел тергеу топ мүшелерінің және жетекшісінің байланыс телефондары т.б. құжаттарды жатқызамыз.

Екінші топқа жедел тергеу тобына бекітілген барлық техникалық құралдар, яғни анықтау, байланыс және көлік техникалары қозғалысына қатысты құжаттар жиынтығын айтамыз.

Құжатаманың үшінші тобына жедел тергеу тобының бақылау қадағалау өндірісі жатқызамыз. Бұл өндірісті жүргізу жедел тергеу тобының штабына немесе жеке тергеушіге тапсырылуы мүмкін [37;121].

Заңнама тарапынан бақылау қадағалау ісі нақты қандай құжаттардан жинақталатыны көрсетілмеген. Дегенімен, тәжірибеде мұндай құжаттардың тізімі жасақталған, яғни бақылау өндірістеріне қылмыстық іс бойынша барлық процессуалдық құжаттардың көшірмелері тігілуі қажет және ол өндіріс қадағалаушы прокурорға жолданады. Ондай процессуалдық құжаттар көшірмелеріне, бас шарасын шешу туралы, тінту, мүлікке және пошта-телефон корреспонденциясына тиым салу қаулылары, тергеудің және қамақта ұстау мерзімін ұзарту туралы талап тілек, қылмыстық істі бөлек өндіріске бөлу туралы қаулы, ауыптау қорытындысы, тиісті органдардың ұсыныстары, әртүрлі мекемелердің сұраныстарының көшірмелері, анықтау органдарына берілген тапсырмалар көшірмелері, олардың сапасыз орындалуына байланысты рәсімделген актілер, қылмыстық іс бойынша қадағалау жүргізу құзыретті бар органдардың нұсқаулары және оларға жолданған жауаптарды есептеуге болады.

Сонымен, жедел тергеу тобымен жүзеге асырылатын жекелеген және жалпы тергеу өндіріс әдістерінің жиынтығы, тергеуді жеке дара жүргізетін тергеуші қызметінің негізгі қағидаларына бағынады. Дегенімен, жедел тергеу тобы бірнеше тергеушілердің күш біріктіруі арқылы барлық тергеу әрекеттерін жүзеге асыруға мүмкіндіктер береді. Жалпы қарау, тінту, алу сияқты тергеу әрекеттері ұжым аясында жүзеге асатыны белгілі, ал, жауап алу беттестіру сияқты тергеу амалдарын тергеушілер дәстүрлі түрде айыпталушымен куәлармен жеке дара түрде жүзеге асырады. Дегенімен қылмыстық заңнама жауап алуды бір мезетте бірнеше тергеушімен жүзеге асыруға тиым салмайды. Оның үстіне мұндай тәсіл әртүрлі психологиялық комбинацияларды қолдауға мүмкіндіктер беретіні туралы тұжырымдар арнайы әдебиеттерде мазмұндалған, мысалы бір тергеуші жауап алудың жағдайын саналы түрде ушықтырып, өзін жауап берушінің алдында жағымсыз тергеуші ретінде танытады, ал екінші тергеуші болса, бірінше тергеушінің ұстанымына қарсылық білдіру арқылы жағдайды реттеуге тырысады, яғни жағымды көз қарас ұстанған кейіп танытады, нәтижесінде жауап берушімен жеңіл байланыс орнатып, соңғының шынайы жауаптар беруіне қол жеткізеді [37;149]. Бір немесе екі тергеушімен жауап алудың басқада келесідей басым тұстары бар. Атап айтқанда, күдікті, айыпталушы немесе қорғаушы

пиғылымен туындаған белгілі бір қақтығыс барысында, бір немесе екі тергеушімен жауап алу тәсілі жауап алушы тұлғаларға психологиялық қолайлы жағдай туғызады.

Сонымен қатар, тәжірибеде қылмыстық іске қорғаушылардың қатысуына рұқсат берілген сәттен бастап, кейбір айыпталушылар қылмыстық іс бойынша бірнеше қорғаушыларды жалға алады. Мұндай жағдай тергеуші үшін қолайлы болады деп айта алмаймыз, өйткені, белгілі бір тергеу әрекеттерін жүзеге асыру барысында екі қорғаушы екі жақтан тергеушінің психологиялық тепетеңдігіне кері әсер беруге, оның ішінде жауап беру кезінде қылмыстық іске маңызы төмен оқиғаларды тіркеткізуге, қиын сұрақтарға алып қашпа жауаптар беруге немесе тергеу әрекетін ашық түрде жоққа шығаруға тырысуы мүмкін. Мұндай жағдайларда провокацияға түспей, тергеу әрекетінің хаттамасын дұрыс рәсімдеу маңызды. Криминалистикалық теорияда «жауап алудың қиылыстары» деген түсінік бар, тек жауап алудың бұл түрі тәжірибеде тек сот тергеуінде ғана қолданылады. Ал, жауап алудың қиылыстарының түсінігі бұл тергеу әрекеті болып табылады, яғни айыпталушыдан жауап алу барысында қатысушылар тарапынан туындаған сұрақтар, тек осы процеске төрағалық етушінің рұқсаты негізінде қойылады деген түсінік аясына саяды. Осыған байланысты бірнеше тергеуші және қорғаушылардың оның ішінде, мамандар мен сарапшылардың қатысуларымен жүзеге асырылатын жауап алулар барысында аталған тәсілді қолдану ұсынысы логикалық тұрғыдан тиімді болып келеді.

Басқада күрделі және ауқымды қылмыстық істер, оның ішінде экономикалық қылмыстар бойынша тергеушіге көптеген бухгалтерлік және басқада есеп қисап құжаттарын алдыртуға және оны саралап жауап алу барысында қолдануға тура келеді. Мұндай жағдайда жауап алуды екі тергеушімен жүргізу тиімді, өйткені ол тергеу амалдарын қысқа мерзімде сапалы жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Тергеудің бірнеше субъектілері арқылы жауап алу тек, күдікті немесе айыпталушыларға ғана қатысты емес, сонымен бірге куәгерлер мен жәбірленушілерден жауаптар алғандада қолдануға болады. Топтық әдіске сүйене отырып оқиға орынын қарау сияқты басқада тергеу әрекетіне назар салып көрелік. Негзінен тергеуші оқиға орынын қараудың жетекшісі болып табылады, анықтау органдары қылмыстың ашылуына және қылмыс жасаған тұлғаларды анықтауға байланысты шаралар қолданса, мамандар қылмыстың іздерін анықтайды және тиісті түрде тіркейді.

Дегенімен, ішкі істер органының барлық басқарушы қызметкерлері, оның ішінде оқиға орынын қарауға немесе жасалған қылмыс бойынша алдын ала тергеу амалдарын жүргізуге құзыреті жоқ тұлғалардың оқиға орынын қарауға негізсіз қатысулары тәжірибеде жиі кездеседі. Мұндай жағдайда тергеуші оқиға орынын қарау барысындағы өзінің жетекшілік рөлін жоғалтады, оқиға орынын қарау формальді сипатқа ие болады және дәлелдеме



ақпараттарын тиянақты жинақтау мақсаты жоғалады. Сондықтанда, оқиға орынын қарау барысы тек, құзырлы тұлғаларға жүктеліп, оның қызыметін сапалы атқаруға қандайда бір кедергілер келтірудің алдын алу керек.

Тәжірибеде көп жағдайда тінту жүргізу тергеу әрекеті топтық тәсіл арқылы жүзеге асырылады, аталған тергеу әрекеттеріне кей жағдайдарда он шақты тергеушілермен жедел қызметкерлер қатысуы мүмкін. Тінту жүргізу барысындағы басты кемшіліктерге, тінту мен нақты дәлелдемелерді іздестірудің жоспарын құрмау, әр топты заманауи іздестіру техникалары және байланыс құралдарымен қамтамасыз етпеу, ақпараттың заңсыз таралуының алдын алу жұмыстарының әлсіздігі, жедел тергеу топтарын физикалық күшпен қамтамасыз ету сияқты және тағыда басқа сұрақтарды жатқызуға болады.

Сонымен, жедел тергеу тобының қызыметінде құқықтық және ұйымдастырушылық сипаттағы келелі сұрақтарды шешу, оның ішінде психологиялық аспектілерді назарға алу маңызды мәселелердің бірі екенін көреміз.

### **2.3 Құзырлы органдардың тергеу жедел-тергеу тобының сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу кезінде тәжірибеде жіберетін кемшіліктері және олардың алдын алудағы шаралар**

Арнайы прокурорлар қызыметі саласы бойынша құрылған жедел тергеу топтарының қызыметіне талдау жүргізілді. Көп жағдайда жедел тергеу топтарының құрамына арнайы прокурорлар, ішкі істер, мемлекеттік кірістер департаменті, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық бюро және ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері тартылған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының арнайы прокурорлар қызыметінің мәліметтеріне сай, 2018 жылы жедел тергеу тобы құрамына құқық қорғау органдарының 77 (50) қызметкері тартылған. Оның ішінде, ішкі істер департаментінен 38 (25) қызметкер, 16 (15) тергеуші, 22 (10) жедел қызметкер, мемлекеттік кірістер департаментінен 15 (10), сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық бюро 19 (12) және ұлттық қауіпсіздік комитетінен 4 (3) қызметкерлер тартылған. Бірқатар қылмыстық істердің аяқталуына байланысты жедел тергеу тобының мүшелері топтан шығарылып, қызмет орындарына қайтарылып отырылған. Аталған топтармен тергелген қылмыстық істер негізінен қоғам арасында резонанс туындатқан қылмыстар болған. Орын алған құқықбұзушылықтар мемлекеттің қауіпсіздігіне және көптеген тұрғындардың құқықтарымен бостандықтарына нұқсан келтірген. Мұндай қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі тергеудің толықтылығымен жан жақтылығын тек арнайы прокурорлардың күшімен қамтамасыз ету мүмкін емес. Қолданстағы қылмыстық процестік заңнама (194 бап) қылмыстық істердің күрделі ауқымды болуына байланысты жедел тергеу тобын құру

жағдайын айқындайды. Жедел тергеу қызыметі құрылымдық ереже, алқа отырысының және Бас прокуратураның жедел кеңестерінің қорытынды шешімдері негізінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар, аталған сала бойынша қылмыстық істердің сот тергеу тәжірибесіне, қылмыстық істі тергеу барысында келтірілген залалды өндіру, тергеу мерзімдерінің сақталу тәжірибесі талданды. 2016 жылдан бастап қазіргі таңға дейін, қызымет тиімділігін сотқа жолдаған қылмыстық істер негізінде бағалау тәжірибесінен бас тартылған. Оның орына нақты қылмыстық істер бойынша уақытылы заңды шешім қабылдануды қамтамасыз ету мәселесі алға қойылған. 2016-2018 жылдары жедел тергеу топтарымен тергелген қылмыстық істердің басым бөлігі азаматтардың конституциялық құқықтарына қарсы жасалған қылмыстар болған. Мұндай талап құрылымдық ережеде қойылған. Жалпы 2016 жылы 135, 2017 жылы 138, 2018 жылы 133 жедел тергеу топтары құрылған. Сонымен қатар, 2016 жылы 751, 2017 жылы 737, 2018 жылы 741 қылмыстық істер тергеу өндірісінде болған. 2016-2018 жылдар аралығында қылмыстық істер бойынша 15 млрд. тенге, 238 миллион доллар, 23 миллион евро болған. Аталған сомманың 92% Альянс Банк АҚ-ның қаражатын жымқыру және жалған кәсіпкерлік деректері бойынша қозғалған қылмыстық істер бойынша өндірілген. Жалпы аталған жылдар ішінде келесідей тергелген қылмыстық істерді мысалға келтіруге болады. Ұйымдасқан қылмыстық ұйымның 35 мүшесіне қатысты қылмыстық іс прокурор тарапынан құрылған жедел тергеу тобы арқылы тергеліп заңды сот шешімі қабылданған. Аталған қылмыстық топ А. Ильин деген азаматтың басқаруымен жалған кәсіпкерлікпен айналысқан. Қылмыстық ұйым құрамына таратылған қаржы полициясының бұрынғы қызметкерлері, салық комитетінің және басқа мемлекеттік органдардың қызметкерлері кірген. Бұл қылмыстық ұйымның заңсыз әрекеттері салдарынан мемлекетте жалпы 35 млрд. теңге залал келген. Сонымен қатар, жедел тергеу тобымен Шығыс Қазақстан облысында орналасқан «Бахыт» кеден бекетінде орын алған экономикалық контрабанда бойынша қылмыстық іс тергелген. Мемлекетке келтірілген шығын көлемі 2,6 млрд. тенгені құраған. Қылмыстық топтың 7 мүшесі сотталған, оның ішінде Қазақстан Республикасының қаржы министрілігіне қарасты кедендік бақылау Комитетінің 2 лауазымды тұлғалары болған. Бұдан басқа жер қатынастарына қатысты орын алған алаяқтық әрекеттерге қатысты қылмыстық іс аяқталып сотқа жолданған. Қылмыстық әрекеттерге бұрынғы аудан, ауыл әкімдерінің, әділет басқармасының және құрылыс және сәулет басқармалары қызметкерлерінің қатыныстары боған. Мемлекетке келтірілген шығынның жалпы сомасы 200 млн. тенгені құраған. Сотқа 24 айыпталушы берілген. Қостанай қаласында 2007 жылдан бастап 2015 жылға дейін заңсыз әрекет еткен «қара риелторларға» қатысты ұйымдасқан қылмыстық топ бойынша қылмыстық іс өндірісімен аяқталып, сотқа жолданған. Нәтижесінде сот үкімі шығып, кінәлілерге тиісті жазалар тағайындалған, оның ішінде екі

сотталушыға өмірбой бас бостандығынан айыру туралы жаза тағайындалған. Ұйымдасқан қылмыстық топпен көптеген алаяқтық, кісі өлтіру, адам ұрлау сияқты ауыр қылмыстар жасалған.

Дегенімен аталған сала бойынша тәжірибеде келесідей заңбұзушылықтарға жол берілгені анықталды. 2016-2018 жылдар аралығында жедел тергеу тобымен тергелген 5 қылмыстық іс бойынша 8 сотталушыға қатысты сотпен ақтау үкімдері қабылданған. Сонымен қатар, жедел тергеу тобымен тергелетін қылмыстық істер бойынша тергеу мерзімдерінің бұзылуы, тергеудің созбалаңдылыққа салынуы, қадағалаушы прокурордың нұсқауларын орындамау секілді заңбұзушылықтар орын алған. Тергеу мерзімдерін созбалаңдылыққа салу 2016 жылы Қарағанды облысында 4 қылмыстық іс бойынша орын алған. Атап айтқанда, Г. Павловқа қатысты қылмыстық іс жедел тергеу тобының тергеушісімен 16 маусым 2015 жылы өз өндірісіне қабылдаған. Алайда, аталған қылмыстық іс 8 ай бойы жүргізілген, дегенімен аталған мерзім ішінде не бары 15 тергеу әрекеттері өткізілген. Осыған ұқсас А. Хасанов және Шильге қатысты азаптау деректері бойынша қозғалған қылмыстық істе 6 ай бойы тергелген. Павлодар облысында түзеу мекемесінде орын алған Абдыкаримованың өліміне қатысты қылмыстық істе 9 ай бойы тергелген. Аталған қылмыстық істерді тергеу мерзімдерін қысқартуға қатысты тиісті шаралар қолданылмаған. Сонымен қатар, көп эпизотты ауыр қылмыстар бойынша, яғни бригадалық тергеу тәсілін талап ететін қылмыстық істі тергеуде, жедел тергеу тобының құрамына қадағалаушы прокурорды қосуды тәжірибеге енгізу қажет деп есептейміз. Мұндай жағдай, қылмысты тергеу барысында заңбұзушылықтардың алдын алуы дер кезінде қадағалаушы прокурор арқылы анықталып жойылады және прокурорлар өз қызыметіне қажет болатын тергеу біліктілігіне ие болады. Бұдан басқа, прокурор тарапынан құрылатын жедел тергеу топтарына басқа органдар қызметкерлерін тарту тәжірибесінен бас тарту қажет. Оның орынына прокурорлық қызметкерлерден тұратын тергеушілер дайындау сұрағын алға қойған жөн, өйткені басқа органдар қызметкерлері топ құрамына енген күннің өзінде қылмыстық істі басқа орган мүдесіне қатысты тергеуге құлықсыз болдатынын және ол органдар басшылары тергеушілерді қылмыстық іс аяқталмай жатып жұмыс орынына қайтаруға байланысты жиі сұраныстар жолдайтынын тәжірибе көрсеткен. Сондықтанда, прокурорлардың тергеу саласында кәсіби деңгейін арттыру жұмысын алға қою керек. Сонымен қатар, прокурорлар тарапынан құрылған жедел тергеу топтарымен тергелетін қылмыстық істер бойынша аналитикалық талдаулар жүргізетін арнайы құрылым жоқ. Қандайда бір жүйеге келтірілген статистикалық мәліметтер жыйнақталмайды. Тек, қажетті сұраныс бойынша, өндірістегі қылмыстық іске қатысты ақпараттар жолдау тәжірибесі қалыптасқан. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасында жергілікті жерлерде құрылған тергеу топтарына ведомствалық бақылау ара қашықтықтан жүргізіледі, яғни әр арнайы

прокурорға аймақтармен пән саласы бекітілген. Мысалы, Шығыс-Қазақстан, Батыс-Қазақстан және Солтүстік-Қазақстан облыстарында жүргізілген тексерістер бойынша келесідей ұсыныстар ұсынылған:

-қылмыстық процестік заңнама тарапынан қойылатын тараптарды шешу және қылмыстық істерді қайта тергеуге жолдау деректеріне жол бермеу мақсатында жедел тергеу топтарымен тергелетін қылмыстық істерге ведомствалық бақылауды күшейту;

-қылмыстық істерді тергеу барысында зональды ұстанымды күшейту және жетілдіру, қылмыстық істерді тергеу барысында заңдылықтың оның ішінде азаматтардың конституциялық құқықтарымен бостандықтарының сақтау және қылмыстық сот өндірісінің талаптарын орындау;

-жедел тергеу топтарына тәжірибелік көмек көрсету, аталған бағытта жергілікті жерлерге шығу тәжірибесін алға қою;

-тергеушілер мен жедел қызметкерлердің біліктіліктерін аттыру мақсатындағы жұмысты одан әрі жалғастыру және шет елдердің озық тәжірибесін қолдану.

Дегенімен, 2016 жылы жедел тергеу тобымен тергелген 2 қылмыстық іс қадағалаушы прокурормен қайта тергеуге жолданған. Мысалы, прокуратура тарапынан Атырау қаласының ішкі істер басқармасының бастығы Б. Кابدешовке және оның орынбасары Шалтеновке қатысты азаматтарды заңсыз қылмыстық жауапкершілікке тарту деректеріне қытысты жедел тергеу тобымен тергелген қылмыстық іс прокурормен қайта тергеуге жолданған. Қылмыстық істі қайта тергеуге жолдау туралы шешімді қадағалаушы прокурор келесідей негіздеген, яғни қылмыстық іс бойынша тергеу әрекеттері жан-жақты толық жүргізілмеген және күдіктілердің қылмыстық іс әрекеттері дұрыс сараланбаған. Қылмыстық іс қайта тергелгеннен кейін, қылмыстық процестік кодекстің 300 бабының негізінде, Атырау облысының прокуратурасына жолданған, алайда жоғарыдағы негіздермен қылмыстық іс қайта тергеуге жолданған. Сонымен қатар, Алматы қаласының Ауэзов ауданына қарасты салық басқармасының лауазымды тұлғаларына қатысты ҚР-ның қылмыстық процестік Кодексінің 215 бабының 3 бөлігі, 262 баб. 2 б., 263 б 2 б., 307 б 4 б. бойынша қозғалған қылмыстық іс қадағалаушы прокурормен қайта тергеуге жолдаған. Бұдан басқа азаматтардың конституциялық құқықтарының шектелу жағдайларыда орын алған. Атап айтқанда, 2016 жылдың наурыз айының 14 күні Астана қаласының №2 «Алматы» аудандық сотымен Астана қаласы сотының бұрынғы судьясы Елчибаев ақталған. Аталған қылмыстық іс бойынша судьяға қасақана заңсыз шешім қабылдау және қызметтік жалғандық айыптары тағылған. Сот үкімі апелляциялық және кассациялық сатыларда өзгерісіз қалдырылған. Бұдан басқа, Алматы қаласының арнайы мамандандырылған ауданаралық қылмыстық сотының үкімімен 35 тұлғаға әр түрлі бас бостандығынан айыру жазалары қолданылған. Алайда, бір сотталушыға қатысты ақтау үкімі қолданылған. Бұдан басқа, 13 қараша 2017

жылы қадағалаушы прокурормен №167280101000016 санымен тіркелген Т.Т. Космагамбетовке қатысты қылмыстық іс қадағалаушы прокурормен қайта тергеуге жолданған. Себебі прокурордың пайымдауынша қылмыстық іс бойынша маңызы бар және қорғаушы тарапынан талап тілек келтірілген бір қатар куәлардан жауаптар алынбаған. 2018 жылы жедел тергеу тобымен тергелген қылмыстық істер бойынша 1 сотталушы ақталған. Қылмыстық істерді қайта тергеуге жолдаудың және ақтау сот үкімдерінің қабылданудың басты негіздеріне тергеу әрекеттерін толқ жүргізбеу немесе процессуалдық заңбұзушылықтар болып жатады. Мысалы, айыпталушы Ашимовпен ұшақпен ұшу ережесін сақтамау дерегіне қатысты қозғалған қылмыстық іс бойынша тергеу барысында маңызы бар бірқатар куәлерден жауаптар алынбаған немесе тінтіу жүргізу, қан үлгілерін алу барысында қылмыстық процестік заңнама талаптары сақталмаған. Бұдан басқа, жедел тергеу тобының қызыметінде қылмыстық істердің мерзімдерін заңсыз үзу деректерінде орын алған [97].

## Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы

Диссертациялық зертеу нәтижесі келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

Қылмыстарды тергеушілер тобымен тергеу процессуалдық заңнамаға негізделеді және көп жылдық криминалистикалық тәжірибемен тексерілген. Тергеу және жедел тергеу топтары қылмыстық процесстің өзіндік ерекшелігі бар субъектісі болып табылады. Бұл жерде тергеуді ұжым болып жүргізумен қатар, тергеушілердің жеке дара дербес тәуелсіздігі сақталады.

Сонымен, тергеу тобы деп, нақты қылмысты ашу және қылмыстық істі тез әрі толық тергеу мақсатында бірнеше тергеушіден тұратын, оның ішінде бір тергеуші қылмыстық істі өз өндірісіне қабылдайтын және басқа тергеушілердің әрекеттеріне басшылық жасайтын топ жетекшісі бар қылмыстық процессуалдық заңнама аясында уақытша құрылған ұйымдастырылған құрылымды айтамыз.

Жедел тергеу тобы деп, заңнама және ведомствалық нормативтік құқықтық актілер негізінде уақытша құрылған, қылмысты ашу және тергеу қызыметін тиімді ұйымдастыру мақсатында тергеушімен басқарылатын тергеушілерден, жедел іздестіру қызметкерлер субъектілерінен және басқада мамандардан тұратын ұйымдастырылған құрылым. Жедел тергеу тобының жетекшісі қылмыстық істі өз өндірісіне қабылдайды және қылмыстық іс бойынша маңызды процессуалдық шешімдер қабылдайды.

Жедел тергеу тобының құрамына кіретін әр тергеуші, негізінен жекелеген эпизоттарды, не болмаса бір айыпталушының қылмыстық әрекетін немесе қылмыстық іс бойынша басқада жекелеген бағыттарды тергейді. Дегенімен, тергеуші топ жетекшісіне және тергеу жоспарына бағына отырып, өз атынан қылмыстық іс бойынша маңызды процессуалдық әрекеттерді жүзеге асырады және процессуалдық шешімдерді қабылдайды. Жедел тергеу топтарын құруға байланысты келесідей негіздерді жіктеуге болады: қылмыстық іс бойынша жәбірленушілердің, қылмыстық эпизоттрадың, дәлдемелік ақпараттың ауқымды болуы, кінәні дәлелдеуге байланысты қиындықтардың туындауы және басқада күрделі жағдайлар.

Жедел тергеу топтарын құрудың мақсатына қылмысты жан жақты және толық тергеу және процессуалдық мерзімдерді қысқарту болып табылады. Қазіргі таңда, жедел тергеу тобының қызыметін ұйымдастыру Бас Прокуратураның, Ішкі істер Министірлігінің және басқада ведомствалардың нормативтік актілері арқылы реттеледі. Дегенімен, жедел тергеу тобына қылмыстық заңнама аясында процессуалдық статус берілмеуі қылмыстық процессуалдық заңнама тарапынан жіберілген кемшілік деп есептейміз.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының қылмыстық процессуалдық кодексіне жедел тергеу тобының қызыметіне қатысты, оның ішінде, жедел тергеу тобының жетекшісінің құзыретін жоғарлату ұсынылды. Осыған

байланысты ҚР-ның қылмыстық процестік кодексіне өзгерістер еңгізу туралы келесідей жоба ұсынамыз:

1) Атап айтқанда, ҚР ҚПК-нің 60-шы бабына сәйкес, тергеуші сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу кезінде барлық шешімді дербес қабылдайтыны және тергеушінің қызметіне заңсыз араласу қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтыратыны көзделген.

Осыған қарамастан, Кодекстің 195 бабының 2-ші бөлігінде, қылмыстық қудалауды, қылмыстық істі толықтай немесе оның бір бөлігін тоқтату, қылмыстық істерді біріктіру және бөлу, сондай-ақ, сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін ұзарту туралы өтінішхат қозғау туралы, сот санкциялайтын бұлтартпау шараларын қолдану және оларды ұзарту туралы шешімдерді топ жетекшісі ғана қабылдайтыны белгіленген.

Мұндай жағдайда, аталған баптар мазмұны жағынан бір-біріне қарама-қайшы екенін көреміз. Яғни, Кодекстің 195-шы бабының мағынасы, тергеушінің дербестігі мен тәуелсіздігіне қатысты осы Кодексте берілген ұғымдарға сай келмейді. Тәжірибеде қалыптасқан мұндай жағдай, жедел тергеу топ мүшелерінің өз-ара қарым-қатынас орнату жүйесіне процессуалдық сипаттама берілмегендігін айқындайды.

Бұл дегеніміз, тергеу тобына қабылданған тергеуші тергеу тобының басшысына толықтай тәуелділікте болатынын көрсетеді. Ал, тергеуші сотқа дейінгі тергеп-тексеруді так заңға бағына отырып, тәуелсіз жүргізгенде ғана қылмыстық істің объективті тергелуіне мүмкіндік туатыны белгілі.

Қазіргі бұл норма топ мүшелерінің және топ жетекшісінің құзыретін негізсіз шектеуге әкеп соғады, атап айтқанда топ мүшелері өз еріктерімен қандайда бір процессуалдық шешімдер қабылдауға құзыретсіз болады, ал, топ жетекшісі топ құрамындағы тергеушілерге қандайда бір тергеу учаскелерін бөліп беріп, тергеу процессін қадағалау құзыретінен айырылады. Сондықтанда, жедел тергеу құрамындағы әр тергеуші тергеп жатқан қылмыстық іс бойынша кез-келген тергеу әрекеттерін тәуелсіз жүргізіуі тиіс, ал жетекшісі топ қызметін үйлестіру міндетінде болғаны жөн.

Сонымен, тергеу тобы басшысының құзыретіне топтың жұмысын ұйымдастыру, үйлестіру, тәжірибелік көмек көрсету және заңды шешім қабылдауға мүмкіндіктер жасауды міндеттеу арқылы, заңнамамен қарастырылған тергеушінің дербес шешім қабылдау құзіретіне нұқсан келтірмеу жолдарын қарастыру керек деп есептейміз.

Осыған байланысты, ҚР ҚПК-нің 195 бабының 1 бөлігіне *«Топ жетекшісінің қаулысымен тергеушілер және топ жетекшісі қылмыстық істі өз өдірісіне қабылдайды. Топ жетекшісі қылмыстық істің эпизодтары бойынша тергеуді әр тергеушіге жеке-жеке тапсырады, топтың жұмысын ұйымдастырады, басқа тергеушілер мен анықтау органдары қызметкерлерінің әрекеттеріне басшылық жасайды»* деген

*мағынада. Ал, 195 бабының 2 бөлігіне «Қылмыстық қудалауды, қылмыстық істі толықтай немесе оның бір бөлігін тоқтату, қылмыстық істерді біріктіру және бөлу, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін ұзарту туралы өтінішхат қозғау туралы сот санкциялайтын бұлтартпау шараларын қолдану және оларды ұзарту туралы шешімдерді топ жетекшісінің келісімі арқылы қылмыстық істі тергейтін тергеуші қабылдайды. Келісімді алмау шешімдердің орындалысын тоқтатпайды. Тергеуші немесе топ жетекшісінің әрекеттеріне байланыты прокурорға шағым келтірілуі мүмкін» деген мағынада өзгерістер енгізілуі қажет деп есептейміз.*

Аталған мағынада қылмыстық процессуалдық заңнамаға өзгерістермен толықтырулар енгізілер болса, біріншіден ол ҚР ҚПК-тің 60-ші бабы мен 195-ші бабы арасындағы туындаған қарама-қайшылықты жояды, екіншіден қылмыстардың тез ашылуына, сапалы тергелуіне және тергеу тобының құрамына кіретін тергеушілердің өз жұмыс участігіне жауапкершілікпен қарауына мүмкіндіктер туындатқан болар еді.

2) Қазіргі таңда, жедел тергеу қызметін реттеу заңнамалық емес, көп жағдайда ведомствалық сипатқа ие. Ғылыми әдебиеттерде қылмыстық процессте жедел тергеу топтарының қызметін ведомствааралық сала бойынша жан-жақты реттеу, теориялық және практикалық тұрғыдан өзінің өміршендігін дәлелдеген деген тұжырымдар деп айтылады.

Жалпы, бұл тұжырыммен келісуге де болады, өйткені жоғарыда айтылғандай жедел тергеу тобының қызметі қылмыстық заңнама бойынша толықтай айқындалмағанымен бұл қызметтің түрі тәжірибеде кеңінен қолданылып келе жатқаны белгілі. Қалыптасқан тәжірибеге сай, жедел тергеу топтары арқылы орнатылатын өз-ара қарым-қатынас нысаны өзінің өміршендігін дәлелдеген және ол алдын ала тергеу субъектісінің біріне айналған. Қылмысты тергеу барысында дәстүрлі түрде дәлелдемелер жинақтаумен қатар, жедел іздестіру қызметінің мәліметтері дәлелдеу процесінде кеңінен қолданылуда. Келекшекте тергеу және жедел іздестіру қызметі бір бірімен одан әрі жақындай түсетіні сөзсіз. Алайда, аталған қарым-қатынас қазіргі таңда қылмыстық процестік заңнама тұрғысынан өз бекуін таппаған.

Сол себепті, ҚР ҚПК-нің 194 бабының 1 бөлігіне келесідей мағынада өзгерістер мен толықтырулар енгізілгені жөн деп есептейміз.

*«Қажеттілік туындаған жағдайда тергеушілермен қатар жедел іздестіру қызметінің қызметкерлерінен тұратын күрделі және ауқымды қылмыстарды тергеу үшін, жедел тергеу тобы жасақталуы мүмкін. Мұндай жағдайларда тергеу, анықтау бөлімінің бастығы немесе прокурормен жедел тергеу тобын құру туралы қаулы қабылданады. Қаулыда тергеп-тексеру жүргізу тапсырылған барлық тергеушілер, анықтау органының қызметкерлері, оның ішінде топ жетекшісі –тергеуші көрсетілуі тиіс.*



*Қылмыстық істі өз өндірісіне қабылдаған тергеуші жедел тергеу тобын басқарады. Жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын қызметкерлер, жедел тергеу тобы жетекшісінің нұсқауы негізінде жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізе алады және ол тергеу әрекеттері тиісті хаттамада көрсетіледі. Жедел тергеу тобының құрамына кіретін жедел іздестіру қызметін атқаратын қызметкерлер, қылмыстық іс бойынша жедел іздестіру шараларын жедел тергеу тобы басшысының келісімімен жүзеге асырады. Жедел іздестіру шараларының шешімі заңнамаға сай рәсімделеді және жедел тергеу тобының басшысына баяндалады».*

Аталған, мазмұнға сай, ҚР ҚПК-не өзгерістермен толықтырулар енгізілген жағдайда, жедел қызметкерлердің қылмыстық істі тергеуге қатысу мәселесін жеңілдетеді, сондай-ақ, қылмыстық іс бойынша өтіп жатқан тұлғалардың құқықтары мен заңды мүделерін қозғайтын жедел қызметкерлердің жұмыстары процессуалдық бақылауға алынады. Тергеудің тиімділігін арттырады және тәжірибеде өзінің негізін анықтап үлгерген, тергеушілермен жедел қызметкерлердің өз-ара қарым-қатынас нысанын заңды түрде бекітеді.

3) ҚР ҚПК-нің 58 бабына сай, прокурор-өз құзыреті шегінде жедел іздестіру қызметінің, анықтаудың, тергеудің және сот шешімдерінің, қылмыстық процестің барлық сатыларында қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабына және осы Кодекске сәйкес өкілеттіліктерді жүзеге асыратын лауазымды адам. Соттың қылмыстық істі қарауына қатысатын прокурор айыптауды қолдау арқылы мемлекеттің мүдесін білдіреді және мемлекеттік айыптаушы болып табылады.

Жедел-тергеу топтарына аса ауыр және күрделі қылмыстық істер тергелетіндіктен қадағалаушы прокурорға да аталған тергеу барысында үлкен міндеттер жүктеледі.

Атап айтқанда, қылмыстық заңнама тарапынан прокурорға көптеген міндеттер жүктелген, сондай-ақ, прокурордың екі құқықтық құзыреті мағынада қарастырылған, яғни жедел-іздестіру қызметінің, анықтаудың, тергеудің және сот шешімдерінің, қылмыстық процестің барлық сатыларында қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды жүзеге асыру және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүргізу, осыған байланысты прокурорлық қадағалауды жүргізу барысында бірқатар мәселелер туындауы мүмкін.

Жалпы, жедел-тергеу тобымен тергелген ауқымды аса ауыр, көп эпизотты қылмыстық істерді зерделеп толық қанды баға беру жеке дара прокурорға оңайға соқпайтыны белгілі. Тәжірибеде туындаған осындай мәселелерді шешудің жолы ретінде жедел тергеу тобымен тергелетін ауқымды күрделі қылмыстық істерге прокурорлық қадағалау белгілі бір айқындалған прокурорлар тобымен жүргізілуі қажет. Нәтижесінде, қылмыстық істердің

заңнама тарапынан бұданда әділ және сапалы тергелуіне жол ашылуы мүмкін.

Сондықтанда, қадағалаушы прокурормен жедел тергеу тобының өз-ара қарым-қатынасын жетілдіру мақсатында, ҚР ҚПК-нің 58 бабына *«Тергеу, жедел тергеу тобымен тергелетін қылмыстық істерге қадағалау белгілі бір айқындалған прокурорлар тобымен жүргізілуі тиіс»* деген редакцияда өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі қажет деп есептейміз.

4) Тергеу, жедел-тергеу тобы өз қажеттілігін дәлелдеген объективті түрде әрекет ететін құбылыс болып табылады. Дегенімен, жедел тергеу топтарын құру және оның сотқа дейінгі тергеп тексеруді жүргізіуін ұйымдастыруға байланысты заңнама талаптарын әліде болса жетілдіру қажет екендігі айқын. ҚР ҚПК-нің 194 бабының 1-ші бөлігінде, іс бойынша сотқа дейінгі тергеп тексеру ол күрделі немесе үлкен көлемді болған жағдайда тергеушілер және анықтау органының қызметкерлері тобына (тергеу, жедел-тергеу тобына) тапсырылуы мүмкін және бұл туралы шешімді тергеу бөлімінің немесе анықтау бөлімінің бастығы қабылдауға құқылы деген түсінік бар. Бұл норма тергеу тобы және оның басшыларымен мүшелерінің құзыретін ғана айқындайды.

Жедел-тергеу тобының түсінігіне, құрылу тәртібіне, әрекетінің (қызетінің) тоқтатылуына, қатысты заңдық тұрғыдан белгі бір түсіндірменің болмауы, жедел бөлімше қызметкерлері және жедел-тергеу тобы арасындағы қарым-қатынастың жүйелі түрде дамуына өзінің кері әсерін тигізеді. Сондықтанда, қылмыстық процестік кодексте жедел-тергеу тобының түсінігі айқындалуға жатады, өйткені жедел-тергеу тобын құру сұрағын қарастырмас бұрын, ең алдымен ол топтың түсінігі заңнама талаптарында өз бекуін табуы керек.

Осыған байланысты, ҚР ҚПК-нің 194 бабына келесі мағынадағы 1-1 бөлігін қосу қажет деп есептеймін: *«Тергеу жедел-тергеу тобы дегеніміз нақты бір қылмыстық істі тез, жан-жақты ашу және тергеу мақсатымен, заң негізінде уақытша құрылған ұйым, ол топ бірнеше тергеушілер, анықтау органымен жедел іздестіру қызыметінің қызметкерлерінен құралады, сондай-ақ, оның ішінде бір тергеуші қылмыстық істі өз өндірісіне қабылдайды және басқа тергеушілер, анықтау органымен жедел іздестіру қызыметі қызметкерлерінің әрекеттерін басқарады».*

5) ҚР ҚПК-де іс бойынша сотқа дейінгі күрделі немесе үлкен көлемді қылмыстар, жедел-тергеп тексеру тобына берілуі мүмкін екендігі көрсетілген. Алайда, заңшығарушы «үлкен көлемді» және «күрделі» деген түсініктердің мазмұнын ашпайды. Яғни, ҚР ҚПК-де жедел-тергеу топтарының құруға арналған нақты критериялар жоқ. Тергеу тобымен тергелетін қылмыстар санаты құрамы жағынан күрделі және жан-жақты болып келетіні жоғарыда айтылған болатын. Ал, Кодексте тергеу тобын құру туралы шешімді тергеу бөлімінің немесе анықтау органының бастығы және прокурор қабылдауға құқылы екендігі көрсетілген.

Яғни, заң шығарушы орган тергеу тобын құру мәселесін шешуді аталған лауазым иелерінің құзіретіне берген. Бұл дегеніміз белгілі бір күрделі қылмыстар бойынша тергеу тобы құрылады немесе көрсетілген лауазым иелерінің кез келген субъективті тұжырымына байланысты тергеу тобы құрылмауы мүмкін.

Осындай таңдау компонентінің болуының өзі, күрделі және ауқымды қылмыстың объективті тергелуіне өзінің кері әсерін тигізуі әбден мүмкін.

Сондықтанда, тергеу тобымен тергелетін аса ауыр күрделі, ауқымды қылмыстар санатының нақты критериялары анықталғаны жөн. Нәтижесінде, аталған қылмыстар тек, тергеу тобымен тергеліп, мұндай қылмыстарды тергеу сапасы көтеріледі және белгілі бір нақты тәжірибе қалыптасады.

Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексінде «Күрделі» және «Үлкен көлемді» деп танылатын қылмыстық істердің түсінігі келесідей белгілер арқылы анықталуы қажет:

1. Қылмыс оқиғасы және қылмыс жасаған тұлғалар туралы бірнеше болжамдар туындағанда және ол болжамдарды барынша қысқа мерзім ішінде тексеру қажет болғанда;

2. Іс материалдарында өз-ара байланысы бар эпизодтардың көп болуы және оларды жеке тергеу мүмкіндігінің болмауы;

3. Іс бойынша бір немесе бірнеше қылмыстарды бірге жасаған айыпталушылар санының көп болуы;

4. Тергеу амалдарын жүргізетін территорияның үлкендігі, тергеу әрекеттеріне жүгізуге қиындықтар туындататын болса;

5. Қоғамда резонанс туындатқан қылмыстар бойынша.

Егерде, осындай нақты критериялар заңнама талаптарында айқындалса, бұл жедел-тергеу тобын құру барысында туындайтын бірқатар сұрақтардың шешімі болар еді.

б) Сонымен қатар, қылмыстық процестік заңнама бойынша, аса ауыр күрделі қылмыстарды ашумен және тергеумен айналысатын жүйелі түрде қызмет атқаратын жедел тергеу топтарын құру жағдайлары қарастырылмаған. Барлық жедел тергеу топтары уақытша сипатқа ие. Дегенімен нақты санаттағы қылмыстар бойынша, жүйелі түрде қызмет атқаратын тергеу топтары болған жағдайда, ауыр, аса ауыр және көп жылдар өткен қылмыстарды тергеу нәтижесіне оң әсерін тигізген болар еді. Жүйелі қызмет ететін осындай жедел тергеу органдары басқада құқық қорғау органдарымен қылымыстылықтың алдын алуға оны ашуға және тергеуге байланысты өз-ара қарым қатынасында нығая түседі. Сондықтанда, қылмыстық заңнамаға жүйелі түрде үнемі қызмет атқаратын жедел тергеу топтарын құру сұрағына қатысты өзгерістер мен толықтырулар еңгізу қажеттілігін көреміз.

Негізінен жұмыс 2 бағытта жүргізілді, яғни қылмыстық процеске

қатысушы жақтардың заңды құқықтарын қорағау мақсатында, жедел-тергеу топ мүшелерінің құзыретін кеңейту және осы топ арқылы тергелетін қылмыстық істер бойынша тәжірибеде туындайтын келелі мәселелерді шешу жолдарын қарастыру.

Осыған байланысты, аталған бағыттағы ғылыми зерттеу заманауи және өзекті болмақ, сондай-ақ, ғылыми тәжірибелік маңызға ие. Сонымен қатар, аталған зерттеулер арқылы көтерілген мәселелер бірнеше жылға дейін өз өзектілігін сақтайды деген негізді болжам бар.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі.

1. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы Жолдауы  
([http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar](http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar))
2. Махов В.Н. Пешков М.А. Уголовный процесс США (досудебные стадии): учеб.пособие/В.Н.Махов, М.А.Пешков - М.,1988. -208 с.(<http://www.dslib.net/kriminal-process/sledstvenno-operativnye-gruppy.html>)
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесстік Кодексі [Алматы: Юрист, 2016.-348 п.]
4. И.Ф.Герасимов «Қылмысты ашу және тергеуді қарқындату (интенсификация) қызметінің негізгі факторлары» (<https://articlekz.com/kk/article/15813>)
5. Б.А.Викторов «Тергеудің бригадалық тәсілі және кейбір процессуалдық сұрақтар» [<https://articlekz.com/kk/article/15813>)]
6. А.А. Герасун «Қылмыстық процессті кеңестік тергеудің бригадалық тәсілі». (<https://articlekz.com/kk/article/15813>)
7. И.П.Можаева «Қылмысты тергеуді ұйымдастырудың криминалистикалық аспектілері» (<https://businessman.ru/new-sledstvenno-operativnaya-gruppa-sostav-sotrudniki-deyatelnost.html>)
8. И.А. Цоколов «Тергеу және тергеу-жедел тобымен қылмыстарды тергеудегі процессуалдық және криминалистикалық ерекшеліктер». (<https://businessman.ru/new-sledstvenno-operativnaya-gruppa-sostav-sotrudniki-deyatelnost.html>)
9. М.Ч. Қоғамов «Қазақстан Республикасының қылмыстық процесстік Кодексіне түсіндірме» (Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесстік кодексіне түсіндірме 2014 жыл. 2 Том. Ерекше бөлім. Алматы: Жеті жарғы, 2015 жыл.)
- 10.Соловьев Н.Г.Реформа следственного аппарата: от перераспределения подследственности до модернизации УК. Российская юстиция. 2000. №12. С.2.
11. Улищенко И.С. Расследование преступлений группой следователей: проблемы правовой регламентации: Дис. канд. юр. наук. 1997. С.4-5; Каплан Л.С. Взаимодействие следователя с органами дознания.- Тюмень: ТГУ, 1999. С.67.
12. Кулагин Н.И., Миронов Ю.И. Организация и деятельность следственных и следственно-оперативных групп: Учебное пособие. - Волгоград, 1999.
13. Герасун А.А. Бригадный метод расследования в советском уголовном процессе. Автореф. дисс. канд. юр. наук. - М: Всесоюзный институт

по изучению причин и разработке мер предупреждения преступности, 1968. С. 11.

14. Викторов Б.А. Бригадный метод расследования и некоторые процессуальные вопросы Соц. законность. 1958, № 8. С.57.

15. Улищенко. И.С. Расследование преступлений группой следователей: проблемы правовой регламентации:

16. Дубинский А.Я., Шостак Ю.И. Организация и деятельность следственно- оперативной группы. - Киев, 1981. С.8.

17. Организация работы следственно-оперативных групп: Методические рекомендации / Под ред. Л.Я. Драпкина. - Екатеринбург: УЮИ МВД, 1998. С.3.

18. Дубинский А.Я., Шостак Ю.И. Указ. соч. С. 10-11; Рыжаков А.П. Предварительное расследование: Учебное пособие. -Тула, 1996. С.94

19. Дубинский А.Я., Шостак Ю. И. Указ. соч. СП. Кокурин Г.А. Криминалистические и организационные основы деятельности следственно-оперативных групп по раскрытию и расследованию преступлений: Авто-реф. дисс. канд. юрид. наук. - Свердловск: УПА, 1991. С. 12

20. Балашев А. Организация взаимодействия следователей и органов дознания.

21. Комментарий УПК РСФСР / Под ред. В.М.Лебедева. - М. Спарк, 1995. С. 197.

22. Дубриный В.А. Организация работы следственной бригады при расследовании сложного дела // Следственная практика. 1963, вып.59. С.5.

23. Жогин В.Н., Фаткуллин Ф.Н. Предварительное следствие в советском уголовном процессе. - М., 1965. С.291.

24. Уголовно-процессуальное законодательство Союза ССР и РСФСР: Теоретическая модель / Под. ред. В.М.Савицкого.

25. Бажанов СВ. Групповой метод расследования как способ повышения эффективности предварительного следствия: Автореф. дисс. канд. юрид. наук. - М., ВЮЗШ МВД СССР, 1990. С.9-10.

26. Бажанов СВ. Историческая преемственность следственных групп (бригад). // Закон- ность. 1998, №5.

27. Вопросы расследования преступлений: Справочное пособие. Спарк,1997. С.636-640.

28. Совместный приказ Генеральной прокуратуры, МВД, ФСБ и ДНП России от 22 мая 1995 г. №32/199/73/278 // Вопросы расследования преступлений: Справочное пособие. - М:Спарк, 1997. С 651-652.

29. Щерба СП. Оценка материалов, поступающих из аппаратов БХСС. Актуальные воросы взаимодействия следователей и оперативных работников органов внутренних дел. Научная информация по проблемам криминалистики и оперативно-розыскной деятельности.

30. Информационный бюллетень Академии управления МВД России.

1998, №4.С.33-38; Каплан Л.С. Взаимодействие следователя с органами дознания. - Тюмень, 1999; Каплан Л.С. Взаимодействие следователя с органами дознания: Автореф. дисс. канд. юрид. наук. - Ижевск, 2000.

31. Карнаухов С.С, Сереброва СП. Томин В.Т. Образцы процессуальных докумен- тов: Досудебное производство /Под ред. Н.Г. Соловьева - М.: Юрайт, 2000.

32. Цоколов И.А. Правовое регулирование расследования преступлений следственной и следственно-оперативной группой //Проблемы предварительного следствия и дозна- ния: Сб. научн. трудов. - М.: ВНИИ МВД России. - М. 1999. С. 16-22. Селиванов Н.А. Некоторые особенности расследования преступлений, совершаемых организованными группами Информационный бюллетень СК при МВД России. 1997, №4 (93).

33. Григорьев В.Н. Расследование преступлений в чрезвычайных условиях (правовое обеспечение, организация, методика): Автореф. дисс. докт. юр. наук. - М: Академия Управления МВД России, 1993. С.23.

34. Цоколов И.А. Из опыта расследования коррупции в Центральном банке Российской Федерации. Информационный бюллетень Следственного комитета при МВД России. 1999, №3(100). С.67-76.

35. Методические рекомендации по проведению крупномасштабной (специальной) опе- рации МВД государств-участников СНГ по реализации оперативных материалов следственным путем. Сборник методических рекомендаций для сотрудников оперативных аппаратов, следователей, слушателей высших и средних учебных заведений МВД государств-участников СНГ. - М.: БКБОП, 2000. С. 117-118.

36. Приказ МВД России от 14.11.95 г. № 433 «О мерах по повышению эффективности управленческой деятельности в органах внутренних дел» и приказ МВД России отб. 12.99 г. № 994 «Об упорядочении отдельных направлений управленческой деятельности в системе МВД России».

37. Психология, педагогика, этика: Учебник под ред. Ю.В. Наумкина. - М.: Закон и право, 1999. С.175-176.

38. Аверьянова Т.В. Нравственные и психологические начала в деятельности СОГ Информационный бюллетень Академии Управления МВД Росси,- М.,1999, №8. С.3.

39. Ларин А.М. Расследование преступлений группой следователей. Следственная практика. Вып.74.1967. С.87.

40. Коновалов В. Групповой метод расследования. Законность. 1995, № 7. С.38.

41. Психология, педагогика, этика: Учебник Под ред. Ю.В. Наумкина. Закон и право, 1999. С. 175.

42. Москалькова Т.Н. Нравственные аспекты соотношения уголовно-процессуальной и оперативно-розыскной деятельности Информационный бюллетень Академии управления МВД России. 1998, №6. С. 13-14.

43. Герасун А.А. Указ. соч. С. 17; Дубинский А.Я., Шостак Ю.И. Указ. соч. С.34-39.
44. Литвинцев П.И. Автоматизация процесса расследования. Информационный бюллетень СК при МВД России. 2000. №4. С.106-109.
45. Криминалистика: Учебник для вузов Под ред. Р.С. Белкина. - М. Норма. 2000. С.624.
46. Грустные мысли о следствии Законность. 1998, №5. С.23.
47. Криминалистика: Учебник /Под ред. И.Ф. Пантелеева и Н.А. Селиванова - М.
48. Цоколов И.А. Правовое регулирование расследования преступлений следственной и следственно-оперативной группой Проблемы предварительного следствия и дознания: научн. трудов. М. ВНИИ МВД России. - М. 1999. С. 16-22. 2
49. Селиванов Н.А. Некоторые особенности расследования преступлений, совершаемых организованными группами Информационный бюллетень СК при МВД России. 1997, №4 (93). С62; Пушкарев В.В. Указ. соч. С. 198.
50. Методические рекомендации по проведению крупномасштабной (специальной) операции МВД государств-участников СНГ по реализации оперативных материалов следственным путем. Сборник методических рекомендаций для сотрудников оперативных аппаратов, следователей, слушателей высших и средних учебных заведений МВД государств-участников СНГ. 2000. С. 117-118.
51. Рогов И.И. и др. Уголовное право. Учебное пособие /Под ред. докт. юрид. наук, проф. И.И. Рогова-Алматы: Ғылым, 1998.-304 с.
52. Алауханов Е. Қылмыстық құқық (жалпы бөлім). Алматы, 2009.456 парак.
53. Казахстанский закон о международных договорах в свете права международных договоров /Вестник Института законодательства Республики Казахстан (научно-правовой журнал. Астана, 2010.-№1 (17). –С.65-71.
54. Иванов В. Глобальный спрут (об афганском наркотрафике). –В газете: Известия –Казахстан. –Москва,2010-№226 (28241). -2 декабря. –Стр.1 и 9.
55. Предупреждение коррупции и закрепление антикоррупционных правонарушений /Предупреждение преступности (юридический журнал). – Алматы, 2009. -№3 (27).-С.34-39. Авторы Ерзат Бекбаев, М.А. Сарсембаев и Данияр М. Сарсенбаев.
56. Правовая культура в юридическом сообществе. –В газете: человек и закон ( Республиканская еженедельная юридическая газета). –Астана, 2009.- №17.-Стр.8.
57. Мощное средство в борьбе с коррупцией. –В газете: Казахстанская правда. –Астана, 2009.-№115 (25859).-7 мая.-Стр. 4



58. Международное право. Учебник. –Алматы: Жеті жарғы, 2009.-408 стр. Авторы Канат М. Сарсембаев и М.А. Сарсембаев.

59. Честность и неподкупность –компонент качества подготовки юридических кадров в вузах Казахстана. –В сборнике: Материалы Республиканской научно-методической конференции « Проблемы повышения качества и перспективы подготовки юридических кадров в условиях реализации Государственной программы развития образования в Республика Казахстан на 2005-2010 годы» -Алматы: УМО (Учебно-методическое объединение) Министерства образования и науки Республики Казахстан, 2005.-С.19-20.

60. Уголовная ответственность в казахстанском и международном праве. –В сборнике: Реализация уголовной ответственности: история, современность и перспективы. Материалы международной научно-практической конференции. 31 марта -1 апреля 2005 года. – Костанай: Костанайский юридический институт, 2005. –С. 56-60.

61. Введение в специальность «юриспруденция» в том числе и о профессии следователя ( учебное пособие). –Алматы: Данекер, 2002.-154

62. Организация и планирование деятельности следственных бригад Методическое пособие. -М., 1990. 55 с. Авторский коллектив: В.И. Беджашев, Л.Н. Викторова, М.Я. Розенталь, Л.А. Соя-Секро, О.Е. Фролова, А.А. Эйсман.

63. Международное сотрудничество в борьбе с преступностью: учебник для академического бакалавриата/отв. Ред. Р.А. Каламкарян. – М.: Издательство Юпайт, 2016.349 с. –Серия: Бакалавр. Академический курс. Модуль.

64. Ахметзакиров Н.Р. Сравнительное исследование осуществления правовой помощи по уголовным делам в Казахстане и России: Монография.- М.: Юрлитинформ, 2016.-120 с.

65. Статистика по данным Департамента специальных прокуроров Генеральной прокуратуры за 2016-2018 годы.

66. Совместный приказ Генерального прокурора Республики Казахстан от 7 июня 2013 года №58 и Министра внутренних дел Республики Казахстан от 16 апреля 2013 года №268 «Об организации работы постоянно действующих следственно-оперативных групп по раскрытию умышленных убийств, где не установлено лицо, подлежащее привлечению в качестве обвиняемого и взаимодействию органов внутренних дел с органами прокуратуры по уголовным делам данной категории» Информационная система Юрист. ИС Параграф.

67. Совместный приказ Генерального Прокурора Республики казахстан от 15 мая 2014 года № 44 и Министра внутренних дел Республики казахстан от 24 апреля 2014 года №240 « Об организации работы следственно-оперативной группы по раскрытию умышленных убийств, где не установлено лицо подлежащее привлечению в качестве обвиняемого, в.т.ч. «прошлых лет»:

Информационная система Юрист. ИС Параграф.

68. Кругликов А. П. Сущность и правовые формы взаимодействия органов предварительного следствия и дознания : учебное пособие. — Волгоград, 1985. — С. 21.

69. Дербенев А. П. Взаимодействие следователя и органа дознания при расследовании преступлений : учебное пособие. — М. : Академия МВД СССР, 1983. — С. 6.

70. Зимин Р. В. Содействие органов дознания следователю при производстве предварительного следствия : дис. ... канд. юрид. наук. — М., 2008. — С. 33.

71. Бекетов М. Ю. Актуальные вопросы использования непроцессуальных форм взаимодействия следователя и органов дознания в ходе расследования преступлений // Следователь. — 2000. — № 4. — С. 19—25.

72. Уголовно-процессуальный кодекс Российской Федерации // Собрание законодательства РФ.— 2001. — № 52 (ч. I). — Ст. 4921.

73. О координации деятельности правоохранительных органов по борьбе с преступностью (вместе с Положением о координации деятельности правоохранительных органов по борьбе с преступностью) (ред. от 25.07.2014) : указ Президента РФ от 18.04.1996 № 567 // Собрание законодательства РФ. — 1996. — № 17. — Ст. 1958.

74. Об утверждении Инструкции о порядке рассмотрения заявлений, сообщений о преступлениях и иной информации о происшествиях, связанных с безвестным исчезновением лиц (Зарегистрировано в Минюсте России 20.03.2015 № 36499) : приказ МВД России №38, Генпрокуратуры России №14, СК России №5 от 16.01.2015 // Российская газета. — 2015. — 30 марта.

75. Об утверждении Инструкции о порядке приема, регистрации и разрешения в территориальных органах Министерства внутренних дел Российской Федерации заявлений и сообщений о преступлениях, об административных правонарушениях, о происшествиях (Зарегистрировано в Минюсте России 06.11.2014 № 34570) : приказ МВД России от 29.08.2014 № 736 // Российская газета. — 2014. — 14 нояб.

76. Об организации предварительного расследования в Следственном комитете Российской Федерации : приказ Следственного комитета РФ от 15.01.2011 №2 // СПС «КонсультантПлюс». 2016.

77. Синеокий О. В. Виды следственных и следственно-оперативных групп: сравнительный анализ // Государство и право. — 1997. — № 1.— С. 60.

78. Колмогоров В. Следствие ищет новые пути борьбы с преступностью // Российская юстиция. — 2000. — № 3. — С. 6.

79. Травкин Е. А. Взаимодействие следователей Следственного комитета Российской Федерации с органами дознания при раскрытии и расследовании преступлений : автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — М., 2011. — С. 8.

80. Карнеева Л. М. Организационные начала расследования преступлений группой следователей // Правоведение. — 1965. — № 3. — С. 91—99.

81. Карнеева Л. М., Галкин И. С. Расследование преступлений группой следователей. — М., 1965. — С. 5.

82. Герасун А. А. Бригадный метод расследования в советском уголовном процессе : дис. ... канд. юрид. наук. — М., 1968. — С. 7.

83. Тарасов А. А. Процессуальные и тактико-психологические проблемы расследования преступлений группой следователей : дис. . канд. юрид. наук. — Куйбышев, 1990. — С. 67.

84. Улищенко И.С. Расследование преступлений группой следователей : проблемы правовой регламентации : дис. ... канд. юрид. наук. — М., 1997. — С. 4—5.

85. Каплан Л. С. Взаимодействие следователя с органами дознания. — Тюмень, 1999. — С. 67.

86. Герасимов И. Ф., Драпкин Л. Я. Основные факторы интенсификации деятельности по раскрытию и расследованию преступлений // Проблемы доказательственной деятельности по уголовным делам : межвузовский сборник. — Красноярск, 1985. — С. 8—15.

87. Тарасов М. Ю. Некоторые особенности расследования убийств следственной группой // «Черные дыры» в российском законодательстве.— 2002. — № 4. — С. 447.

88. Хамгоков М. М. Понятие и виды следственной и следственно-оперативной групп // Закон и право. — 2007. — № 12. — С. 67, 68.

89. Цоколов И. А. Процессуальные и криминалистические особенности расследования преступлений следственной и следственно-оперативной группой : дис. ... канд. юрид. наук. — М., 2001. — С. 23.

90. Шамсутдинов М. М. Производство предварительного следствия следственной группой (процессуальные, управленческие и тактико-психологические аспекты) : дис. ... канд. юрид. наук. Казань. — 2005. — С. 60.

91. Можяева И. П., Степанов В. В. Организационные основы деятельности следователя по раскрытию, расследованию и предупреждению преступлений : монография. — М., 2007. — С. 116,117.

92. Кокурин Г. А. Криминалистические и организационные основы деятельности следственно-оперативных групп по раскрытию и расследованию преступлений : дис. ... канд. юрид. наук. — Свердловск, 1991. — С. 23.

93. Бажанов С. В. Групповой метод расследования как способ повышения эффективности предварительного следствия : автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — М., 1990.— С. 12.

94. Улимаев Р. Ю. Следственно-оперативные группы: правовой статус, организация и деятельность : дис. ... канд. юрид. наук. — М., 2002. — С.

95. Савенко Г. М. Следственные группы в уголовном процессе: автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — М., 2007. — С. 12.

96. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 28 маусымдағы № 311 бұйрығымен «Ішкі істер органдарының кезекші тергеу топтарының қылмыс және оқиғалар туралы хабарламалар мен арыздар бойынша әрекет етуінің бірыңғай тәртібі туралы» нұсқаулығы.

97. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 2016-2018 жылдар аралығында тергеу, жедел тергеу қызметіне қатысты жасалған талдаулары.